

**ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ  
ӘДЕБИ-КӨРКЕМ  
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖУРНАЛЫ**



1969 жылдан бастап шығады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ –  
Қазақстан Жазушылар одағы**

**"Жалын" журналының  
негізін салушы –  
Мұхтар ШАХАНОВ,  
Қазақстанның Еңбек Ері**

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
ТӨРАҒАСЫ –  
Мереке ҚҰЛКЕНОВ  
БАС РЕДАКТОР–  
Құдияр БІЛӘЛ**

**Редколлегия мүшелері:**

**Бейбіт САРЫБАЙ  
Дәурен ҚҰАТ  
Досай КЕНЖЕТАЙ  
Жанна ИМАНҚҰЛ  
Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК  
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ  
Құлбек ЕРГӨБЕК  
Пәтигүл МАҚСАТОВА  
Сабырбек ОЛЖАБАЙ  
Сәуле АХМЕТОВА  
Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ  
Төлен ӘБДІК  
Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ**

---

**қаңтар  
2026  
№1  
(245)**

**ISSN-1618-0842**

---

*Редакцияға түскен шығармалар  
редакцияланбайды. Қолжазба  
қайтарылмайды. Көшіріп басқан  
жағдайда "Жалынға" сілтеме жасау  
міндетті.*

*Жарияланған дүниелердегі деректердің  
нақтылығына авторлар жауап береді.  
Пікір-толғамдар редакция  
көзқарасымен сәйкес келе бермеуі  
мүмкін.*

*"Жалын" журналы редакциясы*

**Жанна ИМАНҚҰЛ**

*"Жалын" журналының қызметкері,  
"Ақпарат саласының үздігі" иегері*



# ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ БОЛЖАМ



## Қазақ мәдениетінде жылқының ролі

Халқымыз жылды мүшел арқылы санайтын өзіндік үлгі қалыптастырған. Бір мүшелді әрбіріне жан-жануардың аты қойылған он екі жыл құрайды. Тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз ретімен айналып тұрады.

Еніп жатқан жылқы жылы – жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел санағындағы 7-ші жыл. Қазақ үшін қасиетті 7 санында қасиетті жылқы жылы тұруы да кездейсоқ емес шығар. Жылқы – жылдамдық, сергектік, күш және тәуелсіздіктің символы. Батыл қадамдар жасауға, жаңа бастамаларға, жеңіске жетуге ынталандырады. Шығыс, орта азия халықтарының – қазақ, қырғыз, өзбек, ноғай, ұйғыр, түркімен, моңғол, қытай, жапон, т.б. жыл санау күнтізбелерінде

қолданылады. Астрологияда жылқы жылдары ерекше сипатқа ие: жылдам өзгерістер, энергия, тәуелсіздік, ұшқыр қадамдар мен қозғалысқа толы кезең ретінде қарастырылады.

Бір мүшел салып қайта қауышып жатқан жылқы жылын халқымыз: өз тұрмыс-салтында орны бөлек жануар болғандықтан, құт-береке жылы деп бағалап, асыға күткен. Бұған себеп ел тарихында жылқы жылдары қабырға қайыстырар ауыртпалықтар, аса қайғылы оқиғалар болмаған. «Жылқы жылы – жұтсыз» деген бір ауыз тұжырым сөз де тарихтың сан қатпарынан жеткені анық.

Тұлпар баптап, бәйге шауып, көкпар тартып, саят құрған халқымыз жылқыны жеті қазынаның біріне жатқызып, төрт түліктің төресі деп құрметтейді. Ұлан байтақ даланы мекен еткен арғы-бергі бабаларымыздың ты-



ныс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, өнер-білімі, сән салтанаты, бір сөзбен айтқанда бүкіл өмірі жылқымен тығыз байланысқан. Сондықтан да қазақ өзіне «жылқы мінезді халықпыз» деп баға берді.

Жылқы түлігімен жіпсіз байланған халқымыздың танымындағы аталы екі сөздің бірі жылқыға қатысты болып келеді. «Ат ер – қанаты», «Қой іші – береке, Жылқы іші – мереке», «Ат арыса – тулақ, Ер арыса – аруақ», «Ат үсті – әулие», «Тұлпар үйірін табады, Сұңқар тұғырын табады», «Мықты айғыр үйірін бөріге алдырмас, Мықты жігіт ауылын ұрыға алдырмас», «Мың жылқыны бір жылқы үркітеді», «Біткен іске мінші көп, Жүйрік атқа сыншы көп», «Тұлпар қорада тұрса да, Көңілі далада тұрады» т.б. Өнегелі, тәлім-тәрбие беретін даналық сөздер мен мақал-мәтелдерге, айналған бұл түйін-тұжырымдардың барлығы жылқы малының қадірін ұқтырып, қазақ пен жылқының арасындағы ғажайып байланысты түсіндіреді.

«Тарихи Рашиди» еңбегінің әрі «Жаһаннама» дастанының авторы, Жетісу жеріндегі ежелгі Дулат тайпасынан шыққан өз заманы үшін жан-жақты терең білім алған, география, тарих, этнография, әскери іс сияқты салаларды зерделеген Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде: «Біздің асыл дүниеміз бір ғана жылқымыз, ләззат алатын асымыз – ет, сүйетін шәрбатымыз – қымыз, қызық көретініміз – өрістегі жылқымыз» деп жазды.

Жылқының қолға үйрену тарихы да қазақ жерінен шыққаны нақтыланған тарихи дерек. Жылқыны ерттеп мінгеннен бастап, адамзат тарихында үлкен-үлкен прогресстер басталды.

Ботай қонысынан (б.з.д. IV мың жылдықтың аяғы – III мың жылдықтың бас шенінде) энеолит дәуірінде пайда болған ежелгі жылқышылар мекені әлемдік маңызы бар археологиялық

нысан) яғни, бір қоныстан жүз мыңдаған жылқының сүйегінің табылуы – әлемдік археологияда кездеспеген жағдай. Осы сүйектерге жүргізілген археологиялық және палеологиялық зерттеулер жылқылардың қазақтың жабысынан айнамайтын дәлелдеген. Қазіргі қазақ жерін мекен еткен сак, ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақтардың, көне түркілердің, барлық ру-тайпалардың жылқыны ерекше құрметтегенін археологиялық қазба жұмыстарынан да, ауыз әдебиеті үлгілерінен де аңғаруға болады. Сол заманның б.з.б. I мыңжылдықта мекен еткен сақтар: әйел бала-шағаларына дейін ат жалында ойнақтаған, жауынгер ел болды. Сақтардың батысқа жорықтарынан кейін жартылай ат кентаврлар туралы аңыздар туындаған. Жылқы міну мен баптаудың қыр-сырын меңгеріп, оны әскери саламен шебер ұштастыра білген сақтар өзгелерден қуатты елге айналған. Жан серігі жылқыларының жүген, шылбырын алтынмен өрнектеп, құрмет көрсеткен. Адамзат пен жылқы малын біртұтас етіп қабылдаудан «О дүниеде аты иесіне серік болады» деген наныммен иесі қайтса, атын да бірге жерлейтін болған.

Ұлттық болмысымызға, таным-тәрбиемізге сіңіскен, тағдыр-тарихымыз үзілмей бірге келе жатқан текті түліктің орны қазақ халқы барда өзгермесі анық. Оған соңғы кездердегі жылқы малының күрт өсімін тілге тиек етсек болады.

XIV ғасырдан тарихи бастау алатын «Қозы-Көрпеш Баян сұлу» жырында: «Қарабайдың тоқсан мың жылқысы бар...» деп баяндалады. Жылқылы байлар жайлы – өз заманынан дәлме-дәл деректер қалдырған Шоқан Уәлиханов: арғын ішіндегі Қуандық Сапақ байда – 18 мың, Қаржас Азнабайда – 25 мың жылқы болған деп жазған. Жомарт байлар мал басын санамаған, жұт жылдары мыңдаған жылқысы қырылса



да, үйірімен бірге жоғалып жатса да тәубесінен жаңылмаған. Бұрын қазақта жылқысының саны 5 мыңнан асса ғана ортасында бай саналған деген сөздің растығына осылайша көз жете түседі.

Қазіргі уақыттағы еліміздегі жылқы санына назар салып өтсек, 2018 жылы Қазақстанда 2 миллион 500 мыңнан астам жылқы болғаны тілкелген. Содан бергі 7 жылға жуық уақытта бұл көрсеткіш екі есеге жуық өскен. Нақтылай айтсақ, 2025 жылғы статистикаға сәйкес елімізде жылқы малы 4,8 миллион басты құраған, бұл ретте Түркістан, Абай, Қостанай облыстары алда келеді. Ауылшаруашылығы министрлігінің мәліметтерімен расталған бұл өсім, жалпы жылқы шаруашылығының жақсарғанын байқатады. Тарих беттерінде қалған деректерге үңілсек, 1861 жылға дейін қазақ даласында жылқы саны 20 млннан астам болған. Олай болса, қазіргі біздің келтіріп отырған статистикамызға марқаюға ерте.

Жылқы – адамзат тарихында аса маңызды орын алған жануар. Ол адамға қызмет етіп қана қоймай, көшпенді өмір салтын қалыптастыруда шешуші рөл ойнады. Тұрмыс-салтта, ұлттық танымда, колөнерде және соғыс өнерінде жылқының орны ерекше болды. Халқымыз жылқыны тек шаруашылық құралы немесе көлік ғана емес, рухани танымды қалыптастыратын құбылыс ретінде қарастырған. Ал жылқы жануарының естілігі тіпті ерекше, әлі күнге бағыт-бағдарды айырып болмайтын ақ түтек бораннан иесін де, малды да аман-есен алып шығып жатқанын естіп қаламыз. Жылқының иесіне деген адалдығы мен естілігі, бекзат тектілігі мен тазалығы, желмен жарысқан жылдамдығы, бас бермес асаулығы – өзіне қызықтырмай тұрмайды. Осыдан да жылқы десе делебесі қозбайтын қазақ жоқ.

Жырлар мен дастандарда жылқы батырдың досы, серігі, кейде тіл бітіп,

адамша сөйлеп иесін қиындықтан құтқаратын жалғыз жанашыр да осы жануар болады. Алпамыстың Шұбар аты, Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы, Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Қамбардың Қарақасқасы болып, әр эпос кейіпкерінің аты қоса аталады. Үш жүздің басын қосқан хан Абылайдың Бөгенбай батыр сыйлаған, алғашқы жорыққа мінген, әрі сенімді серігі – Нарқызыл, сән-салтанат жағдайында мінетін – Алшанбоз, ұрысқа мінетін – Құлаша аттары ел аузында қалған.

Яғни, жылқы тек жануар ғана емес – рухани мәдениет пен салт-дәстүрдің ажырамас бөлігі. Қазақ жырларында, жыраулық өнерінде жылқы – батырлық пен ерліктің символы, ұлттық намыс пен тәуелсіздіктің белгісі.

Ата-баба дәстүрінде жылқыны құрметтеу, оған ізеттілік көрсетумен қатар, жылқыға қатысты көптеген наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар болған. Мысалы, үйірін аман сақтайтын айғырды құрметтеу, иесі қайтса атын тұлдап қоя беру, жылдығында сол атпен көрісіп, қоштасу т.б. қазақ қоғамында кең тараған. Жылқыны қайтыс болған адамға арнау салты сонау сақтардан қалған сарын деуге болады. Бала дүниеге келсе де бәйге шаптырып, той жасайды, қайтыс болған адамды еске алу асының да маңызы бәйге болған, бәйгемен ерекше қонағын да қарсы алып, қуаныш-қайғысын бірдей жылқы малына жүктеген халықпыз. Осылайша, жылқы – қазақтың дербестігі мен еркін өмір сүру идеясын бейнелейді.

### **Жылқы жылы туралы түсінік**

Жалпы деректерде жылқы жылы туралы жайсыз оқиғалар жоқ, керісінше дәстүрлі түсінікте жылқы жылы табиғаттың теңгерімділігі мен шаруашылыққа игілік әкелетін кезең ретінде қарастырылған. Жылқы жылы малға



жайлы жайылым, шабындықтың мол болуы, ырыс-береке артқаны сөз болады.

Жылқы жарытылысының өзі қандай керемет: «Мінсе – көлік, ішсе – суын, жесе – ет» болған мал патшасының балдай саумал, қымызы мен қазы-қарта, жал-жаясы қандай! Қазақта байлықтың өлшемі жылқы болған ғой. Сол себепті жылқы жылы байлыққа, дәулетке жетелейді деген ырым бар. Бұл халықтың әлемді аңдап, табиғат құбылыстарын сезінуінен туындаған сенім болса керек.

Тарихи кезеңдерде жылқы жылдары әрқашан үлкен белсенділік, көшукону кезеңдерімен есте қалған деп айтылады. Бұл халықтық жорамалдар мен күнделікті тұрмыс тәжірибесінен туған қағидалар.

### **Өткен жылқы жылдарына шолу**

Алысқа бармай XX ғасырдан бергі өткен жылқы жылдарына тоқталсақ – 1906, 1918, 1930, 1942, 1954, 1966, 1978, 1990, 2002, 2014 жылдар аса бір арпалыс, дүрбелең туғызған емес, көбіне белсенділік, жаңа бастамалар мен өзгерістерге толы кезеңдер деп бағаланған. Кейде жылқы жылы әлеуметтік және экономикалық қозғалыстарға да әсер еткен деп есептеледі.

Соңғы жылқы жылдарының кейбіреулеріне қатысты әртүрлі түсініктер бар, бірақ олар көбіне жергілікті халықтың наным-сенімдері мен жорамалдарына негізделген. Белгілі бір нақты тарихи оқиғалармен тікелей байланысты айқын зерттеулер жоқ. Алайда жылқы жылдарында белсенділік пен жылдам өзгерістер байқалған, бұған дейінгі болған жылқы жылдарының барлығы да жақсылығымен келген деген халықтық түсінік бар.

### **Жаңа жылдан не күтеміз?**

Бұл жыл қазақ халқы үшін ерекше мәнге ие, өйткені жылқы жылы жаңа,

батыл қадамдарға, шығармашылыққа және іскерлік белсенділікке жол ашады. 2026 жылы адамдарда тәуелсіздікке, жылдам шешім қабылдауға, мақсатқа батыл жетуге деген ынта артады. Бұл жыл шығармашылық жобалар, жаңа серпілістер, жеке даму және табысқа жету кезеңі, бұл жыл қаржы, мансап, және жеке мақсаттарда батыл шешімдер қабылдауға шақырады дейді астрологтар. Кейбір астрологтар жыл басында инвестицияларға, жоспарларға, саяхаттарға көңіл бөлуді ұсынады.

Әлемдік тұрғыдан жылқы жылы – қауіпсіздік пен прогреске жол ашатын кезең ретінде қарастырылады. 2026 жыл қарым қатынастар мен қаржылық істерде жылдамдық пен ұтқырлыққа шақырады, ол өз ретінде мүмкіндіктерді уақытында ұстап қалу дегенді білдіреді.

Қазақстан тұрғысынан 2026 жыл ұлттық даму, экономикалық серпіліс, жастардың белсенділігі мен инновацияларға басымдық беру кезеңі болуы мүмкін. Бұл белсенді жыл елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, білім мен ғылымды дамыту, кәсіпкерлікті көтеру сияқты салаларда табысты жыл болуға мүмкіндік береді.

Қазақ мәдениетінде жылқы жылдары шығармашылыққа, батыл қадамдарға және мүмкіндіктерді дұрыс ұстауға шақырады. Осы игі энергияны тиімді пайдалану Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуі мүмкін.

Қазіргі мемлекеттік шекарамыздың, Алтай мен Атырауға дейін созылған байтақ даламыздың әр аттам жері жылқы тұяғымен алынған, өлшенген, қорғалған десек артық айтқандық емес.

Келіп жеткен 2026 жылқы жылы қысылтаяң қиындықсыз, дүрбелеңсіз, ел-жұртымызды аман-есен, бай-қуатты, шат-шадыман күйде желдіртіп, желіп алып өте шығады деп сенеміз.



**Нұрғали МАХАН,**

*1960 жылы Түркістан облысы Отырар ауданы Темір бекетінде туған. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті араб тілі бөлімінің түлегі. Жоғары санатты «Шебер-педагог». «Орта мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі қолданысының қысқаша курсы «Қосымша оқулығы» мен «Абайтанудың алғашқы дәрістері» ғылыми еңбектерінің авторы.*

## ТАРИХҚА ҚИЯНАТ ЖАСАМАЙЫҚ: «СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ» ХАҚЫНДА

Қазір менің алдымда, Алаш халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Өтеш Қырғызбаевтың 2021 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Созақ қасіреті» атты кітабы жатыр.

Осы кітапқа белгілі тарихшы Талас Омарбековтің «29-30 жылдардағы халық көтерілістері» кітабынан ықшамдап алынған «Созақ көтерілісі» атты мақаласы басылыпты. Мақала авторы профессор Талас Омарбеков: «Сонымен қатар, мынаны да айта кету парыз. Созақ көтерілісінің басшылары да, ұйытқысы да осы өңірдегі Тама руынан шыққан азаматтар екендігін жоғарыда ескерттік. Алайда, мынаны да ұмытуға болмас: біз жариялап отырған тізім және қосымша мұрағат деректері Созақ көтерілісінде Тама-

лардан басқа рулар, тіптен басқа ұлт өкілдері де қолданғанын байқатады (Ө.Қырғызбаев. Созақ қасіреті. 21-бет. Алматы-2021. Меніңше, стилистикалық қате. Сөйлем түсініксіз. Сөйлемдегі «Тамаларды» «Тамалардан», «қолданғанын» деген сөзді «қатысқанын» деп оқу керек шығар. Сонда, «Созақ көтерілісіне» Тамалардан басқа рулар, тіптен басқа ұлт өкілдері де қатысқанын байқатады, – деген сөйлем шығады. Н.Махан) дей келіп: «Социалистік құрылыс» деген жаттанды таптаурын ұранды жамылудан, оның үстіне малдан да, материалдық игіліктерден де жұрдай ете бастаған имансыз да құдайсыз, сталиндік-голощекиндік тәртіптен о бастан-ақ Созақ көтерілісшілері іргелерін аулақ салды. Жаппай ұжымдастырудан туын-



даған, шолақ белсенділер май құйып, маздата түскен әртүрлі асыра сілтеушіліктер: байларға орташаларды қосып кәмпескелеу, бас көтерген жеке алымдар алуға құнығу, ет, мақта және жүн даярлау деген наукандардың арандарының ашыла түсуі, колхозға зорлап, қамшымен ат астына алып, сабап кіргізу, колхоздан қашқан кедейді – кулак, орта шаруаны – бай қатарына жатқызу, ұлттық және діни дәстүрлерді кемсітіп қорлау, аяқ асты ету – міне, осылардың бәрі жергілікті халықтың зығырданын қайнатып, өзара шоғырлана түсуге, Созақ көтерілісіне іштартып, көтерісшілердің төңірегіне топтасуға өзінен-өзі итермеледі», – дейді. (Ө. Қырғызбаев. «Созақ қасіреті» 21-бет, 13-14 беттер. Алматы: 2021.)

Зерттеу еңбектің авторы Созақ көтерілісінің негізгі «объективті» шарттарының біразын атап өткен. «Біразын атап өткен» деп жазып отырған себебіміз, Созақ көтерілісінің себептерін зерттеген автор өз мақаласында «Қызыл отау» мен Арқадан келген Тамалар мен Тарақтылар туралы айтпай кетіпті.

«Қызыл отау» – 1918 жылы Лениннің «Жаппай сауатсыздықты жою туралы» қаулысына сәйкес, Кеңес өкіметі атқарған келелі іс-шараларының бірі болғаны анық. Тарихтың сол кезеңінде жалпы халықтың тоқсан пайызына жуығы сауатсыз болатын. Сауатсыз халықпен мықты, іргелі мемлекет құра алмасымыз белгілі еді. Сондықтан да, Қазақстандағы Кеңес өкіметі әлі отырықшылыққа көше қоймаған қазақ халқының тұрмыс-жағдайына бейімдеп, ауыл ортасынан сауат ашатын кигіз үй тігіп, ол үйді «Қызыл отау» деп атады. Ауылға сауат ашу үшін мұғалім жіберді. Әлгі мұғалім 18-60 жас арасындағы ересектерді жинап, оларға әріп үйретіп, халықты оқу-

жазуға үйретіп, сауаттандыра бастады. Мақсат – халықтың жаппай сауатын ашып, оларды өздігінен жазып, оқи алатын дәрежеге жеткізу болатын. Бұл – халықтың болашағына тигізер ықпал-әсері мол тамаша бастама еді. Бірақ, өздері сауатсыз һәм білімсіз Кеңестік шолақ белсенділер «сауат ашамыз» деген сылтаумен «Қызыл отауды» оңаша жерге тіктіріп, бағлан қозы сойдырып, ел ішіндегі ірткі сұлу қыз-келіншектерді «Қызыл отауға» жинап, ойына келгендерін жасап, зорлық-зомбылық пен бассыздыққа жол берді. Бұл – әйел затын құрметтеп, қыз балаға төрден орын беретін қазақ халқының ар-намысына тиетін үлкен қиянат, озбыр іс болатын.

Тама еліндегі «Қара Ноғай» есімді млисаның «Қызыл отауға» жасаған қиянат істері күллі халықтың ашу-ызасын тудырды. Ең соңында, ақ Бәйсейіт секілді халық намысының қорғаны болған Таманың жігіттері Қара Ноғайды өлтіріп, мойнына тас байлап, Шу өзеніне батырып жібереді.

Ежелден Арқаны мекендеген Тамалар 7 болыс, Тарақтылар 2 болыс ел болды деген сөз бар. 7 болыс Тама, 2 болыс Тарақты жер жапсарының ыңғайына қарай, жазда Арқаның Жетіқоңырынан ары барып, қыс қыстауы Көкшенің құмы мен Мойынқұм болып, қыста Әулиеата, Шымкент уезде-ріне, жазда Ақмола уезіне қарап, «шалқайғаным – Шыңғыс, еңкейгенім – Ертіс» дегендей, сол тұстағы қазақтың өзге ру-тайпаларына қарағанда, «ұзынарқан, кең-тұсау» еркін тұрмыстағы көшпелі ел болған.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында «Столыпин рефомасы» арқылы қазақ жерін түпкілікті отарлап ала бастаған орыс отаршылдары, Сарыарқаның шөлейтті ай-



мағы мен Бетпақдала шөлін мекендегендіктен болар, олар Тама мен Тарақты жерлеріне ауыз сала қоймады. Орыс отаршылдары тарапынан анау айтқандай қан-шеңгелді қысым көрмегендіктен де жеті болыс Тама мен екі болыс Тарақты, кең даланы еркін мекендеген бұла ел болатын.

1928 жылы ірі байларды кәмпесекелеп, Арқа жерінде ашаршылыққа ұшырай бастаған Тамалар, 1928 жылдың екінші жартысынан бастап, қазіргі Созақ, Сарысу аудандарының территориясына жаппай шұбырыншылықпен қоныс аударып, алды Өзбекстанға өтіп кетеді. Бұл – Тамалардың Өзбекстанға қарай жаппай қоныс аударуының бірінші кезеңі болатын. Тамалардың арқадан Бетпақдала арқылы қазіргі Созақ, Сарысу аудандарының территориясына жаппай қоныс аударуы өте қиын жағдайда жүзеге асады. Көз көрген қариялардың куәлік беруі бойынша Арқадан шыққан он адамның – алты, жетеуі шөлден, аштықтан тағы сол секілді түрлі себептерге байланысты жолда өлген. Он адамның жетеуі жолда өліп, жақындарынан айрылып, жол-жөнекей көп қиыншылық көрген Тама мен Тарақты елін бұл жақта да ешкім құшақ жая қарсы алмаған.

Нүрсейіт көкемнің әйелі Жұпар апам айтатын: «Жеті-сегіздегі кезім. Арқадан көшіп келе жатып, Созаққа жақындап қалғанымызда алдымыздан белсенділер шығып, біздің кім екенімізді, қайдан келе жатқанымызды тергей бастады. Бір кезде шағын көшті аралап келе жатқан белсенділердің бірінің көзі менің құлағымдағы сырғама түсіп, ат үстінен көтеріліп, түйеге артылған жүктің ортасында отырған менің құлағымдағы алтын сырғаны жұлып алғанда, құлағымнан қан судай болып ақты. Шешем: жы-

лама, әкең естімесін. Ол шу шығарса, мыналар әкеңді атып тастайды – деді. Қан аққан құлағымды орамалмен басқан анам, мені бауырына басып, үнсіз егіліп жылай берді. Мен анама ілесіп, әкеме білдірмей, жүріп келе жатқан түйе үстінде қаны сорғалаған құлағымды орамалмен басып, ұзақ жылдым», – дейтін. Сол кезден қалған белгі деп, бізге Жұпар апам жыртылған құлағының ізін талай рет көрсеткен. Жеті-сегіз жасар сәбидің құлағынан қанын сорғалатып тұрып, сырғасын жұлып алған қаныпезер белсенділер кімді аясын?!

Бұл бір ғана мысал. Мұндай мысалдардың жүзін, тіптен мыңын келтіруге болады. Халық көрген осындай зорлық-зомбылықтың үстіне оларға аямай салынған түрлі салықтарды қосыңыз. Көтеріліс басталатын 1930 жылдың январь, февраль айларында жүн салығы салынған. Жүн жоқ дегендерге қыстың күні қойын қырықтырып, жүнін алған. Қыстың күні жүні қыркылған байғұс қой, көп ұзамай қыстың көзі қырауда әппақ болып серейіп өлген. Салықтың бұл түрі халық арасында «ақ қой» салығы деп аталған.

Көшпелі тұрмыста мал шаруашылығымен күн көрген Тама елі – егінші ел емес. Олар жер өңдеу жағдайын білмеген. Ал, Қаратау баурайын мекендеген Қоңырат елі – ежелден жер емшегін еміп өскен дихан ел. Олар да Кеңес өкіметі мен оның шолақ белсенділерінің түрлі қысымға толы озбырлықтарын көрді. Адам тұрмысқа бейімделеді. Өкімет алып қояды деп, еккен бидайы мен тарысын тыққан олар малын ерте күзде сойып, Қаратаудың қиын шатқалдарындағы салқын үңгірлерге сойылған малдарының етін жайып, кептіріп, тығып тастаған





жергілікті халық, Кеңес қысымшылығына қарсы өздерінше осындай әрекет жасап дайындалған.

Ал, Арқадан келген Тамалар мен Тарақтыларда бұл дайындықтың бірде-бірі жоқ еді. Олар ашаршылыққа ұшырай бастаған. Біз қазір «көтеріліске шықты» деп оп-оңай айта саламыз. Негізінде, басты өлімге тігіп, көтеріліске шығу қай заманда да оңай шаруа болмаған. Кеңес өкіметі тарапынан сүйекке таңба болатындай түрлі қорлық көріп, өздері ашаршылыққа ұшырай бастаған, Арқадан келген Тамалар мен Тарақтыларда көтеріліске шығудан басқа амал қалмаған-ды. Бұл – Тамалар мен Тарақтылардың көтеріліске шығуының ең негізгі басты себебі болатын.

Ал, көтерілістің қосалқы себептерінің ең бастылары мыналар:

Біріншіден, Арқаны мекендеген Тамалар мен Тарақтыларға ар жағы Қароткелдің, бер жағы Шымкент мен Әулиеата уездері билік орындарының қолы еркін жетпегендіктен, олар ежелден өздерінің ру ішілік ішкі заңдарына ғана бағынып, «заң», «өкімет» деген күштеуші, отаршылдық ұғымдағы сөздерді жете түсініп, қабылдай қоймаған кең даланың еркін елі болатын. Оның үстіне, Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Жанғожа, Арынғазы, Қаратай, Кенесары көтерілістерінің бел ортасында болып, Арқадағы қалың Найман мен Арғынның ортасында жер-су, өріс-жайылым үшін күнде қақтығысып үйреніп қалған Арқа Тамалары – соғыс-қақтығыстан беті қайтып көрмеген тентектеу ел болғанына мысалдар өте көп.

Шын мәніне келгенде, Кеңес өкіметінен көрген зәбір-жапа мен қорлықты, Тама елі Николай патша заманында да ешкімнен көрмеген еді.

Шолаққорғанда тұрған кезімізде Избала, Әуелбек, Сақ көкелеріміздің, кейіннен Жуантөбеге көшіп келген соң, Шу бойының ескі құлақ шежіреші шалдары, «Аллахуға» қатысқан Мақаш қария, Сарбас, Қошқарбай көкелеріміздің көзін көрдік, әңгімелерін естідік. Бұл кісілер 1970 жылдардың соңына қарай қайтыс болды. Солардың аяғын алып жүрген Қуанышбай, Қуандық, Молдағали, Сатай, Ақшал, Шеке ақсақалдардың әңгімелерін тыңдап өстік. Бұл кісілердің біразы менің әкемнен үлкен, біразы қатар, әкемнің замандастары еді. Бұл кісілердің ұрпақтары күні бүгінге дейін Шу бойы, Тасты, Жуантөбе, Степнойда мекен етеді. Ең қызығы, Таманың шалдарының басы қосылса болды, әңгімелері міндетті түрде «Аллахуға» бір соғатын. Олар «Созақ көтерілісін» – «Аллаху» деп атайтын. Тіптен, беріге дейін шетте жүрген Таманың кейбір жігіттерінің лақап есімі «Аллаху» болды. Өзіміз де кекесін мағынасында, «бұлар аллаху ғой» деген сөзді талай естідік. Бір сөзбен айтқанда біз «Созақ көтерілісіне қатысып, «Аллахуды» көрген кісілердің әңгімесін кішкентайымыздан естіп өстік.

Көтерілісті көрген кісілердің айтуы бойынша, «Аллахуды» бастаған Арқадан келген екі болыс Тамалар. Іштерінде Тарақтылар және аз үйлі Алшындар болған. Дүниесінен, бар малынан айрылған Тамалар, орта жүз Қаратау баурайындағы басқа рулардың да ақсақалдарын шақырып, өкіметке қарсы көтеріліс жасауға уағдаласады. Жиында Түркістан, Ташкент, күллі Қазақстан бір күнде көтеріледі, жақында Кеңес өкіметін құлатамыз, – деген әңгіме айтылады. Сол жерде «Хан кеңесі» құрылады да, орталарынан Сұлтанбекті хан сайлайды. Сұлтанбек-



тің көзін көрген шалдардың куәлік сөзі бойынша, Сұлтанбек Шалақов көпті көрген, өз заманының сауатты кісісі болғанға ұқсайды.

Хан сайладық қарадан

Аз ғана үй Тамадан, – деген сөздің шығатын уақыты осы кез болса керек.

Көтеріліс басшысы Сұлтанбек ханның оң қолы болып, Тарақты Шілмәмбет бидің үлкен баласы Сағындық сайланады. Ту көтеруші болып, Бұзау Тама, соның алдында ғана кәмпескеленіп, Түркістанда атылған, Әліпбайдың баласы Иманбек сайланады. Кейін көтеріліс басылған соң, Арқада қашып жүрген жерінен ұсталған Иманбек Созақтың шетіндегі «Тастақта» атылады да, онымен бірге қолға түскен Салықбай мерген он жылға сотталып, «Беломор-каналға» жер аударылады.

«Хан кеңесінің» алғашқы шешімі бойынша, көтеріліске Созақауданының барлық ауылдары түгел қатысуға тиіс екен. Кейіннен көпшілігі өкіметтен сескеніп, көтеріліске қатысудан бас тартқан секілді. Ішер ас, киер киім жоқ, бар малдан айрылып, түрлі салықтардан сансыраған Арқадан келген Тама жұрты мен Тарақтылар ғана өздері ұйымдастырған көтерілістің басынан аяғына дейін қатысуға мәжбүр болған.

Тарихқа – тарихтың көзімен қарау керек. Қай заманда да, басты өлімге тігіп, көтеріліске шығу оңай шаруа болмаған.

Шалдар айтатын: үлкен үй-жайы, қор-қопсысы бар, жүн жинайтын Алшынның Ахмет деген дәулетті кісісі көтерілісшілерге үй-жай, қора-қопсы, әйел, бала-шағасын тастап, өзі жүнтері жинаймын деген сылтаумен түйге мініп, Түркістанға қашып кеткен.

Тамалардың өздерінің ішінде де, көтерілісті қолдамаған адамдар көп

болған. Нұрсейіт көкемнің әйелі Жұпар апам Өтеміс Таманың белгілі адамы Кәтіш деген кісінің қызы болатын. Сол Жұпар апам айтатын: «9-10-дардағы кезім, бесін ауып бара жатқан шак. Үйдің қасында ойнап жүргем. Ауыл сыртына 30-40 шамалы аттылар келіп үймелеп тұрды да, ішінен бір кісі бөлініп, біздің үйді бетке алып, атын жәй бастырып келе жатты. Әкемнің қолында дәрет алып жүретін құманы бар, ол да қора айналып үйге қарай беттеп келе жатыр. Мен көріп тұрмын, үйге жақындап қалған екеуі сәлемдескен жоқ, бір-біріне үнсіз қарап тұрды. Сәлден соң аттылы кісі:

– Кәтіш, шаруа болды? – деп сұрады. Әкем:

– Ей, Сұлтанбек! Мына тұрған қырқың жабылып, – қолындағы дәрет алатын қара құманын көтеріп, – мынандай қара құман соғатын өнерлерің жоқ. 300 жыл ел билеген Неколайды жеңген Сәбетті жеңем деп тұрсың ба? Елді босқа қырасың ғой, – деді. Аттылы кісі зілді, ызбарлы дауыспен:

– Ей, Кәтіш! Албасты да жарғабаққа қарай баспайтын. Көрмеймісің, Айдарлыңды құл ғылды, тұлымдыңды тұл ғылды, қызыңды – қатын, қатыныңды – отын етті. Тірі қаламын демеймін. Қой екеш қой да, бауыздалар алдында тұяқ серпетін. Қош, ақыретте кездесерміз, – деп жалт бұрылды. Елтірі тымақты, шапанының белін буған, сақал-мұрты бар, орта бойлы, қып-қызыл өткір көзі алақандай, қызыл шырайлы кісі екен. Қасымнан өтіп бара жатқан әкем күбірлеп:

– Өй, бәтшағар. Не деп кетті мына Сұлтанбек – деп, соңынан күн салып ұзақ қарады. Мен де қарадым. Батысқа, Созаққа қарай шауып бара жатқан аттылар, батар күннің шуағына араласып, қып-қызыл күн шапағының арасын-





да көзден ғайып болды. Сөз түсінетін жасқа келіп қалғанбыз ғой. Сұлтанбек пен әкем екеуінің арасындағы сөдің бәрін түсініп тұрмын. Маған олар қып-қызыл қанға батып кеткендей болып көрінді. Сәл үнсіздіктен соң Жұпар апам: Сұлтанбек әкеме өз ауылынан жігіт дайындап қой, – деп, сәлем айтқан екен дейтін. Артынша, көтерілісшілер жеңіліп, жазаланыпты. Сұлтанбектің басын біреулер Созақтың көшесінде теуіп жүріпті деп естідік. Кейбіреулерден, жоқ, ол Сұлтанбектің басы емес, басқа біреудің басы екен деген әңгімені тағы да естідік, – деп Жұпар апам әңгімесін аяқтайтын.

Жұпар апамның әңгімесіне қарағанда, «Созақ көтерілісі – Аллахуға» күн-көріс, тұрмыс-жағдайына қарай Тамалардың өздерінің де пікірі әр түрлі болған. Көтеріліс жайлы осы ойымызды Шәки Асылбекова апамыздың мына естелігі де дәйектей түсетін секілді. Шәки апа: «Ел көтеріліп, дүрлігіп тұрған шақта Салықбай мерген, Өтеміс, Ыбырай бастаған бір топ аттылы кісі біздің үйге келіп, әжемнен бата сұрады. «Созаққа кетіп барамыз, жолымызды құдай оңғарар ма екен, батаңызды беріңіз», – деді әлгілер. Сонда әжем: «Мен сендердің келетіндеріңді он күн бұрын білгенмін. Бұл істеріңнің соңы жақсы емес. Халықты босқа қырғынға ұшыратасыздар», – деді әжем. Сол кезде Ыбырай: «Бұл сапардан қайтып келмесімді өзім де білемін», – деді кейіп. Олар біздің үйден суыт аттанып кетті», – дейді өз естелігінде. (Ханкелді Әбжанов, ҚР ҰҒА академигі «Созақ көтерілісі: Ұлттық және Әлемдік тарихпен үйлесімі мен үндестігі». Мақала. Ө. Қырғызбаев. «Созақ қасіреті» 31-бет. Алматы: 2021 жыл) Барлығын ұйымдастырып, көтерілісті бастаймыз

деген Тамалардың өздерінің пікірі әр қилы болғанда, Арқадан келген Тамаларға қарағанда, жағдайы дұрыс, тыққан астықтары бар, Қаратаудың қиын шатқалдарында тығып тастаған бірлі-жарым малдары бар, ежелден диханшылықпен айналысатын жергілікті рулардың көтерілістен сырт беруі – тосын емес, қалыпты жағдай. Бұл – бір. Екіншіден, сол кезеңде рулық қарым-қатынаста өмір сүретін қазақ халқы, әр ауыл ру-ру болып бөлек отырған. «У ішсең руыңмен», – дегендей, руыңнан бөлініп, жеке барып көтеріліске қатыса алмайсың. Ауылды ақсақал басқарған. Әлгі ақсақалдың шешімінсіз аяғыңды қия басу мүмкін емес. Әр ауылдың ру-руға бөлініп, жеке-жеке отыруына дәлел – дәл бүгінгі күнге дейін өзіміздің Созақ ауданының өзінде Балдысу, Қарабұлақта – Қоңыр-Жиенбеттер, Абайда – Тамалар, Сызғанда – Саңғылдар, Шағада – Маңғытайлар болып бөлек-бөлек отырған жоқ па? Бүгінгі күннің өзінде Орталық Қазақстан мен Шығыс Қазақстанда орта жүз, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның біраз жерінде ұлы жүз, Қызылордадан батысқа қарай түгелдей кіші жүз мекендейді. Тарихи ақиқат сол: қазақ халқы белгілі аймақтарды ғана мекен еткен ежелгі түркілік ру-тайпалардан құралған халық. Ру-тайпалар тарихын білмей, қазақ халқының шынайы ұлттық тарихын түсіну мүмкін емес. Тарихта «Албандар көтерілісі», «Адайлар көтерілісі», «Асандар көтерілісі» деген көтерілістердің болғаны – тарихи шындық. Себебін тағыда қайталаймыз: Қазақ халқы XX ғасырдың бірінші жартысына дейін, тіптен бүгінгі күнде де аймақтық-әкімшілік бөлініс жөнінен ру-руға бөлініп отырған халық. Тарихи жағдайға байланысты, себеп бір болғандықтан, бір жерде шоғыр-



ланып отырған тұтас ру бір-ақ көтерілгендіктен де, әлгі көтеріліс – көтеріліске шыққан сол рудың атымен аталған. Қазақ тарихында «Албандар көтерілісі», «Адайлар көтерілісі», «Асандар көтерілісі» болған да, неге «Тамалар көтерілісі» болмайды? Біз қазір ресми түрде «1930 жылғы Созақ көтерілісі» деп атап жүрген көтеріліс – тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін халық арасында, тіптен кейбір ресми құжаттарда да, зерттеу мақалалар мен ауыз-екі тілде де «Созақтағы Тамалар көтерілісі» деп аталып келген. Біз қазір қалай атасақ та, 1930 жылғы Созақ көтерілісі ұлт жадында «Созақтағы Тамалар көтерілісі» деп жазылып қалған. Ұлттық жадымызда сақталып қалған тарихи оқиғаға басқа рең бергеннен ұлт тарихы не ұтады? Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асса да, Кеңес өкіметі бойымызға сіңірген үрейден әлі күнге арыла алмай, «рушыл» атанудан қорқып, өз тарихымызға күні бүгінге дейін үрке қарап келеміз.

«Созақ көтерілісі – Аллахуға» 93 жыл болды. Бұдан 93 жыл бұрын қазақ халқында рулық қатынас тіптен күшті болған. Сондықтан да, Тамалар бастаған «Созақ көтерілісі – Аллахуға» Тамалардан өзге ру-тайпалар да қатысты деген пікірдің тарихи шындығы да, ғылыми негізі де өте төмен. Себебі, өзге рулар Арқадан келген екі болыс ел – Тама, біразы Тарақты, бірлі-жарым Алшындар секілді барынан айрылып, ашаршылыққа ұрынардай болған жоқ. Халық ашаршылыққа жаппай 1932 жылы ұрынды. Көтеріліс болатын 1930 жылы, Қаратау баурайында орналасқан рулардың тұрмыс жағдайы Арқадан келген Тамалардан әлдеқайда жоғары болатын.

Жуантөбедегі Әжентайұлы Жолдыбек досымның туған нағашы әжесі

Жадыра апа (немерелері ол кісіні «Қызылкөз әже» дейтін) айтатын: «Созаққа қызыл әскер басып кірердің алдында, Көктөбе жақтан Созақтың ортасына қарай әлсін-әлсін зеңбірек атылды. У-шу, қым-қиғаш айқай. Бір кезде сақылдаған пулеметтің даусы естіліп, оқ борап кетті. Біз үйдің бұрыш-бұрышына тығылдық. Төребек деген үлкен бір кісі: «Қолдарыңа ұзын шыбық алып, ұшына қызыл мата байлаңдар да, қызыл әскер көрсендер «Ленин баба, Ленин баба» деп отыра кетіңдер, – депті. Бір кезде қызыл әскерлер үйге кіріп келіп, бәрімізді далаға шығарды. Біз «Ленин баба, Ленин баба» деп қолымыздағы шыбыққа байланған қызыл шүберекті жоғары көтеріп, зарлап отырмыз. Бізді көшеге алып шыққанда көрдік, біраз адамдарды үйлерінен алып шығып, көшеге тізіп қойыпты. Оларға да, бізге үйреткенді үйретіп қойған ба, қолдарыңда қызыл шүберек, бәрі пақсаның түбінде «Ленин баба, Ленин баба» деп тізерлеп зарлап отыр. Әскерше киінген екі орыс, жиналып пақсаның түбінде «Ленин баба, Ленин баба» деп тізерлеп, шулап отырған адамдарды, әйел, балашаға демей шетінен атып, қырып келе жатыр. Өлген жерім осы болар деп ойлады. Біраз адамды шетінен атып қырып тастады. Маған да жақындап қалды. Жаным мұрнымың ұшына келгендей болды. Бір кезде бастықтары-ау деймін, біреу келіп ана екеуіне сағатын көрсетіп, тоқтат дегендей белгі берді. Ана екеуі адамдарды шетінен атуын тоқтатып, жиналған адамдар ішінен тек қана 3-4 ер адамды ғана атып тастады. Көшеге дар ағашын орнатып, ертеңіне қолға түскен ер адамдарды сол дар ағашына аса бастады. Тергеп, тексеріп жатқан ешкім жоқ. Бір кезде біреулер, қарақұсы ойылып кеткен бір





басты «Сұлтанбектің басы» деп көше-көшені аралап теуіп жүрді. Біздің үйдің айналасының өзінде пәленбай адамның өлігі жатты. Содан екі-үш күн өтіп, жаппай жазалау басылған соң, Созақ пен Көктөбенің ортасына үлкен етіп апан қаздырып, өлген адамдардың мәйіттерін есек арба, түйе арбаға артып әлгі апанға апарып көміп тастады», – деп айтатын. Бұл да «Созақ көтерілісі» хақында айтылмай жүрген бір шындық.

Көтеріліс басылған соң, халықты «жуасыту» мақсатында Жадыра апа айтқан оқиғаларға ұқсас оқиғаларды талай адамның аузынан естідік. Көтеріліс жасаған Созақ халқын тәубасына түсіріп, еңсесін басу мақсатында, көтеріліске қатысы жоқ талай адамның тергеусіз атылып, дарға асылғаны – тарихи шындық. Созақ көтерілісінің көз көргендерінің әңгімелерінен біз бұл тарихи шындықты бала күнімізден естіп өстік.

Атылған адамдардың мәйітін көміп тастағаннан соңғана жаппай тұтқындау мен тергеу басталған. Міне, осы жаппай тұтқындау кезінде, ұрып-соғып, неше-түрлі қинау арқылы «Созақ көтерілісіне» қатысы жоқ адамдардың өздерін де «көтеріліске қатыстымын» дегізіп, мойындатып жіберген.

Біз қазір «Созақ көтерілісіне» басқа рулармен бірге өзге ұлт өкілдері де қатысқан. Архивтік деректе солай жазылған деп, «архивтік дерек, архивтік дерек» деп күшенеміз.

Архивтік дерек бойынша Кенесары хан – «бандит, қарақшы», Махамбет – ел тыныштығын бұзған «бүлікшіл». 1937 жылғы Сталиндік репрессия құрбандары – «халық жаулары». Бірақ, бұлар кейіннен мемлекет тарапынан ақталды. Ал, «Созақ көтерілісшілері» әлі күнге мемлекет тарапынан ресми

түрде ақталған жоқ. Мұны – бір деп қойыңыз.

Екінші айтпағымыз: 1937 жылғы Сталиндік репрессия құрбандары 1956 жылы КОКП XX сиезінде ресми тұрғыда ақталғаны тарихтан белгілі.

Егер олар мемлекет тарапынан ресми түрде ақталмағанда, Алаш арыстары мен Сәкен, Бейімбет, Ілияс секілді ұлт зиялыларының күні бүгін архивте сақталып тұрған «түпнұсқа», 1937 жылғы тергеу құжаттарымен танысқан адам, ұлт көсемдері Әлихан, Ахметтерден бастап, Сәкен, Бейімбет, Ілиястар түгелімен ағылшын, жапон «тыңшы-шпиондары» болған «халық жаулары» екен ғой, – деген шешімге келері – анық. Себебі, 1937 жылы болған Сталиндік репрессия құрбандары жүз пайыз барлығы дерлік тергеу кезінде НКВД тарапынан болған түрлі хайуандық әрекеттер мен азаптауларға шыдай алмай, мәжбүрлі түрде: «Ағылшын, жапон барлау ұйымдарына қызмет етіп, Кеңес өкіметін құлатуды мақсат еткен «халық жауымын», – деп қол қойып берген. Бұл – тарихи шындық!

Міне, тура сол секілді, «Созақ көтерілісінің шынайы тарихын білмейтін адам, «Созақ көтерілісіне» байланысты қолға түсіп, көшеде ұсталғандардың мемлекеттік мұрағаттағы НКВД тергеушілері мәжбүрлеп жаздырған құжаттарын көріп: «...Е-е-е-е, «Созақ көтерілісіне» түрлі рулар мен ұлт өкілдері қатысыпты ғой», – дері – анық. Себебі, «Созақ көтерілісінің» тарихы – тәуелсіз мамандар тарапынан күні бүгінге дейін зерттелінген жоқ. Ал, «Созақ көтерілісін» зерттегендер: «...мұрағат құжаттарында солай жазылған», – деуден әрі аса алмай жүр.

Сол мұрағат зерттеушілері Созақ көтерілісінен кейін сталиндік билік тарапынан Тама руына жасалынған жап-



пай репрессиядан Созақ Тамаларының 80-90 пайызынан астамы алды Ауғанстан соңы Қырғыстан, Тәжік, Өзбекстан ауып кеткенін біле ма екен?

Сұрастырып, зерттеп көріңізші, бүгінгі таңда Созақ ауданын мекендеп отырған Тамалардың аталары «Созақ көтерілісінің» дақырты әбден басылғаннан кейін барып, 1950-60 жылдары ғана елге орала бастаған. Шындап келгенде, Созақ көтерілісі үшін болған қуғын-сүргін – Кеңес өкіметі тарапынан Тамаларға жасалған геноцид болатын. Тамалар көрген жаппай қуғын-сүргінді басқаша қалай бағалауға болады?

«Созақ көтерілісіне» тек Тамалар ғана емес, Созақ өңіріндегі өзге рулар да қатысса, онда неге олар Кеңес өкіметі тарапынан Тамалар секілді жаппай қуғын-сүргінге ұшырамаған?», – деген сұрақ көкейден кетер емес.

1960-70 жылдарға дейін Созақ өңірінде «Тама» деген сөз, «Кеңес өкіметінің жауы», деген сөздің балама ұғымы ретінде қабылданып келгендіктен, Тамадан шыққан бірде-бір адам Кеңеспартия ұйымдарының басшылық орындарына тағайындалмаған. Тамалар 70 жылдардың екінші жартысынан бастап өте сирек, арагідік шаруашылық басшылығына ғана сайлана бастады. Шындығына келгенде, бұл жағдай – «Созақ көтерілісі» үшін Кеңес өкіметі тарапынан Тамаларға жасалған жаппай қуғын-сүргіннің жалғасы болатын. Дәл осы тарихи шындықты Созақтың «есті құлақ, көне көз» қариялары түгел біледі. Күні бүгінге дейін Созақ өңірінің Тамалары ел арасында кекесін мен әзіл-шыны аралас «Аллаху» деп аталады.

Осы орайда: «Егер, «Созақ көтерілісіне» өзге рулар да қатысса, неге олар да халық арасында «Аллаху»

деп аталып, Кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырамаған?», – деп, Созақ көтерілісін тек мұрағаттық құжаттар арқылы ғана зерттеп жүрген зерттеушілерден тағы да қайталап сұрағымыз келіп отыр.

Ойымызды қорытындылай келе, түйінсөз ретінде айтпағымыз: «...архивтік дерек, архивтік дерек», – деп шулай бермей, «тарихымыздың тірі мұрағаты болған» – Созақ көтерілісіне қатысқан адамдардың көзін көріп, олардың әңгімесін тыңдағандар аразымызда тірі жүргенде, «Созақ көтерілісі – Аллаху» тарихын тәуелсіз тарихшы-зерттеушілер тарапынан басқа деңгейде сараптай отырып, 1930 жылы болған Созақ көтерілісін тарихымыздағы «Албандар көтерілісі», «Адайлар көтерілісі», «Асандар көтерілісі» деген секілді «Созақтағы Тамалар көтерілісі» деп жазуымыз керек. Бұл – рушылдық емес, шынайы тарихымызға деген құрмет!

Тарих – ұлт келешегіне жол сілтер бағдаршам. Сондықтан да, ұлт ретінде өсіп өркендейміз десек, шынайы тарихымызды келер ұрпақ біліп өсуі шарт. Архивтік-мұрағаттық дерек – халық есінде сақталып қалған ұлттық жадыдан мықты емес. Сондықтан да ұлттық жадымызда сақталып қалған халқымыздың басынан өткізген түрлі тарихи оқиғаларды ғылыми негізде сараптап, зерттей отырып, тарих бетіне жазып қалдырғанымыз абзал. Ұлт болашағын ойлаған ел – ата тарихқа қиянат жасамаса керек. Тарих қателікті кешірмейді.





**Дәулетбек ҚАНБАҚБАЕВ,**

ақын, жазушы, фольклорист, зерттеуші. 1942 жылы 10 желтоқсанда ҚХР ШҰАР Нылқы ауданында туған. Осы салада табан аудармай 45 жыл табысты қызмет істеп, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне зор үлес қосқан. 1988 жылы «Біржан – Сара» айтысы бойынша көлемді опера жазған. 1988-2014 жылдар аралығында «Мәдениет қайраткері», «Үздік айтыс ақыны», «Үздік атамұра сыйлығы» қатарлы марапаттар берілген. 2013 жылы тарихи отаны Қазақстанға қоныс аударған. ҚХР-дың мемлекеттік фольклоршылар қоғамының, Шынжаң

жазушылар қоғамының, фольклоршылар қоғамының, ақындар айтысын зерттеу ғылыми қоғамының, Таңжарық зерттеу ғылыми қоғамының, Іле облыстық жазушылар және фольклоршылар қоғамының, «Әлем халықтары» жазушылар одағының, ҚР Жазушылар одағының мүшесі. 2019 жылы ҚР Жазушылар одағы «Қазақ ханы – Абылай» атты тарихи романын «Таңдаулы роман» деп бағалаған.

## АХМЕТ - БАДРИСАРА

(Дастан)

Ашық күн көкжиектен көтерілген,  
Шығыстан шуақ тарап кетеді кең.  
Құшағын ғаламшардың түрткілейді,  
Нұрсәуле жерді ғашық ете білген.

Күн жермен, жер күнменен аймаласып,  
Астында ашық аспан жай жарасып.  
Алланың жігіт қызы осылар-ау,  
Мейір төккен ғашықтық бал жаласып.

Қазақтың тұран дала жеріндегі,  
Бай дархан Сарыарканың төріндегі.  
Қостанай, Әулие көл жағасында,  
Мұғжиза «Мұғалім көл» жиегіндегі.

Жас жігіт таң нұрына малынып тұр,  
Жолына арман қиял салынып тұр.  
Туған халқы қазақтың ертеңінен,  
Өзегі өрт тынысы тарылып тұр.

Ол қайсар ағартушы атпал жігіт,  
Көз тастар мөлдір көлге жатқан тұнып.  
Күбірлеп өзіне өзі сұрақ тастап,  
Жауап іздеп «арманым, ақтар ма үміт?»

Қазақ орыс шәкірттер өрім жастар,  
Жетелесем дейді ол өмірге асқар.  
Қазақтың ұландары қиналады,  
Орыс жазуына көңілсіз көзін тастар...



Қазағым жазуың жоқ меншігінде,  
Жауабы надандықтың ең түбінде.  
Мен таппасам кім табар, бұған жауап,  
Қалай шығар бұғаудан, ел түбінде?

Қазақтың жою үшін надандығын,  
Ғаламға танытуға адамдығын.  
Оқу керек дербес тіл, жазуымен,  
Ондай болмас, басқанмен қадам бүгін.

Қазақты орыс әліпбиімен оңар ма еді?  
Балама етіп көреміз оған нені.  
Қазақтың өзінде әліпбиі дара болса,  
Ұлттық болмыспен көрінер қоғамды елі!

О, шіркін орындалса бұл арманым,  
Қазағым осы екен ау ұлы арманым.  
Қазағыма арналған жүрегмінің,  
Түбіне бұл арманды тұмарладым.

Бұл мынау жас жігіттің сырласқаны,  
Жалғыз тұрып өзімен мұңдасқаны.  
Өзіне-өзі сөйлейді, шабыт кернеп,  
Білер ме, мазактар ма құрдастары.

Құрдас емес, қарағай тал жамылып,  
Құпия, сұлу қыз тұр таңда күліп.  
Ұрлана көзін қадап жас жігітке,  
Тағатсыз алып ұшқан арман үміт.

Жігіт оны көрген жоқ жалғызбын деп,  
Ән төгеді көмейден тамылжып кеп,  
Құшағында арманның ақын жүрек  
Самай шашын жел үрлеп, алды үһілеп!..

Қыздың мөлдір жанары жігітті жеп,  
Жігіт жақтан лебеді бір ыстық леп.  
«Сұңғақ бойлы, кең иық, барыс кеуде,  
Жұмыр жон, батыр тұлға» деп күбірлеп.

Үшінші рет көріп тұр қыз жігітті,  
Паш еткендей жүректен ізгі үмітті  
Орманшы Иван қызы – Бадрисафа,  
Көңілінен арылтқан жүз күдікті.

Алғаш амандасқанда сыр алмаған,  
Түні ұйқысын төрт бөліп қиялдаған.  
Онда мектеп жанында ұшырасқан,  
Содан бері қиялын жия алмаған.

Содан бері баураған бір тылсым күш,  
Жүрек бауырын билеген бұл тілсімді іс.  
Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімді,  
Көрмесе тұра алмастай бір құбылыс.

Өткенде де бір келіп, көл жағалап  
Қос жанарын көп жүрді көлге қадап  
Сары шашын тарады көл суымен  
Ешкім жоқ деп маңында қадағалап.

Түз киікше селт етті сезім жұмбақ,  
Жас жігіт жүр өзімен-өзі жырлап.  
Қыз құпия қарағайлар арасында,  
Астан- кестен, көзайым, сезім бұлғақ.

Қыз құмарта тыңдады өлеңіне,  
Қарай алмас, дөп келсе ол өңіне.  
Екінші рет тайсады кезіге алмай,  
Нүкте, сұрау, үшінші келеріне.

Үшінші рет барғанда таң сәріде,  
Мектебіне келмепті ол әлі де.  
«Мұғалім көл» бойына кеткен шығар,  
Деп қазақ бойжеткен қыз айтты жүре.

Ол бойжеткен қауышқан жігітімен,  
«Мұғалім көл» бойында түгі кілем.  
Сыртынан Ахметті көрген олар  
Орыс қызға жауабы шыны – сырымен.

Бадрисафа сезімін билей алмай,  
Солай ма деп, шын сырды білмей арнай.  
Кербез басып көл жаққа кеткен жүріп,  
Ес ақылды алатын көңілмен бай.

Теңселеді жол бойы ой соқты ма?  
Жеті шақырым тез жүрді жол соқты ма?  
«Мұғалім көл» бойына жеткенінде,  
Жүрек тулап кетті ол, от соқты ма?



Қарағайлар ішінен ән шырқалды,  
Қыз жүрегі өрекіп әлсіз талды.  
Ғашықтық ғаламаты осы ма деп.  
Ғашық әні жүрекке дәл шымқалды.

Қызға ғашық боларлық жігіт шағым,  
Ұлы арманға жөнелдім қуып сағым.  
Жасасам деп қазақтың әліпбиін,  
Жас өмір осы арманмен тыншытпадың.

Қыз естіді жігіттен шыққан әнді,  
Ғашығы жоқ екен деп тұспаланды.  
Енді ашыққа шығайын, кезігейін,  
Батылдығы жасады бойын сәнді.

Қарағайдан уыстап, үгіп бүрді,  
Мөлдір көлді жағалап, жігіт жүрді.  
Көл бойында тосаттан, бір мүйістен,  
Алдында айдай ару қыз, күліп тұрды.

Жігіт оған таңырқап шошығандай,  
Қыз кезіге қаларын есіне алмай.  
Адамзат па, көз байлар жын-пері ме?  
Тұрды Аллалап жұмбақты түсіне алмай.

Қас- қағым сәт жазбады, таныды анық,  
Нұрлы көзбен қараған қасын қағып.  
Бадрисафа Иванның қызы емес пе,  
Бұл қыз мұнда таң сәрі келген нағып?

Ай қабақтың астында көкшіл жақұт,  
Қос жанары сұлу қыз бек нұрланып.  
Жігіттің қос қарақат нұрлы көзі.  
Ілезде шөгіп соған кетті ұрланып.

Қыз ибамен қарсы кеп сәлемдесті,  
Қазақ тілге жүйрік қыз паң емес-ті.  
Жастық оты жалындап кетті Ахмет,  
Бадрисафа деп жиды әрең есті.

Бадрисафа құшағын жая келді,  
Ахмет те жетті оған таяу енді.  
Құшақтаса қауышып кеткендерін,  
Ойлана алмай пана етті, сая көлді.

Екеуі де байсалды ұстамды еді,  
Мұнша асыға құшаққа ұшқан ба еді,  
Бұл не сұмдық, ғашықтық ғаламат па?  
Ұмытты ма өздерін ұстауды енді.

Құшып сүйді құшақтар жазылмады,  
Тілді сорып айқасты азулары.  
Қос кеудеде, қос жүрек дүрсілдейді,  
Қадалғанда қастары қағылмады.

Толықсыған айдай боп қос қара көз,  
Тоқ жасыл, қыз жанары арбайды тез.  
Ай қабақтар айқасып, дем алмасып,  
Қайта оралмас балқытты қас-қағым кез.

Жас құшақтар жазылды, байсалданды,  
Ғашық жолы болар деп қайсарланды.  
Ұзынды күн сырласты қыз бен жігіт,  
Көл бойында сырт көзден тайсалғаны.

«Мұғалім көл» атанды көлде мұнда,  
Келгендер көп білмейтін кемде мұнда.  
Мұны көрген – Ахмет Бадрисафа,  
Қос аққу боп жүргендей көлде мына.

Мұғалім көл – ғашықтар сыр ұясы,  
Алып ұшқан аққынның жыр ұясы.  
Алаулаған үміттің ірі ұясы,  
Асқақтаған арманның жылы ұясы.

Ахметтің арманы қосақталып,  
Көтерілді қанатын қосақ қағып.  
Ұлт рухы қатайтып қос қанатын,  
Ғашықтықтың көліне қосат барып.

Аттан алғы шыдырман сапарыңа,  
Ғашығың келді Ахмет қататырға.  
Көз жетпейді, түнек түн бағарыңа,  
Көз жетпейді, нұрлы таң атарыңа!?

\*\*\*

Ұлт рухымен аттанып ұлы істерге,  
Жүрді алысып, күресте құрыш кеуде.



Тілмен бірге ділде екен істің мәні,  
Бодан ұлтын таныды ірі істерде.

Ұлты бодан, халықтың рухы бодан,  
Қалай қашып құтылмақ үркіп одан.  
Орыстың патшалық заманында,  
Бар болмысы қазақтың тұрқы бодан.

Тілі тұрмақ, ділі де кісендеулі,  
Патшалық саясат, күш өрдегі.  
Бостандық, еріндік жоқ бастарында,  
Құл халықтың қайтсе де ісі өнбеді.

Мылтық атып жапырды ауылдарын,  
Байтұрсынның аға-іні, бауырларын.  
Итжеккенге жазықсыз айдап кетті,  
Айтқандықтан салықтың ауырларын.

Білді Ахмет қазақтың құлдық халін,  
Бар қазақтың жеп жатқан құлдық жанын.  
Тапты кілтін ақыры көп ізденіп,  
Туған халқы туралы тұнық таным.

Батты жанға халқының надандығы,  
Надандықтан көмілген адамдығы.  
Оқу-білім, өнер жоқ, тұйық сана,  
Айқындап тұр өмірден шабандығы.

Қажет деді, халқыма оқу-білім,  
Дербес тауып, игеру ғылым тілін.  
Ұлттың жасап төл меншік әліпбиін,  
Ашпақ болды ұлтының ділін бұрын.

Тапты ақыры әліпби төте жазу,  
«Білім деген инемен құдық қазу».  
Мың михнат қажырмен жеңді бәрін,  
Діл бұзылса адамдық жолдан азу.

Қуанышпен алты алаш тік көтерді,  
Ақиқаттық жеңімпаз іс көтерді.  
Орыс түркі ғалымдар әділқазы,  
Ахмет ғылым, ғалымдық күшке толды.

Қазақ рухы жетті анық азат құнға,  
Қазақ әліппе, азат қыз, азат ұл да.  
Патшалық дәуірде қырғыз атап,  
Аты өше бастаған қазақтың да.

«Қазақ» атты, қазақтан газет шықты,  
Өз халқымен қауышқан газет күшті.  
Ұлт атымен жан кірді ұлт бойына,  
Ұлт жаулары құсалы ішті-тысты.

Алаш тұтас көтерді иықты енді,  
Алаш рухы бәрінен биіктеді.  
Қазақ тәуелсіз ел болу – ұлы мақсат,  
Алаш бұзды тас камал тұйықты енді.

Әлихан, Жүсіпбек пен Міржақыптар,  
Алашшылдар Ахаңды қолдап, құптар.  
Жүрек жара жырлады Мұхтар, Мағжан,  
Бір дәуірдің жүйесі, әділет құштар.

Өз тілімен оқыды, ділі жарып,  
Болмады енді қазақтың тілі ғарып.  
Қазақ Әліпбиімен оқып ұландары,  
Қазақ көзге көрінді ірі халық.

Қазақтан зиялы топ жүйеленіп,  
Ташкентте Орынборды иеленіп.  
Семейде ірге жайды Алашорда,  
Қазақ мерей тасыды нұр өңденіп.

Қазақ автономия көтерді шаңырағын,  
Қазақтығын жинады, танығанын.  
Ар намысын оятып, жасақтанып,  
Асқақтата шырқады ән ұранын!

Қазақ құрметпен атады «Ахан» деді,  
Ұлт көсемі, көшбасшы Ахаң енді.  
Бодан халықтан көшбасшы көсем шығып,  
Тәуелсіздік бастады сапарды енді.

«Ұлт ұстазы» атанды содан бастап,  
Ахаң даңқы шырқалды қоғамға асқақ.  
Ұстаз тұтты, тарихты ұлыларды,  
Көп мылжынды кетті олар артқа тастап.



Ішінде қызғаныштан ит қыңсылап,  
Большевиктер өшікті құйтырқылап.  
Сатып алып қазақтың сатқындарын,  
Бөлшектеді қазақты сырт тыншылап.

Қазақ туы биікте желбіреді,  
Қақ жарыла қуанды ел жүрегі.  
Тұқым қуған рушыл жүген ауыру.  
Аз қазақты бөлшектеп кергіледі...

Өктемдеді кеңестік зұлым билік,  
Қатер деді тәуелсіз білім күйлік.  
Алаш орданы бесікте тұншықтырды,  
Қалдырмай, қырқамыз деп қанат құйрық!

Қазақ әліпбиін де бірге жойды,  
Орысшаны жазуға тілге қойды.  
Мақсаттады қазақты бастап таңды,  
Орысқа бодан болу, сіңбе жолды.

Бұл қазақ ар-намысына басқан таңба,  
Жүректі жеп басынан асқан таңба.  
Ұлт қаймағы зиялы бір жүйені,  
Ондап жүздеп арысты атқан таңба.

Алашшылдар атылды он мыңдаған,  
Шыбын құрлы болмады ол күнде адам!  
Миллиондаған қазағың қырғын тауып,  
Құлдық ажырғы рухында ол күнгі адам.

Бұған қалай төзеді ұлт жүрегі,  
Бодандық пен құлдықтан ұлт жүдеді.  
Адамдықтан айырылды хайуан сынды  
Айдауына еріксіз ұл жүреді.

\*\*\*

Ғашықтардың қосылмақ басы қалай?  
Жүздерінен күн сүйер алтын арай.  
Қазақ жігіт, орыс қыз екі ғашық,  
Аралықта жол басты күдір талай.

Бірі – ислам, біреуі – христиан,  
Салты басқа екі ұлттың бір іс қиян.

Отаспайтын екі ұлттың екі ұланы,  
Жүйкелерді жұқартты желдей құян.

Шын ғашықтың болған соң ділі берік,  
Шайтандыққа баспады тілдерге еріп.  
Өтпек болып серттесті мәңгілікке,  
Екі дүниен дидарын бірге көріп!

Бадрисафа қабылдап ислам дінін,  
Ұшан теңіз Аханнан алды білім.  
«Құдай үйі» мешітке бірге барды,  
Ғашықтықтың тапты олар тылсым тілін.

Зейнолла, Ишан жаз дидар жалындаған,  
Екі жасты құптады ғалым данам.  
Бадрисафа екі айдай білім алды,  
Дін исламға ұйыды, болмады алаң.

«Құдай бір, құран шын да, Пайғамбар хақ!  
Дінім ислам, кітабым құран» деп нақ.  
Шын ниетпен өтеді ислам шартын,  
Сертін берді мешітте құран ұстап.

О, шіркін қандай ғаділ қақтың жолы,  
Арам, адал, ап-айқын оң мен солы.  
Арман үміт бәрің де нар тәуекел,  
Бір Аллаға сыйынды істің оңы.

Екеуінің екі ұлттан ата-аналар,  
Тектілігі бойында зат даналар.  
Махаббатты бәрінен биік санап,  
Кең өрістеп ұштасты ой-саналар.

Байтұрсын әке, Көнші ана бата беріп,  
Құшақ жайды ауылы жасап ерік!  
Бадрисафа келін боп үйге кірді,  
Жігіттер қош беташар айта келіп.

Иван деген еңбекшіл момын орыс,  
Ғашықтарға жүректен берген қоныс.  
Байтұрсынға аңқылдап құшақ жайды,  
Оған қазақ кең дархан болғанды өріс!



Александра бұл қыздың әуелгі аты,  
Білімді текті ата-ана туған зағы.  
Ахметті талайдан елжіреткен,  
Ғашықтық пәк жүректен жазған хаты.

Ахмет оған жаңалап ат қойыпты,  
«Бадрисафаға» аударма нақ толықты.  
«Кіршіксіз толық ай» деп атауына,  
Бадрисафа дегенге бап келіпті.

Куә бұл ат ғашықтар құрметіне,  
Дайындығы ғашықтық міндетіне.  
Екі дүние бақытын, азабын да,  
Бірге көрмек сертімен бір бекімде!..

Сұлулығын асырып екі ғашық,  
Еміренді бақытқа есік ашып.  
Ел еркінен айырылған кеңестік кез.  
Өмірде жүр бір басып, екі басып...

Өмірінде ендігі зұлым заман,  
Өткізе ме тыныштық ғұмырды аман.  
Алда көре жатарамыз оқушылар,  
Сұм-сұрқия заманның сұрын жаман!...

\*\*\*

Бадрисафа тіршілік алыста жүр,  
Желмен жетті, сұм хабар, таныс дабыл.  
Көңілі көктем болып кетуші еді,  
Ахметтен хат-хабар алысса бір.

Кеңестіктер кеңейген дүрбелені,  
Өктем келіп бірінен бір белеңі.  
Бай мансапты, молдалар жұрт иесі,  
Толып жатқан топ- топпен түрмеге енді.

Жасырын да, көрнеу атқандары,  
Елге үрей, қорқыныш шапқандары.  
Бай халықтың мал- мүлкін таланға сап,  
Мақтаныштай қылмысқа батқандары.

Болмай қазақ жер-үсті паналарға,  
Қырғын тапты аналар, балалар да.  
Астық малды, вагондап, от арбалап,  
Алып кетті орыстық қалаларға!

Аштық жайлап қазақтың бай даласын,  
Қарулы әскер меңгерді сай-саласын.  
«Байтал түгіл, бас қайғы» тірі қалу,  
Бар қазақтың жаулады ой-санасын.

Малы тұрмақ, тігулі үйі қалды,  
Шетел асып құтқармақ тірі жанды.  
Көк мылтықпен қуғындап солдаттары,  
Қуып жеткен қазақты қырып салды.

Қалса аштықтан қырылды, кетсе қуғын,  
Ит жеккенге айналды қуғын-сүргін.  
Ахметтің де түрмеге алынғанын,  
Бадрисафа естіді тосын бір күн.

Ет жүрегін мұздатты естігені,  
Алыстады, достары, ес білері.  
Талай мәрте талықсып, есін жиды,  
Әрең-әрең орнықты ет жүрегі.

Маңында адам қалмады мұндасарға,  
Қайтсем болар деп ақыл сырласарға.  
Ақыры батылданып белін буды,  
Ап жыланға ақырған мұнды ашарға.

Жолға шықты Арқадан Семей жаққа,  
Дұға жасап, тәуекел жалғыз хаққа.  
Ай жүрді ме, беймәлім атты жаяу,  
Жетті түрме алдына, тұрды сапқа.

Кезегі де алыстан басталыпты,  
Қалың қазақ тас түрме жастаныпты.  
Қарсыласқан немесе аштан өлген,  
Көп мүрделер далаға тасталыпты.

Әскерлердің қарулы сұрқын көріп,  
Қару сілтер бейкүнә тұрқын көріп.



Бадрисафа шошынып алыста тұр,  
Кеңестік қызыл үкімет сыйқын көріп.

Екінтіде жеткенде түрме алдына,  
Бума киім бермек боп, бір нанды да.  
Темір тордан көрсетті Ахметті,  
Көзі түсті көзіне нұрланды да.

Киім мен нан әскерге таланды жем,  
«Үймелеген жемтікке қара құспа ең?»  
Бадрисафа жанардан жас парлатты,  
Бола алмаспын сендермен өмірде тең!»

Ахмет асқақ үнмен, сөйледі оған,  
Қаскүнем, қазаққа тажал, зұлмат қоғам.  
Қызыл үкімет құрымай жақсылық жоқ,  
Сүйген жарым көзіңді жеткіз соған!..

Арт-артынан жасақтар түйгіштеді,  
Қалың халық амалсыз күйді іштері.  
«Таусылмаса, жалғасса қазақ әулет»,  
Бір оянар кеткенмен білгіштері!..»

Ахметтің айтылған асқақ үні,  
Әр қазақтық құлаққа жаққан жылы.  
Көргеніне тәубә ғып Бадрисафа,  
Тілек тілеп, шағылды қаққа мұңы.

«Әл жетпесе деген бар акіретшіл»,  
Қайрат кетсе халықпыз қасіретшіл.  
Ахметтің үндеуі «Оян қазақ!»  
Қайғы шермен арылмас қасірет бұл.

Осы күрес жалғасты он жылдарға,  
Көктен тажал жаумады ол сұмдарға.  
Ахметті бес мәрте түрмеге алып,  
Жер аударды екі рет шөл құмдарға.

«Халық жауы, жалалы мұндағы ұғым»,  
Алашшылдың түрмелеп, бар қауымын».  
Өлім жазаға кесті, зұлым билік,  
«Ұлт ұстазы» қазақтың тіл ғалымын!..

Алашшылдар ұлттың қаймағы еді,  
Оларсыз ес жияр ма қазақ елі?  
Өлім жаза бәріне кескен үкім,  
Бар қазақты тірліктен айдар еді.

Тірі қалу үшін деп қашты қазақ,  
Бастар кетті, құр дене састы қазақ.  
Кеңестік зұлымдықтан жер жиіркенді,  
Ай мен күнге арызын ашты қазақ!

Жер ауса да, Ахмет түрмеде де,  
Бадрисафа онымен «бір кемеде».  
Тіршілігін тілеп жүр көз жаздырмай,  
Рухани жақтан айналып бір денеге.

\*\*\*

Өтті заман жетпіс жыл артта қалды,  
Момын халық құлдықпен дағта қалды.  
Жеткізем деп тірліктің жұмағына,  
Большевиктер бәсейтті мақтағанды.

Зұлымдықтың кеткен соң бас иесі,  
Коммунизмнің қашты сыры, қасиеті.  
Горбачев «қайта құру» деп жар салды,  
Басылмады халықтық қасіреті!

Зұлым заман кеткен соң бастаушысы,  
Шыға алмады із басып, жақтаушысы.  
Өйткені ол болмыспен отаспайтын,  
Жеке адамға табыну мақтан күші.

Кейінгі әулет тарихқа құлақ түріп,  
Сандырақтан пәктеніп жырақ түріп.  
Бас қылмыстыны халықтық қырғындарға,  
Жағасынан сілкіді бұрап тұрып!

Тарап кетті он алты республика,  
Ленин, Сталин музейін лақтырып...  
Тәуелсіз Қазақстан елі болып,  
Қазақ әулет тойлады жылап-күліп.



Желтоқсанның рухымен Алматыда,  
Алдауламақ халықты алғашыда.  
Алашшылдарды ақтады кара үкімет,  
Халық жақ боп құзғыны, қарғасы да.

Қырық-елуін бір жылда ақтадық деп,  
Құжаттармен үкімет мақтанып көп.  
«Бұрынғылар жіберген қателіктер,  
Біз оларды бейкүнә атпадық деп...»

Оған бола сарқылмас сана кептер,  
Мен ақтадым деп шықты дара бектер.  
Партиясымен үкіметі жер шұқыды.  
Жер астында қылмысты қара беттер!

Алашшылдар, алыптар, ардагерлер,  
Әр біреуі бірегей сабаз ерлер.  
Қайтіп қиып арам оқ, қылыш сермер,  
Атқызған да, атқан да қанішерлер.

Мәңгі қазақ әулеті кешпес қылмыс,  
Санасынан әулеттің өшпес қылмыс.  
Бұл қылмысты кешіру-ұлт сатқыны,  
Бар қазақты отқа ұстау, тектес қылмыс!!!

\*\*\*

Ашты сабақ ғасырлық ғалам үшін,  
Тірі жасаған адамдар, адам үшін.  
Жауластырған, халықты тоздырған да,  
Арамға алмастырып адал ісін.

Бірақ халық түбімен жойылмапты,  
Халықтығын жауларға мойындатты.  
Ақиқатты, ғылымды таза сақтап,  
Тарихи қоймалығын орындапты.

Ахметтің ғалымдық еңбектерін,  
Ділге-тілге қабылдап өрлеп сенім.  
Ғасыр бойы жемісін елге беріп,  
Соныменен жасапты, тәрлепті елім!

Әліпбиді Ахмет түрлеп кеткен,  
Халық екен қолданып құрметті еткен.  
Ол жасаған ғылымдық теориялар,  
Бой тартыпты, нәр алып, бүрлеп көктен!

Бадрисафа жарымен бірге ақталып,  
Асыл ана ұрпаққа жыр боп кеткен.  
Алашшылдар ардақтап, ұлықтанып,  
Ұрпақтарға рухы нұр бопты өпкен!

Ғашықтықтан жасапты үлгі-өнеге,  
Бақпен- сорды айналып бір денеге.  
Опалы жар өмірлік отаспаса,  
Киелі махаббатта гүлдене ме?!

Алашшылдар әуелгі рухы-ұраны.  
Тәуелсіз қазақ елі, ұлт ұраны!  
Орындалды ұлы арман кешеуілдеп,  
Бақыт- бақша баптаумен құлпырады.

Адал жарлар әділдік рухыменен,  
Жасай берсін ер-қазақ ұлтыменен.  
Ми шарынан аластап, құлдық уын,  
Айқасындар жауыздық бұлтыменен!

Жаса мәңгі тәуелсіз қазақ елі,  
Бүтіндігін сақтасын қазақ жері!  
Алашшылдар рухы жаса мәңгі,  
Болашақтың жол ашар асқар белі!





**Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,**  
*Халықаралық «Алаш» әдеби  
сыйлығының иегері*

## КЕРІМБАЙ БОЛЫС



*(Әңгімелер)*

– Иссапармен қайда бардың? – деді Баукең сәлемімді алысымен.

– Жамбыл облысына.

– Менің облысыма барыпсың ғой. Не таптың? Кейінгілерге тағлым боларлықтай оқиғаға кезіге алдың ба, кезіге алмадың ба?

– Кезіге алдым.

– Онда бүгін сені тыңдайын. Сөйле.

– Айшабибі күмбезі маңындағы ауылда жеті атасынан бері билік тізгінін ұстап келе жатқан Бұралқы болыстың өрен-жаранының, әсіресе немересі Керімбайдың ерлікке, ізгілікке толы оқиғалары мені таңғалдырып, тебіrentті.

– Сені таңғалдырып, тебіrentкен оқиғаларға жеке тоқтал.

– Бұралқы болыс қартайып, күннен-күнге жүріп-тұруы қиындай түскен соң, «орныма кімді сайлаймыз? Кім

лайық?» деп ақсақалдар ойға көсеммен ақылдасады. Әркім өз қалауын айтып, бір тоқтамға келе алмайды.

– Менің ойым, болыстыққа анасы ерте қайтыс болып, өзімнің қолымда өскен жиенім Үмбет лайықты. Келешегінен үміт күттірердей көзінің оты бар, – дейді Бұралқы. Сонымен не керек, жұрт ың-шыңсыз Үмбетті болыс сайлайды.

– Қарағым ел билеуде тәжірибең әлі аз. Сондықтан ірі, түйіні қиын дау-жанжалды шешерде менімен ақылдасып шеш, – деп Бұралқы ақсақал ескертеді.

Күндер өтіп жатады. Үмбеттің дүркіреп аты шығады. Әр ауылда, әр руда дау-жанжал, ұрыс-керіс туып жатады. Олардың ірілерін үйлестіріп шешкелі дауласкерлер Бұралқыға барып, ақылдасып шешеді. Өстіп шештік деп оны



Үмбетке ескертіп айтады.

– Е, ақылдасып шешсеңдер жарайды, – дейді Үмбет болыс.

Ауылында Тәңірберген дегеннің төрт ұлының жақсы, жүйрік аты болады.

– Атты бізге беріңдер, жекжат болайық. Әйтпесе сатыңдар, – дейді Үмбет. Аналар көнбейді. Көнбеген соң болыс күшпен тартып алады.

Кезекті бір үлкен жиында ол әлдеқашан бітіп, тынып кеткен ескі дауды қайта қозғайды.

– Үмбетжан-ау, болысеке-ау, бұл дау Бұралқы ақсақалдың келісімімен бір-жолата бітіп кеткен еді ғой. Оны кезінде өзіңе құлаққағыс та еткенбіз. Енді несіне қайта қозғайсыз? – деген үлкен кісіге Үмбет қарсы сөз айтып, жұрттың бәріне естірте:

– Аузы сасық шалдың айтқаны қашанғы бола береді, – дейді.

Көптің арасында отырған, бойы екі метрден асатын, шойыннан құйғандай алып денелі, жасы отыздың ішінде дерлік Керімбай ашудан тұлабойы тітіркеніп, түктері тікірейіп, көздері қанталап, сұлу өңі адам танымастай өзгеріп, орнынан атып түрегелген бойда төрдегі Үмбеттің қасына жетіп барады.

– Сен не дедің? Қайтала! – дейді қатты дауыстай әмір етіп. Үмбет үндей алмай қалады.

– Сенің жазаң – өлім.

Екі жігіттің сүйемелдеуімен Бұралқы ақсақал сәлдесін алып, мойнына орап, жақындай бере Керімбайды құшақтап:

– Қой, қарағым, қой. Осы ашуыңды маған қи. Кімнің кінәлі, кімнің кінәлі емесін Алла өзі біліп, өзі жазалайды, – дейді немересі Керімбайды еркіне жібермей.

– Ата, мұндай сөзді естігенше өлген артық. Сізден өте алмадым. Қойдым, – дейді де ол жігіттеріне қарап:

– Сендер үлкен ұлым Оспанға хабар беріңдер. Үмбет бүгін түнде өліп, ертеңгі таң шапағын көрмейтін болсын. Егер бұл тапсырмамды орындамаса, әкем бар демесін, көзіме көрінбесін, – дейді.

Оспан балуан денелі, күреске түсіп, қарсыласын жеңіп жүрген бала жігіт. Ол әке тапсырмасын орындауды жолдастарына жүктейді. Сол түні Үмбетті төрт жігіт төрт жағынан әрең көтеретін таспен бастырып, өлтіреді. Мұны естігенде:

– Туу, қандай қатыгездік, – деп мен шошып кеттім.

– Бұл қатыгездікемес, өз заманының талабына сай – қаталдық. Онсыз ел ішінде тәртіп орнай ма? Ақылды адам әр уақытта өзін де, өзгелерді де дұрыс түсініп, дұрыс шешім қабылдай біледі, қабылдай білуі тиіс. Ойы, бойы жетпейтін нәрсеге ұмтылып, таласпайды, – деді Баукең өз пікірімен бөлісіп. – Сөзіңді жалғастыр.

– Сот Үмбетті таспен бастырып өлтірген Тәңірбергеннің балалары деп тауып, төртеуін де итжеккенге айдатады. Уақтысында Үмбет әлгі сөзді айтса айтқан шығар. Сол үшін Керімбайың оны өлім жазасына кескені артық сияқты, – деген маған Баукең:

– Оттапсың! – деді қаһар төге қарап. – Үмбетке жаның ашымай-ақ қойсын. Ол жетесіз, көргенсіз. Керімбайдың кесімі нағыз ел билейтін адамның кесімі, нағыз ел билейтін адамның мінезі. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Сөзіңді жалғастыр.

– Үмбеттің орнына Керімбай болыс болады. Аз уақыттың ішінде-ақ атағы аспандап кетеді. Бірде Ботакөз деген кісінің келіні тоқтысын жоғалтып таба алмайды. Біреулер оны Керімбайдың жігіттері отқа қақтап жеп қойды дегенді





айтады. Түс мезгілінде келіншек Керімбайдың үйіне барыпты. Барса, Керекең шай ішіп отыр екен.

– Кел, қарағым, төрлет. – Ішке кіруге ұялып, босағада тұрған күйі:

– Менің тоқтымды сіздің жігіттеріңіз отқа қақтап жеп қойыпты, – дейді.

– Ә, тоқтыңыздың бір мәнісі болар. Жолыңыз түсіп кеп қалған екенсіз, төрлетіңіз, – деп төріне отырғызып, шай беріп сыйлайды.

– Енді мен қайтайын.

– Қайтсаңыз, анау түйе қазықта байлаулы тұр. Тоқтыңыздың қайырымына соны ботасымен алыңыз, – дейді.

Келіншек далаға шығып, түйені жетектеп кетуге ұялады.

– Ал, алыңыз, Керекең айтты. Ол кісі екі сөйлемейді, – дейді Керімбайдың жігіттері. Сол келіншектің кемпір болған шағында:

– Өйбүй, ұят-тағы-ай. Қара басып, боталы түйені жетектеп қайттым ғой, – деген сөзін өз аузынан естідім, – деп күлді Жүнісбек қария.

Сол кезде бүкіл әулиеата аумағында отыз екі болыс болыпты. Ол болыстардың барлығы Керімбай болысқа кеп ақылдасады екен. Ауылының адамдары:

Керімбай менің атам ту ұстаған,  
Қолымен алтын, күміс уыстаған.

Бір өзі он дуанды билесе де,

Ешқашан ағайынмен суыспаған,  
– деген тәрізді өлең шумақтарын шығарған.

Керімбайға басқа болыстардың ауылдарынан да адамдар келіп, дау-дамайын айтатын көрінеді.

– Әй, мынау Пәленше болыс шешетін дау ғой демей, «е, жарайды, ақыр келіп қалыпсың» деп дауын шешіп, болысына «менің билігімді өзгертпе»

деп сәлем айтады.

Баяғы Құлагердің өлетін Сағынайдың асын естуіңіз бар шығар?

– Иә, естуім бар.

– Сағынайдың баласы паң Нұрмағамбет асқа жиналған үш жүздің игі жақсыларының бірі – Керімбай болысты ерекше құрметтеп, сый-сияпаттап күтіпті. Еліне қайтарында құндыз бөрік кигізіп, иығына оқалы шапан жабады, алдына түйе салып, жүйрік ат мінгізеді. Басқа көңілі сүйген болыстарға да тиесілі құрметін жасайды.

Керімбай жолдастарымен бір жерге қонып, бір жерге түстеніп дегендей ай жүріп еліне жетеді. Сонда қасындағы болыстардың бірі:

– Әй, біз аулымызға немізді айттамыз? Барлық сый-сияпатты Керекең көрді дейміз бе? – дегенде, екінші болыс:

– Шамамда сенің басың жөнді істемейді-ау. Керекеңе ілесіп барып келдік дегеніміздің өзі үлкен мәртебе ғой, – депті.

– Бұл сөз басқа болыстардың деңгейімен салыстырғанда Керекеңнің деңгейінің биік екенін әйгілеп тұр емес пе? Мұны неге айтып отырмын. Айту себебім, Керекең аса қасиетті, киелі кісі болған Аталас ағайыным ғой. Ол кісінің біраз оқиғасын әкемнен естігенім де бар. Сөзінді бөлгенім үшін ғафу өтінем.

– Бірде Керімбай жігіттерімен арнайы шақырған Арқадағы Бұзау болыстың ауылына бара жатады. Таластың теріскейінде Үшарал дейтін елді мекен арқылы жол қалың камысты жағалай Арқаға қарай шығып кетеді. Жұрт жолбарыстан қорқып, ол жолмен жүрмей, күншілік алыс, айналма жолмен жүргенді қалайтын көрінеді.

Керімбай қырық нөкерімен төте жолмен тарта береді.





– Ой, Кереке, төте жолмен жүру қауіпті. Ну қамыстың арасында талай адамды мерт еткен жолбарыс бар, – деген ескертпелерді елемейді.

Бір бұрылыста жиырма қадамдай қашықтан басына сәлде ораған, қарт кісінің келе жатқанын көріп, Керімбай атынан түседі. Ана кісі де сол қимылды қайталайды. Екеуі бір-біріне қарай жаяу жүріп барып, құшақтаса көрісіп, біраз әңгімелеседі.

Әлден соң қоштасып, өз жөндеріне кетеді. Нөкерлерінің бірі:

– Кереке, қаңғып жүрген бір шалды сонша құрметтеп, атыңыздан түсіп, жаяу барып сәлем бергеніңіз қалай? – дейді. Екінші нөкері:

– Шалдың не қасиеті бар? Шүкір, сіз бүкіл Әулиеатаға белгілі Керекеңсіз. Алла тағалаға жалынып-жалбарынудың арқасында ұл сұрағанға ұл, қыз сұрағанға қыз беріп келе жатқан өзіңіз де әулиесіз. Неге аттан түсіп, жиырма қадамдай жаяу бардыңыз? – дегенде:

– Е, ей, сендер не білесіңдер. Байқадыңдар ма, байқамадыңдар ма, ол кісіні бұлт күннен көлегейлеп, екі үзеңгісімен екі жолбарыс алысып, ойнап келе жатты ғой, – депті.

– Оны біз көрмедік қой.

– Ол жұрттың бәріне көріне бермейді.

Тағы бір бұрылыста ну қамыс арасынан ыңыранып жолбарыс шыға келеді. Керекең аспай-саспай:

–Тәйт күшік! Тәйт! – дегенде, атылғалы тұрған жолбарыс кілт бұрылып, кетіп қалады.

...Шу өңірінде Жантөбетов деген ақын болыпты. Жасы қырыққа таяса да үйленбеген, жағдайы, аты жоқ. Бір күні Керімбайдың үйіне барады.

– Кереке, қасиетіңізден дәмепіп келдім. Маған бір шипа жасамасаңыз, ха-

лім нашар, – дейді жағдайын айтып.

Табан астында үлкен ұлы Жамашты шақырып:

– Бәйгеден жүлде алып жүрген жүйрігіңді мына кісіге сыйла, үйленуіне жетерлік қаржы бер, – дейді.

– Бұл Керекеңнің адамдар қолынан келгенше кембағалдарға көмектесуі керек деген өсиеті ғой, – деді Баукең тағы басын изей, өз пікірімен бөлісіп.

– Әулиеатаның бір жігіті Қарағандының түрмесінен босап шығады. Ауылына қайтуға не ақшасы, не жөнді киімі жоқ, есі ауып, қайда барарын білмей көшеде қаңғып қалады.

Базарда қайыр тілеп, тамағын асырап біраз жүріп қалады. Өлетін болдым-ау дегенде бес-алты адам жаяу, біреуі атта өзара әңгімелесіп кетіп барады. Бұл алдарына барып жата кетеді.

– Ау, көкелер, мен Әулиеатадан айдалып келіп едім. Түрмеден шыққаныма үш күн. Қаңғып жүрмін. Ауылыма жетуге не ақшам, не киімім жоқ. Тыр жалаңашпын. Пойызға мінгелі екі-үш рет ұмтылып едім, жолсерік түсіріп кетті.

Аттың үстіндегі жігіт:

– Әулиеатаның қай пұшпағынан сың? Керімбай болысты білесің бе? – дейді.

– Ой, көке, не дейсіз? Мен Керекеңнің туысқанымын.

– Әй, бауырлар! – Ат үстіндегі жігіт басынан телпегін алып, оған қалтасынан уыстап ақша салып. – Сендер де салыңдар, – дейді.

Бәрі оның айтқанын орындайды. Бір жігітіне:

– Сен бүгін мына кісіні үйінде қонақ ет, жақсылап жуындыр. Содан кейін пойызға отырғызып, жолсерікке табыстап айт:

– Әулиеатаға жеткен соң, пойыздан түсіресің. Қайтып келгеннен кейін тү-



сірген, түсірмегеніңді сенен сұраймыз дегін. Мен кезінде Керімбай болыстың шарапатын көргенмін, – дейді.

Әлгі бейшара ауылына аман-есен жетіп:

– Мені Керімбайдың аруағы қолдады, – деп есі шыға қуаныпты.

Жапар деген Керімбайдан жасы үлкен кісінің асыл тұқымды үйір жылқысын айдатып алып, сойдыртып жібереді. Қасындағы адамдар:

– Жәке, Керімбайдан жасыңыз үлкен. Бұл оның сізді басынғаны ғой. Ең болмаса, барып боқтамайсыз ба? – дейді қайрап.

– Ой, ол адам жейді, бармаймын, – дегеніне қарамай әлгілер қоймай көндіріп, құлап қалмау үшін тартпасын мықтап тартып, ерге отырғызып, Керімбайға жібереді.

– Жапар келе жатыр, – деген хабарды естіген Керімбай «жасы үлкен ағам ғой» деп алдынан шығып, сәлем берейін десе:

– Әй, Керімбай, сен адам жейсің, адам жейсің, – деп ары-бері шауып, қайтып кетіпті.

– Қорыққан ғой, – деп мен күлдім.

– Әрине қорыққан.

Керекеңнің бұл секілді оқиғалары көп. Өздерінде мал базары жоқ болғандықтан алыс ауылдағылар Әулиеата базарына малдарын айдап әке-луге мәжбүр.

– Жеріңіздің үстінен өткеніміз үшін мынау сіздің сыбағаңыз, – деп міндетті түрде жылқы, түйе береді.

Керекең болыстықтан босаған уақытта да жігіттерін:

– Ана байлардың ішінде қызметшілеріне жөндеп қарамайтыны бар ма? Бар болса, кімдер? – деп анықтап, оларды тәубесіне келтіреді екен. Қайсыбір кедей кепшіктер:

– Еңбегіміз еленбейді. Көрген күні-

міз күн емес, – деп Керімбайға шағымданып барса, Керекең баймен сөйлеседі. Бай, кінәсін мойындап, малшыларына көмектесетінін айтып, уәдесін береді. Бірақ оны орындамайды.

Мұны естіген Керімбай жігіттерін жұмсап, байдың екі үйір жылқысын айдатып алады.

– Жау шапты, – деп жылқышылар байға барады.

– Жау кім?

– Керімбайдың жігіттері.

– Ой, Керімбайдың жігіттері айдап кетсе, бой бермейді-ау, – деп бай не істеу керегін ойластырады.

Керімбай олжа жылқының бір үйірін сойдырып, бір үйірін базарға сатқызып, етін, ақшасын байдың малшыларына, қойшы-қолаңына, сол ауылдағы жетім-жесір, кембағал жандарға таратады. Бай зорлық-зомбылық көрдім деп арызданып, түк бітіре алмайды. Мұны естіп-білгендер Керімбайдан қорқып:

– Кереке, Кереке, – деуге мәжбүр болады.

Тараз қаласының саудасы күннен күнге қыза түседі. Жаңадан келген саудагер ешкімнің рұқсатынсыз ағаштан екі магазин салдырады.

– Бұл жердің Керімбай болыс деген егесі бар. Рұқсат алдың ба? Рұқсат алмасаң, шатақ шығады, – дейді көрші магазин сатушылары.

– Жоқ. Мен ол кісімен қалай сөйлесуді өзім білем.

Ертесіне келсе, екі магазині жоқ, орны тып-типыл. Саудагер анаған, мынаған жүгінеді. Әкімге барады.

– Кімнен көресің?

– Керімбай болыстың адамдары «ай сайын мұнша салық төлейсің» деді. Келіспедім. Мен солардан көремін.

– Ей, сен Керімбайдың кім екенін білесің бе? Ол қасиетті, киелі кісі.





Сондай кісіге сыртынан жала жауып жүрсің, – дейді де оны қамап тастайды. Бір-екі аптадан кейін зорға дегенде тар қапастан шығып:

– Қанша салық салса да төлейін. Керімбайға айтыңдаршы? – дейді таныс сатушыларға. Олар «айтайық» деседі. Ертеңіне келсе, екі магазин орнында тұр, ешқандай бүлінбеген. Саудагер сататын бұйымдарын әкелгелі ауылына барып:

– Осындай Тараздың Керімбай деген дәуі бар екен. Әбден боқтадым, – депті.

Ауылдастары: «Көзінше боқтадың ба?» – десе:

– О-ой, көзінше боқтап өле алмай жүрмін бе? Сыртынан боқтадым, депті. Жұрт қарқылдап күліпті.

...Керекең шебер ұстаға соқтырған әдемі ақ үйде отырады екен. Ол үйді жұрт ақ сарай дейтін көрінеді. Күні бойы сәлемшілер тізбегі үзілмейді. Туған-туыстардың, таныстардың бәрі палау, ет жеп, шай, қымыз ішіп, қисса, әңгіме тыңдайды. Мұны естіген сәлемшілер саны күннен күнге көбейе береді. Келушілердің көптігінен қайсыбіреулері үшінші, төртінші күні ғана ішке кіре алатын болған. Керекеңнің ауылы күнде осылай той-думанмен, ағайындардың басын қосумен өтеді.

Әулиеата өңіріндегі болыстардың бәрі бастықтарымен ақылдасқаны өз алдына Керімбаймен де ақылдасып отырады екен. Мұны жұртшылық арасына тараған:

Менің бабам Керекең бүйдейтұғын,  
Бір өзі он дуанды билейтұғын.

Екі дуан керісіп келіспесе,

Керекеңе барайық, жүр дейтұғын.

– деген өлең шумағынан да аңғаруға болады.

– Мына болыстықтың деңгейі биік, өресі кең емес екен, Мен мұны бекер

иемденіппін. Жасым болса, келді. Қажылыққа барып, қайта алсам келермін, қайта алмасам сол жақта қалармын деп Жүніс баласын, тағы бір жігітті ертіп, жолға шығады. Жолда, паромға мінер кезде ауырады. Паром жүргізушісі «ауру» деп алмайды. Содан түйе жалдайды. Суға батпас үшін түйенің жанжағына қамыс байлап, арқанмен мықтап танады.

Айдан астам жол жүреді. Бір күні:

– Жеттік, ата, міне қағбаның қасында тұрмыз, – дегенде Керімбай жан тәсілім етіпті. Жүніс алтын беріп, арулап жерлейді.

Керекеңнің қырқына жұрт жиналғанда бір қария сөз сөйлейді.

– Уа, халайық, мен Керімбайдың аруағының арқасында дүниеге келген адаммын. Менің әкем Керімбайды сүйеніш көріп алты рет төсек жаңғыртыпты. Ешқайсысынан перзент болмапты. Жетінші рет үйленіп, көлеңкесі түсіп, бір шипасы тиер деген үмітпен Керекеңнің ауылына көшіп келеді. Көшіп келгеннен кейін әйелі екіқабат болады. Ай-күніне жетіп, босана алмай шыңғырып, қиналып жатқанда әкем:

– Е, аруағыңнан айналайын Керімбай, сені паналап келіп едім ғой. Енді тағдырым не болды? – деп еңіреп жылап жібергенде, бала шыр етіп жерге түседі. Ел арасындағы құрметтің қандай екенін осыдан-ақ біле беріңіздер. Менің бұл кісілердің әулетіне ерекше құрметпен қарайтын себебім содан.

Керімбайдың асын берердің алдында ақылдасуға шақырылған үш жүздің игі жақсыларының:

– Пәлен мал соясыңдар, пәлен үй тігесіңдер, пәлен атқа бәйге бересіңдер, – деген шешімін естіген Керекеңнің балалары:

– Біз осы аталған дүниеге тағы осынша дүние қостық, – депті.





– Елге қадірі бар ердің жүгін ел көтеретінін Керекеннің балалары біліп айтып отыр ғой. Алланың рахымы түссін оларға, – деді Баукең өз ризалығын білдіріп.

### **КЕРІМБАЙ БОЛЫСТЫҢ НЕМЕРЕ ҚЫЗЫ**

– Керімбай болысқа тартқан ұлдары бар ма екен? – деді Баукең ерекше қызығушылық танытып.

– Бар екен. Ұлдары бірінен бірі өткен алып тұлғалы, бойлары биік, реңді, елге сыйлы азаматтар болыпты. Кәмпескіге ілігіп, қуғын-сүргінге ұшырап, қайсыбірі итжеккенге айдалып, ақыры жоқ болыпты. Керімбай болыстың немере қызы Раушанның аты осы уақытқа дейін ел аузында аңыз боп айтылып келеді екен.

– Ел аузына іліксе ол тегін қыз емес. Естіп-білгендеріңді сен асығып-аптықпай, рет-ретімен айт, мен сөзіңді бөлмей тыңдаймын. Келістік пе?

– Келістік.

– Ендеше баста.

Қазір сізге айтар оқиғаны мен Раушанның қайынсіңлісі – Шәкен анадан естідім. Күйеуінің соғыста ерлікпен қайтыс болғаны туралы қаралы хабар алып, жиырма төрт жасында үш баламен жесір атанған Раушан тағдырдың тосын ауыртпалығына төзіп бақты, – деп бастады сөзін Шәкен ана. – Жеңіс қуанышын тойлағанына төрт жыл өткенде, ол жоқшылық заманға қарамай, ата-бабамыздың ежелгі дәстүрі бойынша әкесі мен күйеуінің аруағына арнап, ас бермек болды. Ол үшін алдымен күріш табуы керек екен.

Күздің алғашқы күндерінің бірінде колхоз басқарма төрағасынан екі өгіз жегілген тақтай қорабы бар арбаны

сұрап алып, Айшабибі күмбезі маңына жақын ауылдағы күріш өсіретін кәрістерге барады. Он қапшық күрішті арбаға тиеп, кері қайтады.

Ертеңгіліктей емес, таудың басындағы қардың еруіне байланысты Аса өзенінің суы арнадан асып, сонаумен сонауға дейін жайылып кетіпті. Екі өгіз өзеннің ортасына жете бере, жүрмей тоқтап қалады. Амал жоқ, Раушан етігін шешіп арба үстіне қалдырып, көйлегінің етегін кеудесіне дейін түріп, суға түседі. «Өзіңе осы керек» деп мысқылдай күліп, денесінің тітіркенгенін де елемей, екі өгізді жетелейді. Арба орнынан қозғалмайды.

Раушан мына қырсыққа шыдай алмай, соғысты бастаған Гитлерді қарғап-сілеп, айқайлап жылайды. Көмекке келер біреу-міреу көрінер ме деп жан-жағына алақтап қарайды. Ешкім көрінбейді. Жылағаннан түкөнбейтінін білген ол қайратына мініп, не істеу керегін ойластыра бастайды. Көйлегін шешіп, арбакорабына лақтырысымен суға сүңгіп, арбаның алдыңғы екі дөңгелегіне бұжыр тастардың кептеліп тұрып қалғанын көреді. Оларды алып тастамай арба алға жылжымайтынын түсінген Раушан суға қайта сүңгіп, жолды тастардан аршып, екі өгізді қайта жетелейді. Біраз жылжып, арба тағы тоқтайды. Раушан суға қайта сүңгиді. Өлдім-талдым дегенде өзеннен өтеді. Етігін, көйлегін киіп, тісі тісіне тимей ымырт үйіріліп, қараңғылық қоюлана түскенде Раушан арбаға жегілген өгізді жетектеп, біздің үйге келді. Әкем алдынан жүгіре шығып, арбаны аулаға кіргізіп, қалш-қалш етіп тоңған Раушанға:

– Үйге бар, тез! – деп тағы бірдемелерді айтып, қуып жіберді де, өзі екі өгізді арбадан шығарып, қораға қамады.





Менің шешем де, Раушан да Шымырдың қызы еді. Екеуі құшақтасып, жылап көрісті. Үйдің ортасындағы темір пешке көмір салып қойған едік.

Аса өзенінен біздің үйге жеткенше Раушан жеңешемнің аяғының қызарғаны кетпепті. Мен етігін шешіп, шұлғауын жуғалы дәлізге апарып қойдым.

– Аяғым отқа қақтаулы сияқты. Ішімдегі ыстығым түгел сыртқа шығып кеткен бе, қайдам. Мұздай суға бір емес бірнеше рет сүнгідім, – деді Раушан ортадағы темір пешке төне түсіп.

Анам Раушанның аяғының астына көрпеше төсеп, шынтағына жастық қойып, өзін пешке жақындатып, барын алға ұсынып, қазанға ет салып, бәйек болды.

Содан Раушан ауруға ұшырады. Мен ол кісіні қайда барсам да өзіммен бірге ала кетіп жүрдім. Жаңақорған, Сарыағаш, Мерке шипажайларында бірге демалдық.

Өзі бойы мен көлденеңі бірдей ірі кісі еді. Ваннаның астауына енгенде, судың бәрі сыртқа ағып кететін. Мен көкірегіне шелекпен су шашатынмын. Ол кісіге дүкеннің киімі шақ келмегендіктен өзімнің тігін машинамен көйлек-көншегін, іш киімін тігіп беретінмін. Көйлегіне жеті-сегіз метр мата бір-ақ кететін. Мен тіккен бұйымдарды біресе қуанып, біресе жылап киіп алатын.

Раушан әнші еді. Оның салған әндері керемет болатын. Жанынан өлең де шығара беретін. Бірде бір әйел екеуі киноға бармақ болғанда мектептен оралған баласы Смағұл:

– Апа, қайда барасыз? – дейді.

– Киноға барамын.

– Апа, бармай-ақ қойыңызшы? Мен өскеннен кейін киноға өзім арқалап апарамын.

– Смағұлым әлгіндей дегенде жүрегім езіліп, аяғымның басына түскендей болды. Қасымдағы әйелге:

– Сен жүре бер, соңыңнан қуып жетем, – дедім. Сол бармағаннан бармадым, Шәкен-ау – дейтін.

Смағұл уәдесінде тұрып, анасын апармаған жері жоқ.

– Сахнаның алды, астың дәмдісі менікі. Смағұлым жұмыстан келісімен қолымды, аяғымды уқалайды. Одан шаршаса, қатынына уқалатады. Алматыдан артистер келсе, үйімде қонақ болып, әндерін, әңгімелерін тыңдап, бір жасап қаламын, Бұл, айналайын, Смағұлымның арқасы, – деп Раушан ұлына шексіз ризалық көңіл күйін білдіретін.

– Неғып қайындарыңыздың біріне тиіп алмадыңыз, апа? Өзіңіз әншісіз, ақынсыз, сондай әдемісіз, – деді бірде Смағұлым.

– Өзіңнің «концертке бармай-ақ қойыңызшы?» деген бір ауыз өтінішің ғой мені тоқтамға келтірген, – деп едім, ол ойланып, үндемей қалды. Осындай ұл берген Аллаға алғыс айтып, тәубә деймін.

Шәкен-ау, сенен несіне жасырайын, бірде колхозымыздың басқарма төрағасы, қайным сөз айтты.

– Шын жаның ашыса, шын ағайын болсаң, маған жәрдем бер, – дедім бетін қайтарып.

Раушан жеңгемнің жақсылығын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Адамгершілік шарапатының құдіреттілігі сондай біз бірге туғандай боп кеттік.

Мінезі жаз күніндей жайдары, әулетіміздің ұйтқысы еді. «Пәленше қайда, Түгенше қайда?» деп ағайынды түгендеп, дастарқанын жайып, аналық ақылын айтып отыратын. Жастай жесір қалып, үш перзенті жолына жастық



шағын да, күш-қуатын да құрбан етті.

Арада жылдар өтіп жатты. Смағұл баласы ауырып қалғанда:

– Жаратқан ием,  
Ай-күннің сәулесімен,  
Әжелердің ақ сәлдесімен,  
Қорғай гөр Смағұлымды.  
Биік тауларыңмен,  
Мәуелі бауларыңмен,  
Қолдай гөр Смағұлымды.  
Сұқтанған көзден сақта,  
Шірік сөзден сақта

Күншіл езден сақта, – деп Аллаға жалынып-жалбарынғаны есімнен шығар емес...

...Күн жұма еді. Телефон шылдырлады. Тұтқаны көтердім. Раушан жеңгем. Аман-саулық біліскен соң:

– Жас уағымызда төркіннің қаді-рін білмеппіз. Балалы-шағалы, отбасылы болғаннан кейін асығып-үсігіп, өзімізбен өзіміз боп жүре беріппіз. Солай төркініңнің бар-жоғы байқалмайды екен. Қартайғанда әркімге төркін керек көрінеді. Әпке деп іздеп кеп тұрған бауырдан қалай айналмайсың. Бауырға зар ғып қойған сұм заманның, сұм соғыстың зардабы өтті ғой, – дей келіп:

– Шәкенжан, (мені Шәкенжан дейтін) Айшабибі әулиеге барайық деп отырмыз. Мұқаш екеуің келіңдерші? (Күйеуімнің аты Мұхиддин еді, жұрт Мұқаш деп кеткен). Екеуіңді Айшабибіге ала кетейін.

– Жарайды, – деп айтқан жеріне бардық. Мұның алдында баласы Смағұлдың Байзақ ауданына әкім боп сайланғанымен арнайы құттықтағанбыз.

Жүк машинасына семіз боз бие-ні тиеп қойыпты. Байзақ ауданы мешітінің молдасы, тағы бес-алты кісі бар бес-алты машинамен Айшабибіге бардық. Машиналарымызды ар жағындағы қырдың қасына қойып, молдаға

құран оқытып, Раушан боз биені құдайыға сойдырды.

Құбылаға қарап, кәлима айтып, Аллаға өзінше мінәжат етті. «Бұл кісі енді не істер екен?» деген ойда бәріміз аңтарылып, үнсіз тұрып қалдық.

Раушан шашы аппақ құдай, дәу, семіз кісідей емес, ширақ қимылдап, басындағы орамалын жұлып ап (арнайы орамал ала келуді ұмытқан-ау), мойнына сап, бір байлап, Айшабибінің босағасын құшақтап:

– Е, Алла, ұлымды әуелі өзіңе тапсырдым. Қашанда жар болып, бізге, елжұртыма, бүкіл адам баласына береке-бірлік, тыныштық бере гөр. Сұм соғыстың аты біржолата өшсін, ешкім маған ұқсап бауырсыз, байсыз зарлап жыламасын. Шірік, бозбиені құдайы деп шалдырған кезімде атымды атап, әпке деген бір бауырымның қасымда болмағаны-ай. Қайтейін, жалғыздық жаныма батты. Қайран аруақты, қасиетті Керімбай бабамның ауылы, қайран Билікөл, Берікқара, барлық уақытта бізге қорған, қоныс болған, ардақты жердің аруағы мен қадір-қасиеті, еңсесі биік Қаратау мен айбынды Алатау, жалғызым Смағұлымды қолдап, қорғап, желеп, жебей көріңдерші. Ана тілін қастерлеген әулие ана Айшабибі, қорғай гөр құлынымды. Үстіне шыбын қондырма, шаң жұқтырма.

Айтпаған сөзі жоқ. Өзі әнші, ақын, көпті көрген, көп азап шеккен ана ғой. Шемен боп қатқан шерін сыртқа шығарып, ботадай боздады.

– Халқымнан мен садаға, құлынымнан мен садаға.

Көзінен жас сорғалап ағып жатыр. Бәріміз қосыла жылап тұрмыз. Жыламау мүмкін емес. Сөзінің арасында өзінің 24 жасында жесір қалғанын да айтып егілді.



Шәкен ана мұңлы сезімге толы сөзін ары қарай созғысы келмей, қабағын шытып, үнсіз қалды. Мен өзімді толғатқан сұрақты қойдым.

– Раушанның күйеуі соғысқа дейін кім болып істеген еді?

– Колхоз басқарма төрағасы еді. Милицияның бір дөрекі бастығының заңға қайшы ісін бетіне басқаны үшін сотталатын қауіп төнгендіктен (ол кез ұр да жық заман еді ғой), түрмеге түсуді ар көріп, өзі сұранып майданға кетті. Содан оралмады.

### АСЫЛ ЕРДІҢ ТҰЯҒЫ

– Енді Раушан ананың ұлы Смағұлдың айтқандарын тыңдағыңыз келе ме?

– Тыңдағым келеді.

– Бойы екі метрге жуық, кең жауырынды, қыр мұрынды жігіт ағасы Смағұл:

– Үшінші сыныпта оқып жүрген кезім, – деп өткен өмірін еске ала сөйледі. – Мектептен үйге келсем, бір әйел қасында, анам көйлегінің қыртысын жазғалы су бүркіп, сылап-сипап отыр.

– Апа, қайда барасыз?

– Киноға.

– Бармаңыз. – Маған анам киноға барса, ол кісіні біреу біржола алып кететіндей сезілді.

– Апа, бармаңыз. Мен үлкейіп өсем. Сізге киноны да, концертті де үйге әкеп көретем.

– Үйдің іші ыстық, баламның басы ауырады, – деп анам көктемде өзі сақтап жүрген киз үйді аулаға тігіп, мені әлпештеп төрге жатқызатын. Кішкентайымнан «осы балам адам болады, мені осы асырайды» дейтін маған үміт артып.

Мен қазақша да, орысша да қолыма түскен кітапты оқи беретінмін. Қариялармен де жиі араласатынмын.

...Анам таң қылаң бергеннен 5-6 шақырым шалғай жердегі жұмысқа кетіп, түнде бір арқа отын арқалап келеді. Оны жағып, тамақ пісіріп, тозған киім-кешекті жамап, түннің бір уағында жатады.

Ауылымызда Бекмембет Абдуллаев деген ағайынымыз бар еді. Өзі оқыған кісі, елге, бізге жаны ашитын. Маңдайымыздан сипап:

– Қарақтарым, амал жоқ, шыдаңдар, егін орағы жақын қалды. Масақ теріп, күн көріп кетесіңдер, – дейтін. Ол кісінің сол сөзін көңлімізге әжептеуір медеу тұтатынбыз.

Масақ теретін күн де жетті-ау. Атқа мінген қарауыл алыстан қарап тұрады. Соншалықты оңбағандығы, дорбамыз масаққа толды-ау деген кезде шауып кеп, бізді сабап, тергенімізді тартып алады.

Қарауылдың қамшысынан қорқып қаша бергенімізде жалаңаяқ табанымызға тікен кіріп, қан ағып, жүре алмай қалатынбыз. Мұндай жағдай талай рет қайталанды. Жылап-еңіреп Бекмембет ағайынымызға баратынбыз. Ол кісі қарауылға ұрсатын. Колхоз басқарма төрағасына:

– Әй, ана шолақ белсендіне неғып қой демейсің? Мына ел аштан өле ме? Сендердің масақта не жұмыстарың бар? Неге балалардың еңбектеніп терген масағын тартып аласыңдар?! – дейді ыза болып.

Ертеңіне біз қайта масақ теруге барамыз. Бармайық десек, ашпыз. Қарауыл қай жағымыздан келіп қалар екен деп жалтақтап, алақтаумен боламыз.

– Төрағаға айттым, енді сендерге қарауыл тимейді, – деген Бекмембет



ағайынымыздың сөзіне сеніңкіремейміз. Көзге түспес үшін масақты еңбектеп жүріп тереміз. Алыстан біреуіреу көрінсе, саршұнақ тышқанға ұқсап, жата-жата қаламыз. Өлгі көрінбей кеткен соң, қайта масақ теруге кірісеміз. Кейде Құдай жарылқап, комбайннан төгіліп қалған бидайға кезігіп, апыл-құпыл қимылдап, өлген-тірілгенімізге қарамай дорбамызға салысымен үйге қарай зытамыз.

Соғыстың аса ауыр, азапты жылдарының өзінде анам елге қамқоршы болды. Ауылымыздағы жесір әйелдерді жігерлендіріп, қайраттандырудан шаршамайтын. Кейде олар рақметін айтып, қолынан сүйгісі келетін.

– Әй, қойындар, қолымнан сүйіп мені патша дейсіңдер ме? Рақмет айтсаңдар да жетеді. Жұртқа істеген жақсылықтарың сол болсын, кішкентайларыңа абай болыңдар, жөндеп тәрбиелендер, – дейтін.

Тамақ тапшы. Қатырма нанды қатырып, кептіріп қояды да, сүтті қайнатып, үстіне екі-үш қасық сары май салып, бізге береді. Содан кешке дейін тамақ ішпейміз.

Бір күні анам «еш болмаса жүгері егейік» деді. Ауылдан он бес шақырымдай шалғайдан жер алып, жүгері екті. Жұмысқа жұмыс жамалды. Егіске қарамаса, мал жеп, не собығын біреулер қайырып алып кететін қауіп төнді. Амал жоқ, анам екеуіміз жүгерінің басына барып қонатын болдық. Түн суық.

Жүгеріні жалғыз біз емес, басқалар да екті. Оны суғару оңайға түспеді. Кезекке тұрамыз. Біздің кезек келгенде, арығымыздан су ақпай қалды. Себебін іздеп бара жатсақ, Кавказдан көшіп келген қарашай шал жығып алыпты. Ол екі-үш күн бұрын өзінің кезегі бойынша жүгерісін суғарып алған еді.

Оны місе тұтпай, енді біздің суымызға жармасыпты.

– Сіздің мұныңыз қалай? – деген анамды көкірегінен итеріп, «жаныңды жаһаннамға жіберем» деген сөз айтты. Анам әлгіні жерден тік көтеріп ап, батпаққа атып ұрды, алқымынан қысып, тұншықтыра бастады. Бір уақытта шал:

– Қойдым, кешіре гөр, кешір, – деді тағы бірдеңелерді қырылдай айтып.

– Енді суды жықсаң, ажалың менен! – Шалды батпаққа атып ұрған анам көзіме алып адам боп көрінді.

Суға қанған жүгері бітік өсті. Бес қап өнім алдық. Пиясы сиырымызға азық болды.

Анам кейде:

– Бұрын үйіміздің сыртқы есігінің тұтқасына шөп қыстырып, базарға, магазинге, ауылдастарымызға қыдырып кете беретінбіз. Құлып дейтінді білмейтінбіз. Ол кездегі адамдар бір бірінің инесін де алмайтын. Халқымыз сондай адал, бейбіт-берекелі, ынтымақты халық еді, – деп түрлі естеліктер айтатын.

– Студент кезіңіздегі өміріңізбен таныстырыңызшы?

– Алматыдағы Дене тәрбиелеу институтының студенті кезімде дөкейлердің балаларымен бірге оқыдым. Олар өздерінше топ құрды. Негізгі кәсібі – біреудің ақшасын тартып алу. Мен ә дегенде бөлініп кете алмай, олармен бірге жүрдім. Өз жанымнан бір тиын шығармадым. Шығарарлық жағдайым белгілі. Оларды теріс жолдан сақтандырып, дұрыс бағыт сілтеуге талпындым, қолға түсіп қалмаулары үшін әрекеттендім.

Тепсе темір үзетін жігіттер ақша алып келеді. Оны қалай жұмсауды мен басқардым. «Мұным қалай? Балалығым-шалалығым ертең басыма бәле



боп тимей ме?» деп те қауіптендім. Бір күні:

– Жігіттер, бұл тірлік қылмысты тірлік. Ішіп алсаңдар ит болып кетесіңдер. Мұны қойыңдар, – деген едім, біреуі:

– Қойыңдар дейсің бе?! – деді зілді үнмен.

– Иә. – Сол сәттен арамызда кикілжің басталды. Олардың менің ақылмды да, ұйымдастырушылық қабілетімді де қажет етпейтінін сездім. «Ертең бір нәрсеге ұрынсам, анамның халі қалай болады?» деп жиі ойланатын болдым.

Анам маған ұрыспайтын. «Қарағым, мен өмірімді сенің тізгініңе байладым. Сен үшін өмір сүріп жүрмін. Ертеңгі күні жерге қарап, далада қаңғып қалмайын. Баяғыда ақсақалдар жиналып: «24 жастасың, күйеуге ти», – дегенде бекер тілін алмаған екем. Барар жерім, басар тауым қалмай, сандалып, сормандай атанбайын», – дейтін. Содан арақ ішсем де, біреумен төбелесем де, не саябақта қыдырып жүрсем де анамның әлгі сөздері құлағыма сыбырлап тұрғандай сезілетін. Қызбалықпен сәл артық кетіп бара жатсам, анам елестеп, кілт сабама түсетінмін. Ол кісі маған бірде бір рет «біреудің бірдеңесін ал, өйт, бұйт» деген емес.

Анамның көріпкелдігі де бар еді. Қазіргі Алматының орталық стадионы ол кезде жаңа ірге көтерген болатын. Біз, студенттер оның кара жұмысына жегілдік. Еңбегімізге аздаған тиын-тебен аламыз. Соған мәзбіз.

Стадион төбесі биік еді. Сол биікте курстасым екеуміз болмашы нәрсеге таласып, төбелесіп қалдық. Бір кезде ұмар-жұмар төменге қарай зымырадық. Мен оның үстіне құладым. Курстасымның аяғы сынып, менің басым жарылды. Ауылдағы анам сол күні түс көріпті. Бір кісі:

– Смағұлға бірдеме болды. Бар, ол қиналып жатыр, – депті. Ертеңіне анам қойын сойып, етін арқалап, аулымыздың Алматыда тұратын бір адамының үйіне барыпты. Мен ауруханада жатқанмын. Анамның келгенін естіп, ауруханадан қашып шықтым да, ештеңе болмағандай күлімдеп, анама бардым. Етті асап жеп, сорпа ішіп, рахаттанып қалдым. Анам қанша өтініп сұраса да, қайғырып жүрер деп шынымды айтпадым.

– Құдайға мың шүкір, әйтеуір аман екенсің, – деді анам ары қарай қазбаламай.

Қазақ өмірдің барлық қалтарыс-бұлттарысынан ой түйе білген философ халық қой. Мысалы, «Әкелі жетім арсыз жетім, аналы жетім арлы жетім» дегені қандай даналық?! Бұл мақалды естіген күннен бастап мен анамды бұрынғыдан да жақсы көре түстім.

Соғыс кесірінен үлкендермен бірге балалар да көп қиындық көрді. Қайсыбірі ауруға ұшырап, қайтыс боп кетті, қайсыбірі аурушыл боп қалды.

Құдайға шүкір, сіз Алланың, қала берді анаңыздың қамқорлығы арқасында аман-есен ержеттіңіз. Сол ержеткеннен кейінгі өміріңіз қалай қалыптасты?

– Мектепті бітірген соң Алматыдағы дене тәрбиелеу мәдениеті институтында оқыдым. Оны бітіріп, мектепте дене тәрбиесінен мұғалім боп істедім. Көпшілік арасында: «Атақты Керімбай атасының атын немере қызы Раушаннан туған жиені, Сыйқым Смағұл шығарады деген сөз тарай бастады. Сол сөзді шындыққы айналдырып, бір мың тоғыз жүз жетпіс бірінші жылы Керімбай бабамның аруағын ардақтап, биіктігі тоғыз жарым метр күмбез тұрғыздым.



Көп ұзамай аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы боп сайландым. Кешке үйге келгенімде: «Бұл саған жүктелген үлкен сенім, үлкен құрмет. Адал қызмет ет. Елмен аралас-құралас. Үлкендердің сөзін тыңда, құрмет тұт, өнеге ал. Солай өзінді өзің тәрбиеле, қарағым, – деді анам.

Бірде Жуалы ауданына іссапармен барғанымда:

– Керімбайдай жақсының тұқымы екенсің, қарағым, – деп қариялар кезекпен үйлеріне шақырып, қонақ етті. Өзім жап-жаспын, төрге отыруға ұялам.

– Ой, сен ұялма. Керекеңнің тұқымысың ғой, – дейді бәрі.

– Керекең жарықтық ар-намыстың кісісі еді. Елге сіңірген еңбегі көп, – деп бірінен кейін бірі неше түрлі оқиғаларын айтып, мені қатты қуантты. Бір қария бізге құда екен. Сол кісі:

– Бұл аптада мына ауылда, келесі аптада ана ауылда қонақ боласың, – деп тізім де жасап қойыпты. Оған менің уақытым жоқ қой. Ол кездегі қариялардың табиғаты мүлде бөлек, пейілдері даладай кең, көңілдері көлдария еді.

...Ой құшағында жүргенімде ауданымызға Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Тимофей Егорович Севрюков сайлаушылармен кездесуге келді. Қасына ерген ешкім жоқ. «Көзге түсетін жерім осы» деп сөзге жазылдым. Сөзімді он бес минутке шақтап, мұқият дайындалдым.

Бір жазғанымды қайта көшіріп, қайта өңдеп жаздым. Дауыстап, мәнерлеп оқып жаттықтым. Ұйықтап жатқанымда біреу түртіп қалып оятса, атып тұрып, жазып алған сөзімді жатқа айтып беретіндей халге жеттім. Қай тұста кідіру, қай тұста тыңдаушылар көңіл

күйін байқау үшін жұртқа қарау керек екенін де ескердім. Кездесуде жазып алған сөзімді мәнерлеп оқып шықтым. Төралқадағы орныма келе бергенімде, Тимофей Егорович тік көтеріліп, мені құшақтап:

– Жақсы сөйледің, даусың да тамаша екен. Қуаныштымын, – деді.

– Өз түсінігім бойынша сөзімді әсемдеп әрлемей, қарапайым өреде сөйлеген тәріздімін, – деп едім:

– Дұрыс, сізді біз өз қамқорлығымызға аламыз, – деп қолымды құшырлана қысты.

Сол кездесуден кейін мені Алматыдағы жоғары партия мектебіне алдырды. Алғаш телефон арқылы әңгімелесіп тұрдық. Кейін өзім қызмет орнына барып та сөйлесіп жүрдім. Тимофей Егорович:

– Оқу қалай болып жатыр? Ерінбей ізден. Сен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болуың керек, – деді бірде. Көп ұзамай ол кісі Қазақстан Орталық партия Комитетінің хатшысы болды.

Бірде Тимофей Егоровичке:

– Сіз басшыларымыздың бірісіз. Балалардың терген масағын тартып алып, өздерін сабаңдар деген астыртын тапсырма болған ба еді? Естуімше, мұндай келеңсіз жағдай барлық жерде орын алыпты, – дегенімде:

– Ол жергілікті жерлердегі оңбағандардың істеп жүргендері шығар. Әйтпесе, ондай тапсырма болған емес, – деді Тимофей Егорович.

Мен жоғары партия мектебін бітіргенімше, ол кісі қайта оралмас сапарға аттанып кетті.

Тимофей Егоровичпен таныс-біліс болғаным өзіме таяқ боп тиді. Жамбыл облыстық партия комитетінің хатшылары алдына бір шаруамен бара қалсам:



– Севрюковыңа бар, – дейтінді шығарды. Мұны өсекшілердің сөз тасығыш «қайраткерлік» еңбегінің жемісі деп білдім.

– Қызмет бабымен біраз шетелде болыпсыз ғой?

– Иә, болдым. Израильға делегацияны басқарып барғанымда, өркениетті елдің әлеуметтік жағдайына көбірек көңіл бөлдім. Қарамағында 200 сиыры бар бір еврейдің жекеменшік сиыр фермасының жағдайымен таныстым. Театрда сахна айналады ғой. Соған ұқсас шеңбер ақырын айнала береді. Сиырлар алдындағы бір астаудан су ішіп, бір астаудан шөп, жем шөп жейді. Одан кейін жуып, тазартылған сиырдың емшегіне шлангі арқылы сауатын аппарат кигізіледі. Шеңбер бір айналып шыққанынша барлық сиыр сауылып бітеді.

Тағы сүйсінерлігі, әр сиырдан 40 литрден сүт сауылады екен. Сауылып болған соң сиырлар шеңберден шығарылып, ағашпен қоршалған жайылымға жіберіледі. Содан олар айналып, жайылып жүреді. Қалағанынша тоқтап аунайды, су ішеді. Ең соңында бастапқы орнына барады. Жұмыстың бәрі автоматтандырылған. Оны бір-ақ адам атқарады.

Әлгі фермердің үйіне де бардым. Тірлігі – ақылды адамның тірлігі. Ол: – 200 сиырды қалай бағып-қағу әдісі мен технологиясын өзім ойлап таптым, – деді. Шіркін, бұл мүмкіндікті бізде де қолданар ма едік деген ойға берілдім. Өкініштісі, ол кезде біз ондай жаңалықты игеруге дайын емес едік.

...Америкаға сапар шеккенімде де көп ой түйіп қайттым. Ол жеке тақырып. Сәті түскенде, айтып берем. Қазір Америка азаматтығын алғандардың бауырластықтарына, тәртіптілігіне қысқаша тоқталайын. Нью-Йоркті аралап

жүрмін. Көшеде негр полицей тұр. Жұрт ары-бері өтіп жатыр. Әлгі полицей таяғын сілтеп қалса, жолдың арғы жағындағылар да, бергі жағындағылар да тоқтай қалады. Американдықтар тәртіпке бір кісідей бағынады екен.

Біздің кейбір бас асауларымыз полицейдің сілтеген таяғына да, шалған ысқырығына да құлақ аспай, көшенің ар жақ, бер жағына жүгіріп өте береді ғой. Бізде жол апатының көп болатыны тәртіпті сақтай бермейтінімізден-ау деп мойындадым...

Үлкен саябаққа кірер тұста тағы бір дәу негр полицей тұр. Екі иығы менің екі иығымнан биік. Желке жағынан барып, иығымды иығыммен өлшестіре беріп едім, ол маған ашулы кейіпте жалт қарады. Ізінше өзімді өзіммен салыстырып тұрғанымды түсініп, «сен де осал емессің» дегендей бас бармағын көрсетіп, күлді.

Атамзаманда қарсы кездесе қалған қыздарды, келіншектерді американдық солдаттардың ұстап алып, сүйеге құқылы болғанын кітаптан оқыған едім. Соңғы кезде ол дәстүр ұмытылған. Соны еске түсіргелі жақындай берген бойжеткенді ұстап алдым да, бас салып сүйе бастадым. Ол ойбай сап, бақырып жылап, әлек. Жұрттың бәрі мені жындыға балап, шуылдап тұр. Араша түскелі ана жақтан офицерлер жүгіріп жетіп, бірдеме деп жатыр. Мен:

– Сендер өз дәстүрінді ұмытқан-сыңдар ма? Атамзаманда бастарыңнан осындай жағдай өткен, – деп мән-жайды түсіндірген едім, бәрі аха-ха-халап күліп маз болды.

Бір такси жүргізуші түрік жігіті:

– Біз күнде әртүрлі жандарға қызмет көрсетеміз. Сіз маған ерекше ұнадыңыз. Қайдан келдіңіз? – деді.

– Қазақ елінен.



– Қасыңызға кімді ертсеңіз де еркіңіз. Ақша алмаймын. Сізге түнгі Нью-Йоркті аралатып таныстырам, – деді. Алматылық Мүслім Дайырбекұлын іздеп тауып, ертіп алдым. Қаланы армансыз араладық.

Келесі күні машина жөндейтін әрі май құятын шеберхана жанынан өтіп бара жатыр едік, иесі бізді көріп қап, балаша қуанды. Дастарқан жайып, мәре-сәре болды да қалды. Таныстық. Ол әзірбайжан екен. Америкаға келерден бұрын Баку қалалық партия комитетінің хатшысы болып істепті.

Мүслім қолын ары-бері қозғап отырған. Бір кезде маған жымия қарап:

– Сағат қанша болды? – деді. Мен қалтама қолымды салып, сағатымды іздеп таппадым.

– Бұл қалай? Алдында ғана қалтаманнан алып көріп, қайта орнына салып қойған едім ғой. Сағатыма жан бітіп кетті ме? – деп аң-таңмын.

– Қай жерге түсіргенің есінде жоқ па? – деді Мүслім күліп, сағатымды қалтасынан алып беріп. Ештеңеге ақылым жетпей, аң-таңмын. «Апырмай-ай» деп дастарқан иесі де таңғалды.

– Соғысып жатқан шешендерге қандай жәрдем беріп жатырсыздар? Біз, мұсылмандар, айлығымыздың отыз пайызын үзбей жіберудеміз, – деді американдық әзірбайжан.

– Біздің бүгінгі таңдағы жағдайымыз онша емес. Шешендерге бірлі-жарым қалтасы қалыңдарымыз ғана көмектескендей, – дедік.

Қыдырып жүріп, татарлардың ресторанын ұшырастырдық. Ойпырма-ай, олар бізді бас сап құшақтап, бетімізден сүйіп:

– Кәне, төрлетіңдер, еркін жайғасындар, – десіп бәйек болды.

– Біз жаңа ғана тамақтандық, әуре болмаңыздар, – дегенімізге қарамай,

олар өз қалауларынша әрекет етті.

– Әңгімелеріңізді айтыңыздаршы, жағдайларыңызды білгіміз келеді. Кейде елімізді сағынғанда Нью-Йорекке сыймай кетеміз, – деп сұрақты үйіптөкті.

Үлкен қаланың келесі бір ауданындағы ресторанға енген едік, иесі Украинадан барған еврей кісі екен.

– Менің елімнен келген құрметті қонақтарым екенсіздер. Қалаған тамақтарыңызға тапсырыс беріңіздер. Сіздерден көк тиын алмаймын, – деді жаны қалмай, есі шыға қуанып.

Біз бір жағынан жаны жомарт жақсы жандармен кездескенімізге, екінші жағынан Америкадағы еркіндікке, демократияға шын көңілден риза болып сүйсіндік.

Әкім кезімде шамалы сырқаттанып қалып, неміс әйелге желке-жотамды он күндей сылатып-сипатып, уқалатқан едім. Сол әйел айтқан әңгіме американдардың сый-құрметінен кейін еріксіз есіме түсті.

– Соғыс кезі. Бізді Волга бойынан Қазақстанға көшірді. Анамыздан екі қыз, бір ұл едік. Жолда жау біз мінген поезды бомбылап, он жасар ұлдан көз жазып қалдық, – деді әлгі әйел, – Оны пәлен жыл сұрау сап жүріп Германияның Дрезден қаласынан таптық. Кейін іздеп бардық. Үйленіпті. Күйеуге шыққан қызы бөлек тұрады екен. Бізбен таныстырғалы оларды шақырды. Екеуі келді.

– Сендерді ескермеппіз, тамақты өзімізге ғана шақтап әзірлеген едік, – деді інімнің жұбайы қызы мен күйеу баласына.

– Біз тамақтанып келдік, аш емеспіз, – десті ол екеуі. Келіннің сөзі маған ерсі естілді. Ең құрығанда ауыз тиіңдер де демеді. Біз тамақ ішкен құрлы болмадық.



Ертеңгілік інімнен басқалары жұмыстарына кетті.

– Кішкентай кезімде тәтті тамақ пісіруші едіңіз. Оның аты қандай еді? – деді інім. Ананы айтып, мынаны айтып, ақырында борщ болуы керек дедім.

Көшенің арғы бетінде магазин бар екен. Капуста, қызылша, сәбіз сатып әкеп, бір кастрюльді толтырып борщ жасадым. Исі аңқып, бәрімізге әдемі әсер сыйлады.

Кешке келінім жұмыстан келіп:

– Міне, сендер қандайсыңдар?! Қалай өмір сүруді білмейсіңдер. Ақылсызсыңдар, үнемшіл емессіңдер! Мына кастрюльді толтырып борщ істегендерің не?! Осыдан кейін қайтіп кедей болмайсыңдар. Енді бізді де кедей етпексіңдер ме?! Қара басып көрші магазиннің сатушысына «бұларға ештеңе сатпа» деп ескертіп айтуды ұмытыппын, – деп жұлынды кеп, жұлынды.

– Әй, сабырға кел. Біз өз ақшамызға алдық, – деп едім, жұлқынғанын қоя қойды. Ол капуста, қызылша, сәбізді оның атына жаздырып алған екен деп ойлапты. Өздерінің сатушымен сондай келісімі бар көрінді. Көршілердің алған заттарына төлейтін ақшасы болмай қалса, қарыз ретінде сатушы дәптеріне жазып қояды екен.

Облыстық атқару комитетінің төрағасы Аққозиев обком жиналысында Крупская атындағы колхозда жұмыс жоқ. Елдің бәрі көшеде арақ ішіп, сандалы жүр. Елі ел емес екен», – деп сөйледі. Мен намыстанып:

– Сіз елді жамандамаңыз. Көп болса бос жүрген оншақты адам шығар. Ел оған кінәлі емес, – деп едім:

– Немене, ол сенің ауылың ба еді? – деді.

– Иә, менің ауылым.

– Ауылың болса, бармайсың ба? Жөндемейсің бе?

– Барсам, барармын. – Сол сөзім күш алып, мені аулыма колхоз басқарма төрағасы етіп жіберді. Бірінші күн анам:

– Қызметті Ошақты, Сыйқым, Шымыр ағайындармен теңдей бөліс. Өкпелемендер деп айтып, жағдайды түсіндіріп қой, – деді. Мен дәл солай еттім. Анамның бұл ақылының жұмысыма пайдасы көптіді.

Жұмыссыз жүрген ауылымның балаларын жұмысқа алғанымда:

– Қарағым, онсыз да күніңді көресің. Аналық тілегім, «сендерге жақсылық жасадым» деп олардың бірдемесін алушы болма. Оңай олжаға қызықпа, дүниеқоңыздықтан іргенді аулақ сал, – деді анам ұйқыдан оянғанымда.

– Сіз айтпасаңыз да ешкімнен ештеңе алмаймын, апа.

– Кім біледі. «Періште алтын көрсе жолдан шығады» дегеннің кері келіп жүрмегей.

Бір күні кабинетіме қайынатам енді.

– Әй, Смағұл, саған айтар сөзім бар.

– Е, айтыңыз.

Ол кісі бухгалтерияда істейтін. Жасы жеткендердің уақтылы зейнетақы алуын ұйымдастырушы еді. Зейнетке жасы жеткендер аудан орталығына қайта-қайта барып, бірнеше күн кезек күтіп әуре болмас үшін ол штатты өзім ашқанмын.

– Өтініш білдірген адамның барлық құжатын жинаңыз да, орталықтан оның зейнетақысының мөлшерін біліп кеп, өзіне қолын қойдырыңыз, – дегем. Біздің бұл бастамамызды басқа шаруашылықтар да қолдап, жүзеге асырды.

Қайынатам:

– Мына жұмысты бүйту керек, ана жұмысты өйту керек. Мына маманды, ана маманды орнынан алған дұрыс, – деді. Біздің ауылда құмды жақсы



жер бар. Ол жерге қарбыз егетіндер – гректер.

– Бір гектар жер сенің шай пұлыңды, анау-мынауыңды ажыратып тұрады. Гректерге тиме.

– Бар айтар ақылыңыз осы-ақ па? Сіздің мына ақылыңызға дейін әлгі гректерді аулымызда қалдырайын деп отыр едім. Енді қалдырмаймын. Сіз бұдан былай маған мұндай ақылмен келмеңіз. Мен сіз арқылы колхозды басқарғанша, өз еркіммен орынды босатуым керек. Ертең бір жаққа қыдыра қалсаңыз, «ой, ол кісі келгенше» деп мен жолыңызды тосып, қарап отыруым қажет пе? Бұлай болмайды. Көңіліңізге алсаңыз да, алмасаңыз да айтырым осы, – деп едім, кішкене ашуланды. Содан ол кісі бір жылдай өкпелеп, үйімнен шай ішпей жүрді. Қайда барады, кейін қатесін түсінді.

Анама да:

– Апа, мен сізге күнде не істегенімді мәлімдеп тұрамын. Сонда өз сөзімді өзім құлағыммен естіп, қай жерде қателескенімді сезем. Істеген ісімді ортаға салмасам, кемшілігімді сезбеймін ғой. Сіз тыңдап болып:

– Әй, мынаны былай істеуің керек еді десеңіз, қарсылығым жоқ, – дегем.

Бір жас жігітпен аудандық комсомол комитетінде бірге істеген едім. Іскер болатын. Кейін жұмысы қожырай бастады. Әйелі анама түнде қымыз, шұбат әкеп беріп кетеді екен. Оны мен білмеймін. Ол маған да бір сыйлық жасауға оқталып, батпапты.

Бір күні ауылдың қариялары жиналып:

– Ана жігіт бүйтіп жатыр, үйтіп жатыр, – десті. Тексеріп қарасам, шындында да жұмысында олқылықтар орын алулы. Олар аса үлкен де емес. екі-нің басында кездесетін кемшілік. Орнынан алайын деген ойым болған жоқ,

бір тәубесіне келтіріп қояйын деген ниетпен ескерту жасадым. Ол кішігірім қателігінен тез арылды.

Жақсы көретін ағайындар да келеді.

– Қарағым-ау, тым құрса, бізге бірдеме жазып берсеңші? Хал-ахуал қандау. Қой етін, құмшекер, күріш жазып бер, – деушілер де жетерлік. Қоймада бәрі бар.

Жазып берсең, ешкім саған мұның қалай демейді. Олар тағы тегін алмайды, ақшасын төлеп алады. Әрі мен де далаға беріп жатқан жоқпын ғой.

Ауыл өз алдына, ауданнан, облыстан таныстар келеді. Қалыптасқан ереже, облыстан келетіндер ақша төлемей кетіп қалады. Олар үшін өзім төлеймін. Алдарына барғанымда:

– Ой, айналайын, Смағұл, – деп жақын тартып тұрады.

– Смағұл, Смағұл дейсіздер. Мейрамханаға барайын десем, ақшам жоқ. Айлығымды сіздерге жұмсап бітірдім. Колхоздың бухгалтеріне қолқа салуға болмайды. Есептегі нәрсе. Оның бәрі ертеңгі күні алдыңнан шығады, – деймін әзілдеп.

Он жыл басқарма төрағасы боп істеген кезімде әр тапсырманың соңынан қалмай орындалуын қадағалап жүрудің арқасында артта қалған колхозды алдыңғы қатарға шығардым. Ең жұмыстың қиыны – колхоздың басқарма төрағасы, совхоздың директоры болу дер едім. Ол кәдімгі құлдың жұмысы тәрізді. Жоспар орындалуы керек, орындалмаса айқай-шу. Бар қажыр-қайратың, ақыл-ойың, ұйымдастырушылық қабілетің, тәжірибең жоспарды орындауға жұмсалады. Бұл аздай кім болса сол ақша сұрап келеді. Бермесен, ренжиді, қайсыбірі боқтайды. Сұрағанын бере берсең нең қалады. Амал жоқ, әрқайсысының көңілін тауып, шығарып салуың керек.



Асығып тұрсаң да, бес-алты минут уақытыңды бөліп, жағдайды түсіндіруің қажет. Тағы мұның қиындығы – жыл он екі ай қайталанып жататын жағдай.

Бірде, «апа, жұмыс ауыр, шаршадым» деп едім:

– Сен шаршама, шаршадым деме, – деді анам.

– Неге?

– Олай десең, ата-бабаңа сөз келтірсең. Мен жым болдым.

– Тәжірибеңіз бар ғой. Сіздіңше, басшы адам қандай болу керек?

– Ең басты қасиеті – шыдамды болғаны абзал. Мысал келтірейін. Туыс жігіт жұрт көзінше мені боқтады. Оны қаматып жіберуіме болар еді. Олай етсем, оңбай қателескенім. «Пәленшені қаматты, бұл жауыз, ешкімді аямайды» деп басқалар ызалана қарсылық білдіріп, одан сайын жағдай ұшыға түсуі мүмкін.

Әртүрлі ойға баттым. Мен де боқтасам ба екен? Онда одан қандай артықшылығым болады, қайта оның деңгейіне түсем ғой. Тез шешімге келіп:

– Ей, батыр, боқтап тұрған әкең саған да туыс. Оған сенің жаның ашы-маса, кімнің жаны ашиды? Менің анам сенің де анаң. Ол кісі есі бар, қасиетті кісі. Бір күні аузы-басың қисайып жүрмесін, – дедім. Туыс жігіт не айтарын білмей абдырап қалып, тілге келмей бұрылып кетті.

Мен кек сақтамадым. Кейін ол қатесін түсініп, кешірім сұрады.

Екінші, басшы адам ешқашан жалған сөйлемейі керек. Бір өтірігі әшкереленді ме, бітті, жұрт алдында оның қадір-қасиеті жоғалады. Уәде бердің бе, орында. Орындай алмасаң, көпшілік алдына шығып, себебін айтып түсіндір.

Үшінші, әділетті болғаны жөн. «Қолыңнан келіп тұрғанда сен маған ана қызметті, мына қызметті бермедің» деп талай бауырым өкпеледі. Егер сол қызметті берсем, оны өз деңгейінде істей алмас еді. Себебі, ол біріншіден, маған сенеді, екіншіден, қабілет-қарымы онша емес.

Өзіммен бірге оқыған, менен екі жас үлкендігі бар бригадир боп жүрген туыс жігітті бас инженер еттім, Айтқаны болып тұрды. Жұрт:

– Екі күннің бірінде арақ ішеді, – деп сөз ете бастады. Жұмыс орнынан іздеп таппай, үйіне барсам, мас, төсегінде жатыр.

– Ей, бұл не жатыс? Қайда ана техника? Ол неге жүрмейді?

– Қосалқы бөлшектер жоқ.

– Жоқ болса, маған келіп айтпайсың ба? Бірге іздеп тауып, оны жүргізбейміз бе? Арақ ішіп, мас болып жатқан саған біреу әкеп бере ме? – десем, қолын сілтейді. Орнына басқа адамды қойдым. Оған рақмет, шын пейілімен жанын салып жұмыс істеді.

Бас агрономым да «өнер» көрсетті. Астық орағы қызған шақ. Гектарынан 45 центнерден өнім алып, оны тасымалдауға машина жетіспей, ойымыз он саққа бөлініп, әбіржіген кезіміз.

– Экспедиторіме қосалқы бөлшектерді, бас агрономыма тыңайтқышты мына машинамен әкеліндер, – десем, бас агрономым:

– Екі жұмысты бір машинамен бітіру деген қандай тірлік? – дегені.

– Сен не далбасалап тұрсың? Бір машинамен екі емес, он жұмысты бітіруге болады. Жауапкершілікті мойындамасаң, орынды босат, – дедім де, бұйрық беріп, орнынан алдым. Әкешесі де, өзі де ренжіді. Ренжісе, көшке берген тайлағын қайтып алсын.

Төртінші, басшы адам кешірімді



болу керек. Кеудеме тас байладым дегенше, іс жүрмейді. Тас байлаудың мүл де керегі жоқ, оның зияны көп. Біз малды жазда құмға айдаймыз. Күн қызғанда құм да қызады. Саздау жерлері бар. Зоотехнигім: «Бір табын қара малды құмда қыстатайық», деп қоймады.

– Әй, батыр, қара мал қысқа шыдамайды, – деген едім:

– Менің зоотехник болып істегеніме бес жыл. Білімді маманмын. Осы жолы тәжірибе жасап көрейік, – деп өршеленді. Мен:

– Ойлан, байқа, – дедім.

Арада біраз уақыт өтті. Есеп-қисабымен таныссам, 30 бас қара мал өліпті.

– Әй, мынауың не сұмдық? – деп дереу басқарма мүшелерін шақырдым.

– Не болды, айт.

– Осылай, қара басты.

– Мен саған көптің көзінше айтпаппа едім. Қазір милицияға хабарлап, ісінді сотқа өткізем. Көрдіндер ме, ұсыныс жасағанда он рет таразылап ұсыныс жасаңдар. Мынау не маскара! – дедім ашуланып. Басқарма мүшелері көпшілікпен сөйлесіп, бір-бір танадан қосатын болып, оны соттан аман алып қалды.

Байзақ ауданына әкім болғанымда, анама сәлем берушілер көбейді. Мен:

– Апа, сәлемшілер өтініш айтады. Содан кейін сіз маған бірдеңе дейсіз. Оны мен орындай алмасам, өкпелейсіз.

– Бұл ескертпең орынды, балам. Мен өтініш айтып келгендерге: «Әй, айналайындар, өздеріңіз жақсы білесіздер, біз Жамбыл ауданының адамдарымыз. Енді жағдайға байланысты Байзақ ауданына қоныс аудардық. Баама өйт, бүйт дей алмаймын. Ренжімеңдер. Бір-бірімізге тілектес ағайынгершілігіміз жойылмасын», – деп алдын алып ескертіп қойғанмын.

Анамның осы тәріздес парасаттылығына іштей қуанатынымын. Мерке, Сарыағаш, Алматы шипажайларында демалғанында «ауылдан балаларым келді» деп дастарқан жайып, сыйластарын шайға шақыратын.

– Құр өсек айта береміз бе? Ән айтып көңіл көтерейік, – деген ұсыныс жасап, көпке қуаныш сыйлайтын. Өзі ән шырқап ғана қоймай, сыйластарының әрқайсысына өлеңмен мінездеме беретін. Содан олар қошаметтеп, анамның қасынан шықпайтын.

– Әкімде машина көп қой. Ауылға барып келейін, – дейді де анам жолға шығады. Кейде сол күні қайтып келеді, кейде машинаны қайтарып жібереді.

Тағы бірде анам ауылда қалып қойды. Екі күннен кейін мен бардым.

– Апа, сізге не болды? Дәрігерлер: «Апаңыз қайда? Біз емдейтін едік, үйде жоқ. Дәріні толық ішпеді, курстан өтпеді», – деп сізді іздеп жатыр.

– Ой, қарағым, мені енді әурелемендер (ол кісі қайтпас сапарға аттанарын сезген секілді). Сенің дәрігерлеріңнің аударып, төңкеріп, сылап-сипағандарынан абысын-ажыларымның «халің қалай?» деп көңілімді сұраған бір ауыз сөзі артық. – деді. Мен:

– Түс көрдіңіз бе, әлде ана жақтан хабар алдыңыз ба? Күйеуіңіз шақырған жоқ па? Қазір бидай орағы басталды. Жұрттың бәрі маған қарап отыр. Ес білгелі алақаныма сап аялап келген анам едіңіз. Еш болмаса бір ауыз сөзін естімей қалдым-ау деп өкініп жүрмейін. Айтатыныңыз болса, айтыңыз? – дедім қалжыңдап. Ол кісіден ажырап қалармын деген ой менде мүлде болған жоқ.

– Е, қарағым, мен жесір болдым, сен жетім болдың. Есігіміз алдынан тымақ киген еркек кіндік көрінер ме, мына үйімізге егелік ететін біреу та-





былар ма екен деп жылап-сықтап жүрген күндерімізді ұмытпаған шығарсың? Құдайға шүкіршілік, сен айналайын, бүгін ағайынның да, жекжат-жұраттың да, дос-жаранның да, ба уырдың да егесісің. Жұрт саған келіп ақыл сұрамаса, саған келіп ақыл айтпайды. Ойымдағыдан да асып түстің, жарығым. Баласы тәуір адамның еңбегі жанады екен. Мені жалғыз сен, мына ауылым емес, бүкіл ел аялап ардақтағандай сезімдемін. Шүкір, қарағым, енді мен қашанғы жүре берем? Демім таусылса, «е, алдынан жарылқасын» дегін де ақырғы сапарыма аттандыр. «Әкіммін, жағдайым бар» деп шашыла берме. Әлдекімдерден озуды ойлап, жұрт көңілін қабартып алма. Тағы бір ескертетінім, анамнан ажырадым деп әкім басыңмен жылап жүрме. Өзіңе алғысым шексіз. Жекжат-жұратқа да, ағайын-туғанға да, бала-шағаға да, дос-жаранға, елге, жерге де ендігі еге өзіңсің. Мен сексеннен астым, Алланың берген жасын жасадым. Құдайымның сендей бала бергеніне мың бір тәубә, – деді. Екі-үш ай өткенде қайтыс болды.

Қимадым. Анасын жек көретін кім бар? Талай басшылардың аналарымен әңгімелесіп, қолдарынан дәм таттым. Қайсыбірінің жақын-жуығына: «Әй, маған сөйлейтін сен кімсің?! Тыныш отыр! Үніңді өшір!» – деген зіркілін де естігем. Салыстырмалы түрде айтқанда, менің анамның парасаттылығы, өмірге, адамдарға деген көзқарасы, пайым-түсінігі ерекше еді. Ол кісі маған да, басқаларға да ешуақытта айқайлап, көңіл қалар сөз айтқан емес.

Ағайын-тумаларын, жекжат-жұраттарын, абысын-ажыларын ретін тауып үйге шақырып:

– Шаңырағымыздан дәм татындар. Әкім бізге қарамайды деп өкпелемең-

дер. Жағдайды түсініңдер, айналайындар, – деген сөздермен сый-құрмет көрсететін.

Бала күнімде Құдай аузыма салғандай, кейін Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Жамал Омарова, Құрманбек Жандарбеков, Сәбит Оразбаев, тағы басқа артистерді үйімде қонақ етіп, өнерлерін анама армансыз тамашалатқаным да бар.

Ол кісі жұбайыма, балаларыма, келіндеріме, маған айтқанын орындататын.

Мен де:

– Әй, балаларым, анамыз бізді осы күнге оңайлықпен жеткізген жоқ. Мектепте мұғалім, аудандық комсомол, аудандық атқару комитеттерінің жауапты қызметкері, аудан әкімі, колхоз басқарма төрағасы болған әкелеріңді аспаннан түсе қалды деген ойда болсаңдар қателесесіңдер. Мені тәрбиелеген, жылап-сықтап жүріп, жетелеп жеткізген мына алдарыңда отырған анам. Бұл кісі сендерге орынсыз тиісіп, тамақ, киім тауып бер демейді. «Туған-туысқаным бар, қыдырып келейін. Бір нәрсе ұйымдастырындар» деп те мазаламайды. Егер де біреуің тілін алмай ренжітсеңдер менен жақсылық күтпендер. Сендердің ішкендерің алдында, ішпегендерің артыңда. Мұның бәрі кімнің арқасы? Осы кемпірдің арқасы. Дүниедегі ең асыл адам – анамның көңілін қабартса, мен жеті бала тапқан жұбайыммен сол күні ажырасам.

Анам мені дұрыс тәрбиелемесе, маған жақсы бағыт бермесе, осындай абыройлы күнге жетер ме едім? Екі кісіге шамасы келетін адам тентек болады. Екі емес, бес адамға шамам келетін мен анамның тәрбиесінің арқасында тентек болмай, біртіндеп қатарға қосылдым. Біреуді сабап түрмеге



түссем, кім болар едім? – деп те отбасыма әңгіме айтқаным бар.

Өмір ғой. Мынандай да қызық болды. Шырт ұйқыда жатыр екенмін. Есікті бірдеңе тырмалайды. Оянып кеттім. Анам да оянды. Шамды жағып, тысқа шықпақшы болдым.

– Әй, бұл ит емес, сен шықпа, – деді анам үрейленіп. Бой бермей шықтым. Көрші қартым есік алдында босағамызды тырмалап, етпетінен жылап жатыр.

– Оу, ақсақал, не болды?

– Мен өлдім, ойбай, мен өлдім, өлдім.

– Неге өлесіз, кім тиді?

– Жалғыз ұлымнан айырылсам, мен өлем ғой.

– Жалғыз ұлыңызға не болды?

– Білмеймін, екі мың қой жетпейді дейді.

– Қалайша? Бұл құлаққа кірмейтін нәрсе ғой. Бір мәнісі болар, қайғырмаңыз, – деп қартты үйге кіргізіп, шай бердік. Сағатқа қарасам, түнгі үш. Аудандық милиция бөлімінің бастығына телефон соқтым.

– Бұл жағдайдан хабарың бар ма?

– Бар. Ол жетпейтін қой емес, екі мың тері. Соның квитанциясы жоқ.

– Әй, батыр, сен қазір баланы шығар да, үйге әкел. Дайындау кеңсесі бастығына тапсырма бер, екі мың теріні қабылдап алған квитанциясын тапсын. Бір шалағайлық кеткен тәрізді.

Анам дереу қазанға тамақ салып қойды. Сағат бесте ет жедік. Сол мезгілде учаскелік милиционер қарттың баласын алып келді. Әкелі-балалы жылап көрісті. Ертеңгілік сағат онда екі мың терінің квитанциясы табылды деген хабар жетті.

– Қуанғаннан жүрегім жарылып кете жаздады, – деді қарт мені құшақтап, алғысын үйіп-төгіп.

...Таңғы сағат бесте оянып, қызметіме кірісетінмін. Түсте үйге келіп бір сағат мызғып алушы едім. Менің түсте келетінімді көрші қарт аңдиды да жүреді.

– Смағұл келдің бе?

– Қымыз бар. Саған қаратып отырмамын.

– Ақсақал, мен шаршап келдім. Қымыз ішсем, қан қысымым көтеріліп кетеді. Ниетіңізге рақмет.

– Жо-жоқ, сусында, қарағым.

– Қымызды өзі даярлайды. Көңілін кимай бір пиялай ішемін.

– Тағы екі пиялай іш. Жақсы ұйықтайсың, – деп тағы екі пиялай ішкізеді. Содан қарттың қымызына үйреніп кеткенімді байқамай да қалдым.

Мұны қарапайым халықтың ықыласы деп білдім. Көпшілікке қамқор, шынайы жанашыр болсаң, ол да сені алғыс сезіммен еске алып, ұмытпайды екен...

– Раушанды нағыз ел анасы, Смағұлды нағыз ел ағасы дерлік дәрежедегі кісілер екен, – деді Баукең ойға шома отырып. – Сенің киіз үйдің керегесіне, шаңырағына зер салған кезің бар ма?

Мен үндемедім.

– Зер салмасаң, зер сал. Түсіне білсең, шаңырақ – халық, керегелер – Раушандай аналар, Смағұлдай азаматтар....

## АНА МЕЙПІМІ

– Тыңдағыңыз келсе, Раушанның қайынсіңлісі Шәкен апа туралы да айттайын.

– Айт, тыңдағым келеді, – деді Баукең ықылас таныта жылы жымыып. Мен сөзімді жайлап бастадым.

– Алматыға бір жолым түскенде балаларым Шымбұлаққа алып барды. Ақ қардан көз ұялады, – деп бастады әң-





гімесін Шәкен ана. – Шаңғы тепкен жастар көп. Бір жігіт қасыма жақындап:

– Апа, қайдан келдіңіз? – деді сөзге тартып.

– Жамбыл облысынан келдім.

– Қабағыңыз түйіліп кетіпті. Жамбылыңызды сағынып отырсыз-ау.

– Иә, қарағым, сағынып отырмын.

– Жамбыл облысы Алматы облысынан артық па?

Сұрағы намысыма тиіп кетті. Қайдан шыкса, одан шықсын дедім де:

– Е, е, балам, туған жердің жылан да сұлу емес пе? Маған Жамбылдың адамы түгілі жылан да қым-бат. Алматының адамынан мен Жамбылдың адамын тәуір көрем.

– Бір де нөл, апа. Сіз жеңдіңіз, мен жеңілдім.

– Е, солай болсын. Өзің үйленгенсің бе?

– Жоқ, университетті бітірген соң үйленем.

– Үйленсең, аналық тілегім, ақылды, арлы қызға үйлен.

– Апа, ақылды, арлы қыз қандай болады? Түсіндіріңізші?

– Түсіндірейін. «Ақылды әйел жауға алдырмайды» деген сөзді естіп пе едің?

– Жоқ.

– Ауылымда мұрынбоғы ағып жүретін, жасы қырықтан асса да үйленбеген бір қойшы болды. Ағайындары күйеуі өлген, ақыл тоқтатқан әйелге үйлендірді.

– Ой, терлеп кетіпсіз ғой. Мына орамалмен бетіңізді терден аршып отырсаңызшы? – деп бетін сұрткен болып, жұртқа білдірмей күйеуінің аққан мұрынбоғын қоса сұртіп қояды екен.

– Е, тыныштық берші, әкеңнің... салдақы салдақыланбай отыршы, – деп күйеуі ашуланса:

– Жақсы кісі жаман сөз айтпайды, – деп әйел ақылдылығының, арлылығының арқасында әлгі еркекті ардақтап, алдында ұстап, тәрбиелей келе қатарға қосыпты. «Ақылды әйел жауға алдырмайды» деген сөздің мәнісін енді түсіндің бе?

– Түсіндім, рақмет.

– Берер батам, сондай қызға кез бол, қарағым.

Ол сансыз рақмет айтып қоштасты.

– Апа, заманыңыз туралы қандай ойдасыз?

– «Заманың қалай болса, бөркінді солай ки» деген ғой. Құдай көппен көгертсін. Халық жылағанда жыладық, халық қуанғанда қуандық. КПСС Орталық партия Комитетінің Бас хатшысы Н. С. Хрущевтің билігі кезінде сатушыларға он килодан артық ұн сатуға рұқсат етпеді ғой. Біздің көршіміз, қарт кісі өз ақшасына бір қап ұн сатып ап үйіне әкелгені үшін, екі жылға сотталып кетті. Осындай әділетсіздіктің де түр-түрін бастан кештік, қарағым.

Бірде Тараз қаласы орталығындағы «Балалар әлемі» магазиніне сіңлімді, үш жасар немере қызымды ертіп бара қалдым. Немере қызым ана ойыншықты, мына ойыншықты құшақтап, ажырап емес.

– Жүр, алған заттарымыздың ақшасын қассаға төлейік, – десем, ол тырысып, орнынан қозғалмады.

– Әй, жүр. Ол кейін қарай шегініп, томсырайған күйі: «Апа, сен айтшы, енді маған не керек?» – деді. Біз күлдік. Сол айтпақшы, енді маған не керек? Тамағым тоқ, көйлегім көк. Зейнеткермін.

– Өміріңізге өкпеңіз бар ма?

– Соғыс жылдарынан кейінгі өміріме өкпе жоқ. Бибатырова, Атшабарова, басқа да Жамбыл облысы бас-



шыларымен түсінісіп, 25 жыл ресторан директоры болып істедім. Күйеуім обкомның жауапты қызметкері болды. «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» дегендей біз бір ананың баласындай тату өмір сүрдік. Жуалының тау жағында Ащыбұлақ тоспасы бар. Оның суымен жұрт егін суғарады. Жазда сол бұлақтың қасына аудандық партия комитетінің хатшылары екі-үш киіз үй тіктіріп, күйеулерімізбен демалуымызға жағдай жасайтын.

Шәкен ана бір сәт үнсіз қалып, маған ойлы жанарын қадап:

– Қарағым, мені сөйлете бересің бе? Өзің туралы айтшы? – деді өтініп. Мен өмірімнің біраз белестерімен таныстырып:

– Бір оқиға туралы сіздің аналық пікіріңізді білгім келеді, – дедім.

– Айт, ол қандай оқиға?

– Әкем соғыс салған жарақаттан қырық төрт жасында қайтыс болды. Өгей шешемді төркіні: «Жассың, күйеуге тиіп, перзент сүйесің», – деп өздеріне көшіріп алды. Үйде жалғыз қалған соң, оқу іздеп қалаға кеттім. Бірде ауылыма барсам, үйім құлағалы тұр. Ағайын екі шал жолығып: «Үйіңнің ағашын бізге сат, отын етейік», – деді. Бірі отбасына ертіп барып, кемпіріне айтып еді:

– Сен не сандырақтап тұрсың? Бұл баланың әке-шешесі қандай кісілер еді. Ол үйдің ағашын жаққанымша сирағымның сүйегін жағайын, – деді. Мен ләм-мим демей, жанарым жасқа толған күйі қалаға қайтып кеттім. Құлағалы тұрған үйдің ағашын кім алғанын білмеймін.

– «Батар күннің атар таңы бар» деген. Үйінді бұзып, ағашын жинап қояйық. Кейін үй салып алуыңа көмек болады, – деген екі шалдың ақымақтығына не айтарсың?! – деді Шәкен

ана күрсініп. – «Жаны ашымастың басы ауырмас» деген осы ғой. Менің уайымым, Құдайдан күні-түні тілей-тінім – бала-шағамның амандығы. Біреуге күні қарамаса екен деймін.

Бішкекте дәрігер болып істейтін, медицина ғылымының докторы, академик қайным үйге келе қалды. Алаңсыз көңіл күйде жүргем. Тамақтанып отырғанда:

– Үлкен ұлыңыз Болат жақында бізде болып, сырқаты туралы ой бөлісті. Бұдан бір жыл бұрын Қытайға барып, он күн тексеруден өтіп, ем қабылдаған еді. Биыл жүрегі қайта сыр бере бастапты.

Қаным басыма шауып, құлағым шыңылдап, мең-зең күй кештім. Өзімді өзім әзер игеріп, ішімнен Құдайға жалынып-жалбарынып:

– Болатымның жүрегі қалай ауырады екен? – дедім.

– Жүрек тамырында медицина тілінде тромб делінетін қою қан пайда болған. Алдын алып қаралмаса, ол қауіпті. Біз ары ақылдасып, бері ақылдасып, ұлыңыздың Германияға барып емделуін қажет деп таптық.

– Былтыр Болатым Қытайға іссапармен кетіп барамын демеп пе еді? Мені аяп, ауруын жасырған екен ғой, – деп уайым батпағына белшемнен баттым. Дәрігер қайным қоштасып кетісімен Болатқа телефон соқтым.

– Апа, менің Германияға барып, емделеді деген хабарды кімнен естідіңіз?

– Кімнен естігенімді қайтесің? Сен шыныңды айт.

– Шыным, апа, мен емделуге емес, іссапармен үкімет тапсырмасын орындауға барамын.

– Өтірік айтпа.

Болатым аха-ха-халап күлді. Онысы – сыр бермеудің амалы.

– Ертең ертелетіп Алматыға атта-



намын. Сенімен барған соң сөйлесем. Күт.

– Әуре болмаңыз, апа. Сөйлесетіндей ештеңе жоқ.

Тұлабойымды үрей билеп, жүрегім сыздап ауырып, ауа жетпегендей, үйде байыз тауып отыра алмай, аула ішінде сандалып ары-бері жүрдім. Уақыт өтсейші. Үйге қайта еніп, төсегіме қисайып: «Е, Алла, Болатымды аман ете көр. Енді ғана кем-кетігімізді түгендеп, ес жия бастағанымызда бізді қайғы-қасіретке душар ете көрме. Басымыздан не өтпеді, біз не көрмедік, Алла? – деген тәрізді сөздерді айтып, жалынып-жалбарынып жылап жаттым.

Кешке Шәкірбану қызым жұмыстан келді.

– Апа, жылағансыз ба?

Мен жағдайды айтып түсіндірдім.

– Ертең ерте Алматыға сапар шегеміз. Сен бастығыңнан екі күнге сұран.

Шәкірбану бастығына телефон соғып, екі күнге рұқсат алды. Ертеңіне таңғы намазымды оқып, бір-екі кесе шай ішіп, Шәкірбанудың «мерседесіне» мініп, тіке Алматыға тартып кеттік.

Болатым «келіп қалар» деп ауласында күтіп жүр екен. Оны құшақтап, мейірлене маңдайынан сүйіп, «қазағымның ырымын жасағалы келдім» дедім.

– Ой, апа, бекер әуреленесіз.

Жол соғып тастаса керек, күні бойы басымды көтере алмай, төсек тартып жаттым. Ертеңіне намазымды оқып, Болатты сыртқа ертіп шығып:

– Е, Аллатағалам, таңғы аналық ақ тілегімді қабыл ет, Болатымды аман сақтай көр. Баламның орнына жасарын жасаған, асарын асаған мені ал. Е, еңсесі биік Қаратауым, айбынды Алатауым, қарағыма қорған, пана болыңдаршы? Қойыңдарыңда өскен

перзенттерің еді ғой. Тосын жабысқан дерттен арылтып, қажыр-қайрат сыйлап, көсегесін көгерте көріңдерші? Аналардың тілін білген, айналайын Айшабибі әулием, мейір-махаббатыңды Болатымнан аямашы? – деп баламды бір айналып шықтым. Екінші рет айналайын дегенімде Болатым оң қолымнан ұстай алып:

– Апа, адам істемейтін істі істемейсің. Өтінем, – деді жалынғандай болып.

– Маған бөгет жасама.

Не бір тілек-сөздерімді айтып, ботадай боздап, сүріне-қабына ұлымды үш айналып шықтым. Құлай жаздап қалжырасам да, ойға алғанымды орындағаннан кейін көңлім орнына түскендей болды.

– Апа, мені уайымдамаңызшы? Ауруыңызға ауру жамап аласыз ба деген қауіп бар. Мықты едіңіз ғой, мықты болыңызшы? Есіңізде ме, облыстық партия комитеті хатшысының қызына үйленерімде көкірегін көкке керіп, аузына келгенін көкіген құдаға:

– Бізді менсінбейтіндей сен кімсің? Әлде екі аяғың салбырап аспаннан түстің бе? Қызың ұлымды, ұлым қызыңды сүйгені үшін кінәлі ме? Обком хатшысы болмақ түгілі Орталық партия Комитетінің хатшысы болсаң да осы кесапат-кесірлігінді, Алла тағлам аман етсе, алдыңа бір келтірермін. – деп айтқан сөзіңіз есіңізде ме?

– Есімде, құлыным. Әйелі күйеуін көрші бөлмеге алып барып, жағдайды түсіндіргенде де, ыңғай бермей «кетсін!» деген сөзін естіген біз сыртқы есікке беттей бергенімізде, құдағи жүгіріп жетіп:

– Кешіріңдер, ағаларың жұмыстан бір нәрсеге қапаланып келген көрінеді, – деді. Біз бұрылмадық. Ақыры екі жас шаңырақ көтерді.



– Шәкен апаңның қайсарлығы, өжеттігі маған ұнады. Текті ата-ананың қызы екені көрініп тұр. Әйтпесе, әлгіндей сөзді кез келген адам айта алмайды. Апаң азулы екен. Сүйсініп отырмын, – деді Баукең риза көңілде.

– Ол кісі бір сөзінде: «Басына сәлде ораған қария үйіме бір қолымен жолбарысты, бір қолымен арыстанды жетектеп келе жатты. Тәй-тәй басып, еңсесін тіктей бастаған екі қызымды жеп қояды-ау деп қорқып тұрғанымда:

– Қорықпа, балам. Бұлар сені ғана емес, ұрпағыңды да қорғайды, – деп есігімнің алдындағы ағашқа жетегіндегі екеуін байлап, өзі көрінбей кетті. Шошып ояндым. Таң жаңа сібірлеп атып келеді екен. Жүрегім дүрсілдеп, түрлі қорқынышты ойға берілдім.

Сәске түс мезгілінде үйге әкем келді. Дастарқан жайып, шайымды беріп отырып, ол кісіге көрген түсімді айттым.

– Қызым, түсің жақсы, құдай қаласа, өмірің шаттыққа толы болады. Жолбарыстай жүректі, арыстандай айбатты екі ұл табасың., – деп дұға жасап, құран оқып, бетін сипады.

Сол екі ұлым бүгінгі Болатым мен Мұратым.

– Германияға аттанған Болатыңыздың денсаулығы қайтті?

– Он күн дегенде келін телефон шалды.

– Операция сәтті өтті, апа. Балаңыз дертінен аман-есен құтылды. Біз барғанша сүйіншіңізді дайындап қойыңыз.

– Сүйіншім дайын, қарағым. Қуаныш бәрімізді ұзағынан сүйіндірсін.

Ертеңіне Болатым Алматыға ұшатын болды деген хабарды естісімен Шәкірбану екеуіміз бір машинаға, кіші қызым, Мұратым екінші машинаға мініп, Алматыны бетке алдық.

Түнгі сағат екі. Алматы әуежайының маңы. Машиналар жол берер емес.

– Бұл қаптаған немелер кімдікі? – десем:

– Болаттың жолдастарының машиналары ғой, – деді Шәкірбану. Лаж жоқ, әуежайға жақындай барып тоқтадық. Бір кезде Германиядан келген ұшақ жерге қонды деген хабар естілді. Қуанғанымнан ба, тұла бойым қалтырап, машинадан түсе алмай қалдым.

– Отыра беріңіз. Қазір балаңыздың өзі келеді, – деді де, Шәкірбану Мұраттың соңынан жүгіріп кетті. Буын-буыным босап, дірілдеп, қозғала алар емеспін. Жерде қар, мұз. Бір қарасам, Болатым жолдастарының алдына түсіп, маған қарай құстай ұшып келеді. Оған Мұратым:

– Апам келді, машинада отыр, – десе керек.

– Е, апамның машинадан түсуге шамасы жетпеген ғой, – деп күтіп алған кісілердің бәріне қарамай, маған тезірек жеткелі тура жүгіріпті. Жылап көрістім. Улап-шулап үйге келдік. Көшеміз машиналарға толып кетті. Шампан атылып, рюмкелерге ішімдік құйылып жатыр. Айналайын көпшілік үйге сыймай, қайсыбірі дәлізде түрегеп тұр.

...Таңертең намазымды оқып, сыртқы шығып, ұзынша тақтай орындықта отыр едім, ұлым Болатым ақсаңдай басып келе жатыр. Амандық-есендік сұрасқан соң:

– Кел, қасыма отыр, – дедім. Ол отырды.

– Ақсаңдап не болды? – Ойымда түк жоқ, шалбарының балағын түріп, аяғындағы бірдеңенің кесіп түскендей жалпақ ізге ұқсас қап-қара, қызыл-қоңыр дақтарды көріп, шошып кеттім. Ол ауыратынын сездіргісі келмегендей аха-ха-халап күлді.





– Досымның үйінде аяғым ұйы-ды.  
– Әй, аяғың ұйыса, кесіп түскендей дақ қалдырмайды ғой. Мынау не пәле?  
– Қозғалмай ұзақ отырғанымның әсері ғой.

– Өтірігіңе сене қояды дейсің бе? Шыныңды айт. Не болды?

– Операция жасағанда дәрігерлер екі аяғымды, екі қолымды жалпақ орамал секілді бірдеңемен қан жүрмейтіндей етіп, тас ғып байлап тастады. Бәрін телевизордан көріп жатырмын. Көкпеңбек боп көгеріп кеттім. Қан тамырымнан салған укол айналып айналып жүрегіме жетті. Дәрігер де, өзіммен бірге барған профессор да, әйелім де – бәрі қарап отыр. Бір уақытта ура-а-лаған шу шығып, шапалақ соғылды. Ары қарай не болғанын білмей, есімді жоғалттым.

Біреулер қол-аяғымды шешіп, төрт адам төрт борбайымды уқалап әлек. Бір кісі кеудемді, екі кісі қолымды, тағы ақ халат киген екі әйел аяғымды ысқылап, тарсылдатып ұрып жатыр. Кенет ұйқыдан оянғандай ояндым. Еш жерім ауырмаған тәрізді. Не болғанын білмей де қалдым.

– Енді ешқандай қорқыныш жоқ. Жазылдың, – деді дәрігер көңілді дауыспен есік, терезені ашып. Шуылдап-дуылдадық та қалдық. Телевизор, радио сөйлей бастады.

Дәрігер үш-төрт күн дәрі беріп, қосымша емдеді. Аяқ-қолымды тасқылып таңғандарының әсері-ау, аяғымды киып, кетіпті, – деді Болатжаным.

Оның ауырғанына екі-үш жыл болыпты. Бұған дейін ол жөнінде Болатым тіс жарған емес.

– Менің сырқатым туралы біреуің анама айтпаңдар. Зорға жер басып жүрген кісіні өлтіресіңдер. Айтқаның менімен ел емессің, – деп қатаң ескертіп, ауырғанын маған мүлде білдірмей келіпті.

Болатымды аймалап құшып, маңдайынан қайта-қайта шөпілдете сүйіп:

– Алла шипасын берсін, қарағым. Енді мен Таразыма қайтамын. Мазам жоқ, – дедім.

– Екі-үш күн жатсаңызшы?

– Жатпаймын.

Ертеңіне ерте тұрып, намазымды оқыдым. Келін түндегі әр жерде тұрған табақ-табақ етті қазанға қайта асып, қамыр илеп салды. Еттен жеп, шайды апыл-құпыл ішіп, бәріміз машиналарымызға мініп, жолға шықтық.

Кеудесі басқаның жаны басқа, өлу қайда? Өлмей-ақ «а, Құдай, Болатжанымды сақтай көр» деп тілек тілеп жүріп жатырмын.

Тәжірибеге жүгінсем, мейлі әйелеркек, бала-шаға, мейлі жас-кәрі болсын өлетінін алдын ала білмей қалмайды. Ондай белгіні Болатымнан байқай алмадым. Бұл көңіліме үлкен медеу болды.

Оншақты күннен кейін ол Таразға келді. Кіші қызымның күйеуін қасыма алып, ауылда мал ұстайтын қайнымның балдарының екеуін ертіп, базарға барып, семіз боз биені саудаласпай, иесі айтқан бағаға сатып алдым. Қылқұйрықты қайнымның екі ұлына жетектетіп, мен машинама мініп үйге келдім. Болатым, келінім әлі оянбапты. Ояттым.

– Базарға барып, алма-салма алып келдім.

– Ой, апа, істемейтінді істеп жүреді екенсіз. Қыстың күні алманы кім жейді? Жаныңызды күтпейсіз бе? – деді Болатым қабағын шытып.

– Алма әкелгенім өтірік. Мал базарына барып жылқы сатып алдым. – Екеуміз сөйлесіп отырғанымызда семіз боз биені жетектеп, қайнымның екі баласы келді.

– Бұл не, апа?



– Бұл сен Германияға емделуге аттанғанда құдайыға атаған қылқұйрық. Сойдырып, етін құдайы ретінде таратамын.

– Апажан, мен үйден аттанғанша сойдырмай тұра тұрыңызшы? Қазір шай ішісімен жолға шығамын. Бірлі-жарым танысым көрсе, не естісе ұят болады. Адам істемейтінді істейсіз, апа.

– Мейлі, сенікі дұрыс, менікі теріс бола-ақ қойсын. Не десең де таласпаймын, өзім оң дегенімді істей берем. Мал менікі, үй менікі, сенің нең кетті? Өз жұмысыңды біл, – дедім.

Болатым аха-ха-халап күлді. Оның әдеті осы. Мені ылғи күліп же-неді. Ешқашан «сіздің мынауыңыз теріс» деп маған қарсы келген емес. Керісінше інісінің кей кезде өз ойын дәлелдегісі келетіні бар. Оның бетін сол заматта қайтырып тастайтынмын.

Болатымның мінезі әкесінің мінезінен аумайды. Артық сөзі жоқ. Тіпті қатынын тілдеп жазғырғанын көрген де, естіген де емеспін. Жақтырмаған жағдайда көзін алартып бір қарайды. Келін ләм-мим демей ыңғайына көніп, құрша жорғалайтыны бар. Әшейінде «балаңыз былай деді, олай деді» деп қисандап күлетін оны Болатымның қалай жүгіртіп қойғанына ақылым жетпейді.

– Боз биені қайттіңіз?

– Болатым Алматыға аттың басын бұрысымен: «Айналайын, аруақтарға арнап құран оқы. Баламның жанынан жаным садаға, қылқұйрық садаға. Құдайымды қабыл етсін Құдайым» деп, боз биені сойдырып, жарты етін кембағал жеті үйге шикідей таратып, басын, терісін, келіскен ақшасын қасапшыға бердім. Жарты етін мешітке табыс еттім.

Үш ай өткен соң Болат Швейцарияның жүрек емдейтін шипажайына

барып, екі апта емделіп қайтты. Тәуба, мың бір тәуба, тілегім қабыл болып, содан денсаулығы дұрысталып кетті. Өзім Құдайдан балаларымның, немере-шөберелерімнің амандығын тілеп, қисайып, қыңырайып жүріп жатырмын.

– Тіршілік дүниесінде ана мейіріміне жететін мейірім жоқ екеніне Шәкен апаның әр сөзі, әр іс-әрекеті дәлел, – деді Баукең терең толғаныс құшағына еніп. – Ананың мейірімі қасында күннің де мейірімі әлсіз. Олай дейтінім, Жамбыл жәкем жырлағандай, ол күндіз бар да түнде жоқ. Тіршілік дүниесіне күн жылуын күндіз сыйлағанмен түнде сыйлай алмайды. Ана мейірімі барлық уақытта, жауыныңды да, дауылыңды да елемей шуағын шаша береді.

– Ана мейірімі оттан да құдіретті ме?

– Оттан да құдіретті. От үнемі лаулап жана бермейді ғой. Мезгіл-мезгіл құрғақ отын салып, қозғап тұрмасаң, өшіп қалады. Ана мейіріміне теңесетін тек қара жер ғана. Оны жер-ана дейтініміз сондықтан...

## ШӘКЕН АПАНЫҢ НЕМЕРЕСІ

– Қарт ананың жастарымызды ойландырар оқиғасы көп, – деген маған Баукең:

– Ендеше тартынба, сөйле. Ерігіп жатқан шалмын, – деді езу тартып.

– Маған Шәкен ананың немересі Мирас туралы айтқаны да ерекше ұнады.

– Мирас немерем Мұратымның ұлы. Кішкентай кезінде қолды-аяққа тұрмайтын, тынымсыз бала болды.

Таңертең машинаға мініп, танысымыздың үйіне кетіп бара жаттық. Ата,



(Мирас әкесін ата дейтін) Саиданың үйіне барамыз ба?

– Жоқ, менің досымның үйіне барамыз.

– Саидаға барамыз, ата. Саида – Мирастың әпкесі, күйеуге шыққан. Барған жері жүдә жақсы.

Шофер жігітке:

– Машинаны Саиданың үйіне қарай айда. Олай емес, былай – деп Мирас бұйрық бере бастады. Шофер оны тыңдамай басқа жаққа бұрыла бергенде, Мирас орнынан тура сап, шофердің желкесінен ала түсті. Машина жол жиегіне шығып тоқтады.

– Мен саған олай қарай жүрме, былай қарай жүр дедім ғой. Неге тіл алмайсың? – деді Мирас шыр-шыр етіп.

– Қожайын табылды, – деп біз күлдік. Қайсар, өжет мінезі Мұраттың мінезіне тартқан. Содан амал жоқ, Саиданың үйіне бардық.

– Мирастың бетін қақпай әжесі де, әкесі де өте дұрыс еткен. Ақыл тоқтатпаған баланың меселін қайтаруға болмайды, – деді Баукең кесіп сөйлеп.

– Арада біраз күн өтіп, түс кезінде Мұратымның үйіне барып қалдым. Магазинінің маңдайшасына Мирас деп жазып қойыпты. Қуанғанымнан көзімнен жас ыршып кетті. Неге барғанымды ұмытып та қалдым. Алдымнан Мұратым шығып:

– Келіңіз, апа. Жай жүрсіз бе? – деді.

– Бірдемеге келіп едім, ұмытып қалдым. Сен магазиніңнің маңдайшасына кімнің атын жазғансың? – деп едім.

– Мирастың атын жаздым. Екеуіміздің ауруымыз бір, – деді жымып. Айтса айтқандай екеуі бір-бірін керемет жақсы көреді.

Мирастың мысығы бар еді. Оны қуып ана бөлмеге, мына бөлмеге, тіпті үйдің төбесіне шығып кетсе де, төменге түссе де соңынан қалмай, шарық ұратын.

Ол ержетіп үйленді. Үлкен қызметтегі қайынатасы:

– Мен мына үйді кімге салдым? Қызым екеуің қолыма көшіп келіп, осы үйде тұрындар, – депті. Немерем Мирас ыршып түсіпті.

– Ой, ата, менің әке-шешем, үй-жайым бар. Қалай мен сіздің қолыңызға келіп тұрамын. Әке-шешемді қайда тастап кетемін? Кешіріңіз, ренжімеңіз. Сіздің үйге келе алмаймын, – депті.

– Сен мені сыйламадың. Қызым сенімен бірге тұрмайды, – деп сол күннен бастап шатақ шығарып, ақыры екеуін ажырастырып тынды. Әнеукүні төсек-орнын апарса, «ұстап қойыпсындар, маған жаңасын сатып әперіндер» деп қайтарып жіберіпті.

– Қандай жиіркенішті! Дүниеқоңыздық не дегізбейді, – деді Баукең қолын сермей қабағын шыта. – «Саудагер құнықса, сақалын күзеп сатар» дегеннің кері ғой бұл. Келер күннің ері Мирасқа ризамын...

## МАҚҰЛБЕКТИҢ ҚАРА АТЫ

– Сізге Мақұлбектің өз аузынан естігенімді айтып берейін, – деді Смағұл елгезек көңілмен.

– Айтып беріңіз.

– Мектеп-интернатта мұғалім боп жүрген кезім. Жаздың күні еді. Екі метрге жуық бойы тіп-тік, иықты келген, қоңыр көйлегінің сыртынан кәдімгі плащ секілді қазақтың жұқа шапанын киген ақ мұртты қарт бізге келді. Немересі мектеп-интернатымызда оқиды екен.



Сынып жетекші мұғалім ақ мұртты қартпен біраз сөйлесіп, үйіне кетіп қалды. Қарт кісі отырған орнынан қозғалмады.

Түскі үзіліс кезі. Жұрттың бәрі тарап кетті. Мұғалімдер бөлмесінде екеуміз-ақ қалдық.

– Ақсақал, тағы біреуді күтіп отырсыз ба? – деп едім:

– Ақыр келген соң интернат меңгерушісімен де (ол кісі түстен кейін келмек) біржолата танысып-білісіп кетейін дедім, – деді жауабын келте қайырып.

– Қой, үлкен кісіні үйге алып барып шай берейін. Ұят шығар, – деген оймен:

– Ақсақал, жұрт біткен тамақтануға кетті. Бұл ауылда бір үйге барып шай ішетін таныстарыңыз бар ма еді? – дедім. Ақ қалпағын қолына ала күлімдей тіл қатты.

– Қарағым, ешкімім жоқ. Ештеңе етпейді, отыра тұрам ғой.

– Жо-жоқ. Жүріңіз, біздің үйден шай ішіңіз.

– Алла жар болсын. Осында күтейін.

Қарсы болғанына көнбей үйге алып келдім. Қолына су құйып, төріме шығардым.

– Ақсақал, «бір көрген біліс, екі көрген таныс» дегендей аты-жөніңізді білейік. Кімсіз?

– Мақұлбекпін.

– О, о! – деп қуанып кеттім. Институтты жаңа бітіріп келген кезім ғой. Үйленгем. Сол жылы көктемде сел жүріп, үйіміз құлап қалған еді. Бір қой, бір қозы, бір танам бар. Басқа түгім жоқ. Қойды күнде кешке жақын іздеп жүретінбіз. Анама «қазақ бір қойға – пышақ, екі қойға – таяқ» деуші еді. Мына Мақұлбек кісіні киелі деп естуші едім. Бір қойдың ішіне кірмей-ақ қояйын, осыны сояйын.

– Өзің біл, балам.

Қойға бата сұрап едім:

– Әй, қарағым, сойма. Мен кешке кетем, – деді қарсылық білдіріп.

– Кетпейсіз. Үй иесінен рұқсат жоқ. Сізді төбелесем де жібермеймін. Бір күн қонасыз. Мына қойдың басын мүжисіз.

– Әй, сен кімсің? – деді күліп.

– Кешегі Керімбай болыстың немересімін. Атым – Смағұл. Әкем Беспай Отан қорғау соғысынан қайтпады.

Батасын алып, қойды сойдым. Не керек, түнімен әңгімелестік.

– Бір сәті түскен екен, – дедім мен қуанып.

– Айтпаңыз. Үлкен сәті түсті.

– Қара атыңыз туралы біраз естуім бар. Бірақ өз аузыңыздан естігенге не жетсін.

– Жарайды, бірероқиғасынайтайын. Көрші қырғызда үлкен ас болып, қырғыз-қазақтың игі жақсылары жиналды. Өңкей сәйгүліктердің бәйгесіне қара атты алып бардым. Бірден байқағаным, қырғыздың аттары әбден жараған. Оның үстіне оларда аттың сыншысы көп екен. Мен қараша үй тігіп, қара атты ешкімге көрсетпей, әлгі үйге жасырып қойдым. Шам жағып, бір жігітті қаракөлеңкелеу бұрышқа отырғыздым.

Қара ат елге танымал, атышулы ат болып қалған. Оны біреулер жасырын келіп көруі, тіпті жазым етуі де мүмкін. Қауіптенгенімдей түннің бір уағында қырғыздың үш сыншысы іргені ашып қарапты. Шам жанып тұр.

– Шынында қара ат тұлпар екен. Алайда бұл ертеңгі бәйгеден бірінші келмейді. Кіндігінің төңірегінде қамшының алқымындай тері қалып қойыпты, – депті қырғыздың үш сыншысы.

Олар кетісімен қаракөлеңкеде бұғып отырған жігіт жүгіріп маған келді.



Мен табан астында кара атты тысқа шығарып, алынбаған терін алғыздым. Кара ат түнімен бес бау жоңышқаны жеп шықты. Мұны қырғыздар білген жоқ.

Ертеңгісін кара аттың іші қазандай кампайып тұр. Қырғыздың үш сыншысы сүзіле қарап:

– Әй, әуре болмаңдар. Мына кара ат бәйгеден бірінші келеді. Терін ап қойыпты, – депті. Олардың соншалық сыншылдығын дәлелдегендей кара ат бәйгеден бірінші келді.

– Жүйрікті баптау да оңай емес шығар, – деп едім:

– Әрине, оңай, – деді Мақұлбек қарт күліп. – Себебі, кара ат бәйгеге өзін өзі дайындайтын. Оған әбден әдеттеніп алған. Бәйге өтетінін біз естімей тұрған кезде кара ат сезіп, дайындала бастайтын. Малдың ішінде де киелісі болады екен. Кара ат тегін емес еді.

– Адамның да, аңның да киелісі болады дейді ғой.

– Ол рас. Мысалы Бәйдібек бабамыз көшкенде Сарыбәйбіше: «Отыра бер, кейін қосшылар келіп, көшіріп әкетеді», – деп Домалақ анаға көлік бөлдірмей, жалғыз тастап кетеді, сөйтіп, Бәйдібекке жек көрінішті етуді көздейді екен. Тіпті Сарыбәйбіше ашумен Домалақ ананың басын жарған да кезі болған. Сонда абысындарының бірі – Зеріп ол кісінің әулие екенін біліп, қолын тосып, басынан аққан қанын жерге төкпей, ішіп қояды екен. Сонда риза болған Домалақ ана:

– Ағарып алдымнан шықпа, қарайып соңымнан қалма, – деп бата берген деседі. Зеріптің өсіп-өнгені содан дейтін қариялар.

Баласы Жарықшақ Домалақ ананың емшегін еміп, сүтін тауыса алмайтын көрінеді. Артылған сүтті далаға төкпей, ұнға шылап, күлше етіп Жарықшағына пісіріп береді.

Көлік келсе көшуге дайындалып отырғанда сау етіп аттылар келеді. Сол күні Бәйдібек жігіттерімін көрші ауылдағы асқа кеткен еді. Шөлдеп, шаршап-шалдыққан жолаушылар аттарыннан түсіп, шай ішіп, күлше жейді.

– Апа, күлшеніңіз тәтті екен. Майға пісіргенсіз бе?

– Қарақтарым, балам емшегімнің сүтін тауыспайды. Артылған сүтімді жерге төгуге қимай ұнға шылап, осы күлшені пісірем.

– О, шеше, онда біз де сіздің баланыз болдық қой. Қайтар жолымыз-да олжа сыйлап кетеміз. Біз барымташылармыз. Бәйдібектің жылқысы қай маңда жатқанын айтып, жөн сілтеп жіберіңіз.

– Бәйдібектің жылқылары Қостұра деген жерде жатыр. Барымташылар бара сала жылқыны айдап жөнелмек болады. Бір сары айғыр үйір-үйірдің алдын қайырып, айдатпайды. Сойылмен соғып құлатпақ оймен қуса, жеткізбейді. Онымен айқасып, әбден шаршайды.

– Апа, сізге екі үйір жылқыны олжа етіп тастап кетеміз.

– Қарақтарым екі үйір жылқыны мен қайтем? Маған ана мазасыз сары айғырды тастап кетсеңдер де жетеді.

– Ой, апа, оны алып қаламын десеңіз, жүдә қуанамыз. Әй, ол ұстатпайды-ау.

– Қисандар өзім ұтап аламын. Сәл-десін шешіп: «Мә, мә, қарағым. Мені таныдың ба?» деп жақындай бергеннен-ақ сары айғыр қашпай, тоқтай қалыпты. Сәлденің бір ұшын мойнына орап, жетектеп әкеп, керегеге байлай салады. Көп өтпей Сарыбәйбішенің тоғыз ұлы жетіп келеді.

– Жау қалай қарай кетті?

– Мына жаққа қарай кетті.



– Жол көрсетіп олжалы болыпсың ғой, – деп Домалақ ананы тілдейді.

– Әй, қарақтарым, анаңа тіл тигізбедер. Жылқыларың түгел қайтады. Тілімді алсаңдар жауды кумандар. Жау мықты, мерт боласыңдар.

– Айдалада қап алжасқан неме сөйлей береді, – деп тоғыз қол бастап, барымташылар ізінен кетеді. Жауды қуып жетіп, айқас барысында бәрі өледі. Домалақ анамыз осындай киелі кісі болған.

– Ә дегенде аттың да киесі болады дедім ғой. Тек бір бағы қайтса қиын, – деп Мақұлбек қария күрсініп алды. – Ол кезде Шымкент милиция бөлімі бастығының орынбасары едім. Шымырдың Ақша деген руында шағын шаруа иесі Мекемтас деген кісі болды. Биесі құлындайды. Ол өсіп тай, құнан болады. Оның келешегі бары білінеді. Бірде қасқыр шауып, тісі батпай, тек жамбасына кішкене дақ салып кетеді.

Кеңес үкіметінің алғашқы орнаған кезі. Әулиеатадан (бүгінгі Тараздан) шығып, айналма жолмен ары Созаққа, одан Шымкентке бару үшін солдаттар ылау мінеді. Олар Мекемтастың қара құнанын қолдарына түсіреді. Мекемтас Мақұлбекке: «Осындай келешегі бар құнанымды солдаттар ылауға мініп кетті. Соған еге бол», – деп Шымкентке тіке хабаршы шаптырады. Мақұлбек атты танып, солдаттардан алып қалады. Оны баптап, бәйгеге қосады. Бәйгеден ылғи бірінші келіп, «Мақұлбектің қара аты» атанады. Әбден кемеліне жетіп, қай жаққа барса да бас бәйгені жеңіп алады. Мұны естіген Мекемтастың ағайындары оған:

– Әй, анау ат сенікі еді ғой. Тұлпардың тегі бар, тұлпар тегін табады. Оны шығынсыз, қайырымсыз бересің бе? Қазір Мақұлбектің жағдайы бар.

Неге қасындағы жирен қасқа жүйрігін сұрамайсың? – дейді.

Мақұлбек балаларын кешеуілдеп көрген екен. Тұңғышы туғанда Мекемтас құтты болсын айтып барады. Сөз арасында ол: «Сіздің жирен қасқа атыңызды қалап келдім», – дейді.

– Жирен қасқа атымды бере алмаймын. Мекемтас ренжіп, өкпелейді. Мақұлбектің әкесі Шерім қайтыс болған. Оның сол кезде тоқсан жастағы әкесінің інісі Нарқозы Мекемтастың ренішін естіп, Мақұлбекті үйіне шақырып сөйлеседі.

– Иә, жекжатың келіпті ғой.

– Келіпті. Ол бар болғыр, менің қасқа атымды сұрайды.

– Мен ақыл айтайын, сен тыңда, – дейді Нарқозы. – Қасқа атыңды қалап келіпті, бермесіңе болмайды. Керек десең, ұл тапқан қатыныңды қоса берсең де жарасады. Ол да іргелі ел-жұрт. Керекеңнің, Керімбайдың ауылы. Жекжатыңның қалағанын бермей, сен Мақұлбек жүре аласың ба? – десе:

– Көке, алжып қалыпсыз ғой, – депті. Сол кезде Мақұлбек отыз жасқа шыққалы тұрған кезі екен.

– Қарағым Мақұлбек, мен алжысам, алжыған шығармын. Егер айтқанымды істемесең, сен отызға жетпей алжисың.

Мекемтастың өкпесін естіген ауылының қариялары Керімбайға барады.

– Кереке, Сиқымдардан қорлық көрдік. Осындай да осындай, – дейді. Керімбай жігіттерін жіберіп:

– Мақұлбектің атын тартып алыңдар да, өзін байлап, алдыма әкеліңдер, – дейді.

– Мәмлеге көнбеген тәжірибесіз басым қара күшке лаж жоқ көндім. Нарқозы атамның ақылын дер кезінде алмағаныма өкіндім, – деді Мақан қателігін мойындап.



Мен Мақұлбек қариядан жирен қасқа атты бермеу себебін сұрадым.

– Е, оның мынадай себебі бар. Қара ат қолыма түспей тұрғанда, бір биені жақсы айғырға шаптырып, осыдан жүйрік ат туатын шығар деп жеке үй тігіп, биені сол үйдің ішіне байлап, басы-көзіне қарап, бақтым.

...Таңғы мезгіл-ау деймін. Жұрттың бәрі «Мақұлбектің биесі тұлпар туыпты» деп шашу шашып, тамақ толы дастарқанын көтеріп келіп жатыр. Оянсам, түсім. Бие байлаулы үйге жүгіріп жетіп, тура түсімдегідей төрт аяғы ала, жирен қасқа құлынды көріп қуандым. Кейін ол жүйрік атанды. Дуадақты көргенің бар ма?

– Жоқ.

– Қозы тәріді төңкеріліп жайылады ғой. Жерден ауыр көтеріледі. Жирен қасқаның басын қоя бергенде, жылдамдығы сондай, әлгі дуадаққа жетіп үлгеретіндей сезілетін. Менің жирен қасқаны Мекемтасқа бермегенімнің себебі, онымен дуадақты ұстап алсам деуші едім.

– Қара аттың қандай қасиеті бар?

– Қара ат ең алғашта сылбыр шабатын. Кей кездерде жирен қасқа атпен жетіп барып:

– Әй, қара ат, иінің, құлағың салбырап саған не болды?! Елге мені масқаралап жерге қаратқың келді ме? – дегенімде, маған тура қарап, айтқан сөзімнің мәнін түсінетін.

– Оның бәйгеге қалай қатысқанын айтыңызшы?

– Қара атым бәйгі болатынын бір ай бұрын сезіп, өзін өзі суытатын.

– Сонда қалай?

– Жабуын жауып, белін тартып, шылбырын түспейтіндей етіп түріп қоямын. Өзі пәлен шақырым жерге шауып барып, шауып келеді. Келгеннен кейін әдемілеп терін сүртіп, ары-бері

жүргізіп, таң асырып баптайтынмын.

– Түркістанда пәлен айда, пәлен күні Пәленшенің асы өтеді. Дулат атаның балалары келіндер, – деп екі жыл бұрын сауын айтылды. Шақырған асқа сол кездің салты бойынша қырық адам боп Қаратаудан аттандық.

Қара атым ешқашан жетекке көнбейтін. Өз еркі өзінде. Ол біресе озып кетеді, біресе артта қалып қойып, қуып жетеді.

Жолға таңғы сағат бесте шыққанбыз. Он бірде жолай кездескен ауылда бәйге болайын деп жатыр екен. Терін алғалы қара атты бәйгеге қостық. Ол кезде ешкім «сен қай жақтансың» демейтін. Қара ат бас бәйгені жеңіп алды. Алға жүріп кеттік. Тағы бір жерде бәйге кездесті. Бұл жолы да қара ат бірінші келді.

Олжалы боп Түркістанға бардық. Адам көп. Қондық. Ертеңіне жаршы айқайлады:

– Бірінші бәйге шаппай беріледі. Оған Көбей болыстың аты Тортөбел ие. Қалған екінші, үшінші бәйгені озған аттар алсын, – деді. Мен:

– Оу, бұл қалай? Біз де бірінші бәйгеден үміткерміз, – дедім. Біреулер: «Ой, мынау қойға мінетін қара атын әкеп, не деп тұр? – десе, тағы біреулер: «Мына қара ат көзге тым қораш көрінеді. Ерні салбырап, қарны кампайып кеткен. Бұл алысқа шаба алмайды» – десті.

Сәлден кейін үстінде оқалы ақ шапан, басында ақ қалпақ, төбесінде көлеңкелі шатыр, әбден қартайған бір ақсақалды екі жігіт көтеріп әкеп, жозыға отырғызды. Ол кісіні елдің бәрі тыңдайды екен. Алдына дат деп бардым.

– Датың болса, айт, қарағым, – деді ақсақал.





– Осындай, екі жыл бұрын сауын айтылды. Келдік. Біз де бірінші бәйгеден үміткерміз. Сауыншы жігіт «бірінші бәйгені шаппай береміз» демеп еді. Бұл салт дәстүрімізде жоқ нәрсе ғой. Мұны қалай түсінеміз? Біз қазақ емеспіз бе?

– Сауын айтылғанда бірінші бәйге шаппай беріледі деп айтылуы керек еді. Егер ескертілсе, онда біздікі, ескертілмесе бұлардыкі дұрыс, – деді ақсақал. – Сауын иесі кім?

– Пәленше.

– Шақырыңдар. – Ол ақсақалдың алдына жетіп келді.

– Сауын айтқан сен бе?

– Мен.

– Бірінші бәйге шаппай беріледі дедің бе?

– Жоқ, олай айтқаным жоқ.

– Е, ендеше бірінші бәйгені шауып алсын, – деді ақсақал.

Ертемен екі күншілік жерге аттарды жіберді. Әр дауыс жететін тұсқа бір-бір атты адамды қойды. Олар бір-біріне жүйріктердің қалай келе жатқанын айқайлап айтып тұрады. Өрге, ылдига шапқанда қара ат озды деген хабарды естігендер:

– Өрге қарай шапқанда озса, күшінің барлығы, – десті.

– Оған тосқауыл қояйық, кесір келтірейік, – дескен дауысты естіген біздің адамдар маған келіп:

– Әлгіндей тапсырма алғандар, алға шауып кетті, – деді. Мен де шаптым. Өзер жеттім-ау. Төртөбел сәл алда, бірінші, қара атым сәл артта, екінші келе жатыр.

– Әй, қара ат! Неғып иегіңді төмен сап, құлағыңды салбыратып келе жатырсың?! Аруақты жерге қаратайын деп пе едің?! Абай бол, алдыңда тосқауыл бар деп айқайлады. Қара ат сәл қырындай қарады да заулап

жөнелді. Мен өзім ілесе алмай қалдым. Кенет алдынан бір атты адам көрінді. Ол тосқауыл жасамақ болған еді, қара ат оны айналып өтті.

Төртөбелді екі жағынан екі атты жігіт шылбырынан тағып, алға сүйреп келеді. Соған қарамастан қара атым сөреге бірінші келді. Елдің бәрі, той-басылар айқайлап:

– Қара аттың иесі дуакес екен. Алдынан шығып, атын дуалады, – десті. Ол кезде жаспын, бетім қайтпаған, бойым екі метрге жуықтау, иықты, арықтау, көзім қой көздеу, аққұбаша, сымбатты жігітпін.

– Әй, қазақ, сенің ауылыңда да әулие бар. Дуалады десендер, аттарымызды бәйгеге қайта жіберейік, – дедім. Дау тыншыды.

Төртөбелді бір жігіт, қара атты екінші жігіт ары-бері жетектеп, суытып жүр. Бір кезде қара ат менің айтқан сөзімнен шатақ болып жатқанын түсініп, жұлқынып барып, Төртөбелді қағып шалқасынан құлатты. Оның осы киелі қасиетіне әлі күнге таңғаламын...

Сөзімді бөлмей тыңдаған Баукең:

– Қарағым, облысымның біраз сырымен таныстырдың, рақмет, – деді жарқын үн қатып. – Сағынышым қойныма сыймай жүр еді, Сен тағы сағыныш қостың. «Сені құртам деп ауру, жазылам деп мен әлек». Қайсымыздың жеңерімізді бір Құдай біледі. Денсаулығым дұрысталса, Жамбылыма барып қайтсам деймін...





**Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,**  
әдебиеттанушы,  
ҚР Жазушылар одағының  
мүшесі

## ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КҮЙ САРЫНЫ

Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің төркінін кейде автордың сыр-сұхбаттарынан аңдап қаласың. Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Жұмабай Шаштайұлы да бір сыр-сұхбатында туындыларында суреттелетін жылқышы, қойшы шал бейнесінің түп-төркіні күйші, ұзақ жылдар мал баққан өз әкесінің тұлғасынан бастау алатынын айтып қалған. Шынында, автордың өзге шығармаларын былай қойып, «Қоңыр» әңгімесі мен «Шал мен жылқы» хикятын оқығанда, осы бір жайға көзің анық жете түседі.

Автор әңгімесі сыр-сұхбатта былай өрбиді: 1979 жылы оқу бітіргенімде диплом жетекшім Рымғали Нұрғалиевке «Біздің ауылда қойшылардың слеты болып жатыр, соған ертіп барсам қалай қарайсыз?» – деген едім, ол кісі бірден келісіп, қасына атақты әнші



**Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ**  
(1950-2024)

Жәнібек Кәрменовті ертіп алды. Ауылда анамның шайын ішіп, жүз шақырым қашықтықтағы қойлы ауылға аттандық. Ескілікті әңгімеге төгілген шешен Жәнібек сөздері жүрек қозғайтындай



тебіреніске толы, арасында шырқатып әнге басып та қояды. Бір кезде ұйықтап кетіп ояңған ол менің әкеме телміре қадалып барып: «Аға, мен өледі екенмін», – деді. Онысын және бірнеше мәрте тынбай қайталап: «Ақ боз атпен шауып бара жатып, мұрттай ұшып түстім», – деп сөзін ары қарай жалғады. Сонда әкем: «Ақ боз атқа мінгенің жақсы екен. Құлағаның бекер болыпты, – деді жанашыр ыңғайда жұмсақ тіл қатып. Айнала тым-тырыс. – Ақ боз атқа ердің ері ғана мінеді, ердің ері ғана шабады. Анау-мынау емес, ақбоз аттан ердің-ері ғана құлайды», – деді ақыры сөзінің қорытындысында. Ертеңіне әкем домбыра тартқанда, Жәнібек басқа әңгімелердің бәрінен тивылып, қасынан үйіріліп шықпай көп күй шерткізді. Сол жылдың күзіне қарай Рымғалиға арнайы сәлем бере кіргенде: «Сен әкеңе емес, шешенге тартыпсың», – деді бірден. Әкеммен де, анаммен бір рет қана жүздесіп тұрып бұлайша кесіп-пішіп айтқанына таң қалдым да қойдым. Менің бүкіл темпераментімді жіктеп, танып айырып айтқанына таң қалмасқа амалың, кәне. Кек сақтай бермейтін кейбір мінездерім анама келетінін өзім де ептеп сезетінмін, ал әкем жарықтық ол жағынан қаттылау. Ешкімді басынан асырмауға тырысатын. Рымғали әр кездескен сайын: «Сен көп нәрсені іздеме. Жазатын дүниенің бәрін сол шалдың бойынан табасың, одан артық саған не керек», – дейтін. Осы жасқа келгенде ойлап қарап отырсам, Рыкең өте көреген кісі екен. Тақырып таңдаудың эстетикасы мен теориясын оған және барудың рет-тәртібін дәл де шебер нұсқап кеткен екен жарықтық. (Жұмабай Шаштайұлы: Оқырмансыз әдебиет те, жазушы да – жетім. Сұхбаттасқан Мөлдір Райымбекова. «Қазақ әдебиеті» газеті, 14.07. 2020.)

Жазушының қай туындысын алсаң да, кейіпкерлері жалаңқат емес, терең астарлы, көп қырлы болып бейнеленеді. «Қоңыр» әңгімесіндегі Қанақожа шал, мәселен, ішкі-сыртқы бітімімен, жүріс-қозғалысымен, тіпті кемпіріне оқшырая қарап, әр түрлі мінез көрсетуімен көз алдыға келеді. Ішін алдыртпайтын біртоға, бірақ не нәрсеге болса да, сергек қарап, өз ойымен терең барлап, ой түйетін сарабал, сыншы. Жан дүниесінде мұң, сыз бар. Бірақ соның өзін ашып айтпай жауар бұлттай түйіле түседі. Автор оны әңгіменің алғашқы сөйлемінде-ақ аңғартады.

«Немере інісі қайтыс болғалы қатты шөгіп-шөжіген Қанақожа бүкжиіп, бір уыс болып төрде отыр. Ынта-зейіні құраққа ауған кемпірінің қалпындағы іш пыстырар бейғамдыққа таңырқағандай көзін ойнақшыта төңкергенде нұры қашқан қарашықтарының жиектеріне жалқындаған сәуле үйірілді. Адырайған шеке тамырынан қан зор қысыммен жүретіндей білеуленіп кетті».

Шалдың жан дүниесінде қозғау бар. Бебеу қағады. Әзір тоқталар, тыйыла алар емес. Немере інісі Сейіткерім тілі байланар алдында үзіп-жұлып «Көке, Нәрікбайдың зарын тартыңызшы» деп еді-ау. Сонда «сандырақтап барады-ау» деп топшылаған. Бебеулеген Нәрікбайдың зары ешкімге жақ ашып айтпаған ішкі алапат күйініші еді ғой. Кіндігінен жалғыз ғана қыз өріп, ұл сүймеген қайғысын, зарын осы күйге сыйдырған. Сейіткерімнің әкесі Нұрберген зарлы сарынды жақтырмай, аза бойы қаза болатын. «Әй, мұның ақыры жаман болады, тілеуің алдында, сабыр етсеңші» дейтін. Сөйткен Сейіткерімді баласынан бір кем көрмеп еді. Қолында өсті ғой, алданышы, сүйеніші, үміті болатын. Енді, міне, артына тастап кетті. Ара-арасында кемпірінің бүгжеңдеген тірлігіне одырая қарайды. Бұдан жа-



сырған бір сыры бар тәрізді. Бағдат қызының мына тұрған қаладан бір айдан бері хабарсыздығына қитықты. Оның үстіне әлгінде қаладан келген балғын жігіт, кейін білді құрдасы Шәріпбайдың баласы екен, төбеден жай түскендей етіп: «Ата, сізді көп күй біледі дейді, соны жазып алайын деп едім» деген. «Шырағым, сенің күйің тұрмақ, бір басымды жер-суға сыйғыза алмай жүрмін», – деген бұл. Қанақожаның басындағы осындай қатқабат жағдайды автор барынша түйдектетіп, қоюлатып береді. Кемпірімен арадағы құбылып отыратын оқыс мінез көріністері шалдың образын нақтыландыра, айшықтандыра түскен.

«Сұраулы жүзбен бір сәт ежірейе қарап, әлденеден жерінгендей қабағын шытты. «Құрағыңмен қоса құрып кеткір» деп, айта жаздап барып тыйылды. «Жалғыз қызы Бағдаттың бірденесіне жаратам ба деген үміті шығар жазғанның. Бұл қатын деген шіркін қарап отыра алмайды екен ғой» деп бір қойды іштей. «Әлгі қыз қайда кетті? Төрт жұмадан бері мына тұрған қаладан бір келіп кетпегені несі? Әй, жарығым Сейіткерім-ай! Кәрі қойдың жасындай жасым қалғанда жер сипатып кеткенің болмады-ау!»

Шағын әңгімеде уақыт пен кеңістік те шынайы беріледі.

«Шалқалап туған ай сынық сүйем. Қойнау-қойнауына көлеңкені молынан тықсырып, тау қарауытады. Мың-сан шоқ жұлдыздар шымырлаған теңіз бетінде өшпей жанып тұрғанына мәз сияқты жымың-жымың етеді. Қанақожа күздің осынау жайлы түніне ықылас қоймағанымен, серпілтіп, сергітетін таза ауада көп бөгелді. Теріскейден соққан сары жел іштен шыққан жалынды басатындай салқын».

«Орнынан сүйретіле көтеріліп, есікке таман барып сәл іркілді, бүкіл денесімен бұрылып, кемпіріне аңтарыла қарады. Бір нүктеге тас болып қалған қосағының қалшиған қалпы жат, суық. Қанақожа сыртқа шықты. Күн Суықтөбенің оң қапталын иектеп қалыпты».

Автор табиғат, мезгіл көріністерін кейіпкердің жан дүниесінің қозғалысымен шебер ағастырған. Әңгімеден үлкен прозаға тән байсалдылық аңғарылады. «Еншілестің күйігі жалғыз саған түсіп пәле болды ғой бұл. Түк болмағандай жүр ғой әне келінің жайраң қағып. Не көрінді сонша?!» деп әлгінде кемпірі шабақтап өткен. «Мына мыстан не дейді? Сейіткерімнің күйігі маған түспегенде кімге түседі? Әкесі де, шешесі де мен емес пе ем, білсе?! Жайрандайтын келін жайрандай берсін» деп бұл іштей түйілген. Кейіпкердің жан сыры тереңде. «Мына мыстан не дейді?» дейтін кеудесін жарып өткен түйткіл де табиғи. Ашып айтпағанмен, кіндіктен тараған жалғыз ұлдың болмауы қартайғанда айықпас қасіретке айналған. Бұл да қазақы болмыстың бір көрінісі. Өзге ұлттың өкілі болса, бұған соншалықты мән бермеуі мүмкін. Ал Қанақожа үшін жүрек түкпіріндегі сыздаған жара.

Түнде түс көріп, ұйқысы бұзылған. Әлдебір саз құлағына келген. Таңды атыра алмай біраз дөңбекшіп жатып, тағы көзі ілініп кетіпті.

«– Әй, неғып тұрсың? Ерте күнді кеш қылатын болдың ғой.

Ту сыртынан үн қатқан кемпіріне: «бұл да маған пәле болды ғой» деді. Бір кезде апыл-ғұпыл жүріп, үйге кірді. Есіктің көзінде аңырып тұрып қалған кемпіріне де бөгелмеді. Не істемекші болып едім дегендей қақ ортада селтиіп тұрып барып, домбыраға қол созды. Ілгектен шығара алмай әлектеніп жатқанда:





– Оны не істейсің, – деген кемпіріне одырая қарады.

– Не істеуші едім, Нәрікбайдың зарын тартамын!

– Нәрікбай дегенің кім тағы?

– Менмін, – деп, айғайлап жіберді.

Кемпірі кенет домбыраны жұлып алып, қолына ұстатты да, «Ал тартшы, тартқыш болсаң» дегендей арқасын қабырғаға сүйеп тұрып қалды.

Қанақожа әлденеден қолайсызданғанымен: «Осының түлей шалыстанған тұрысы-ай» деп қынжылып та қойды. «Бәрі құрып кетсінші» деді де аттап-пұттап барып төрге жайғасып, домбырасын оңтайлап ұстады. Дың-дың дыбыстарға елітіп, ырғалып тербеле құлақ күйін ұзақ келтірді. Кемпірін көзінің астымен бір сүзіп өтіп, шіркіннің мұндай кездегі санасыздау пошымына ашуы келгендей шанақты үсті-үстіне қағып-қағып жіберді. Енді болмаса шанақ шытынап қақ айрылып кететіндей ашы саз домбыраның жоғарғы сағағында бебеу қақты. Саусақтары пернені қуалай келіп, төменгі тұста маймаңдай жорғалағанда шыңылдаған нәзік әуен қоңыр қою дыбысқа біртіндеп ұласты. Қанақожаның бидай өңді ажары ашаң тартып, қоңыр көзінің қарашықтары дегбірсіз ойнақшып, арагідік бір нүктеге кәдік қадалатындай. Оң жағына шынтақтай жайғасқан ол әр түрлі саздың ырқымен бір еңкейіп, бір шалқайғанда иегіндегі шоқша сақалынан болымсыз діріл білінеді. Анда-санда көзін кең ашқанда қызыл жиектенген шарасында кісі дәт қылып қарай алмайтын айбын бар. Санасында ілік-шатыс бірдеңелердің сұлбасы бір көрініп, бір ғайып болады. Кенет биік шоқының құлдилаған еңісі, күз шыңырауда ирелендеп аққан бұлақ, самал желге қоғадай жапырылған көгөрай шалғын, обадай шотшайған алтыаяқ, елтірі бөрікті қи-

сайта киіп қалғып-мүлгіп кетіп бара жатқан әлдекім, бәрінің көші-қоны түзуленіп, көз алдынан тізбектеле өте бастады. Екпінді қоңыр сазды мезетінде байсалды байыпқа көшіріп, байырқамастан баяу шертті. Сәт сайын қосамжарласқан шіңкілдек дыбыс жүйкесін жұлқып-жұлқып өтетіндей Қанақожаның денесі солқ-солқ етеді.

Домбыраның қылша мойнын дедектетіп, секекетпей тыңнан тағы бір әуез іздеген Қанақожа көзін тарс жұмып алды. Осы жерден қайыру керек деген ішкі тоқтамына көнбеген шымырлаған үн бастапқы қоңыр сазға құйылыс тауып барып тынды.

Қанақожа бүк түскен қалпында ұзақ отырды. Бір кезде басын еппен көтергенде, жаулығының ұшымен көзін басып, тұншыға жылап отырған кемпірін көрді. «О, тоба, менің тартқан шалдыр-шатпағымның күші кемпірді жылатуға жеткені ме? Осыны әлгі Шәріпбайдың әртіс баласы көрсе оңды-ақ болар еді-ау» деді. «Сейіткерім жарығым-ау, Нәрікбайдың зарын емес, өзімнің зарымды тартып отырмын саған» деді. Кемпірі жаққа көз қиығын тастап: «Жыла, жылай түс. Қатын деген халық кеуліндегісін жыласа да сыртқа шығара алады. Еркек жазған жылайын десе қатын емес, жыламайын десе күйік жеп барады» деп ойлады».

Автордың кейіпкері өмірдегідей күрделі, қайшылықты, һәм табиғи. Жазушының даралық қолтаңбасы да осында-ау дейміз. Кейіпкерімен біте қайнасып кетеді. Кейіпкерінің ауасымен тыныстап, көзімен төңіректі шолады. Ішіндегі бүкіл ділін, өмірге көзқарасын кейіпкеріне толайым аударып береді. Әңгімеде күй сарыны барынша шынайы суреттелген. Күйдің дүниеге келу өрісі келісті өрілген. Күй – Қанақожа ішкі әлемінің, шындығының бұлықсып сыртқа шығуы. Бүп-бүтін дүние-





ге жарым көңілмен, беймаза көңілмен қарайды. Мына жарық дүниені – жаратылысты жеке адам жеке қабылдауымен, жеке көзімен көреді екен ғой. Біреу үшін бүп-бүтін дүние, біреу үшін жарымжан. Жеке адам-ның басындағы сезім, көңіл-күй қайталанбайды. Адам – индивид, көшірмесі жоқ жеке тұлға. Әрбір адам – ұлттық характер, қайталанбас болмыс.

Жұмабай Шаштайұлының тұлға концепциясы осыған саяды.

«Шал мен жылқы» хикаятында шал образы тереңдей түскен. Хикаяттағы Қосшыбай шал мен әңгімедегі Қанақожа жақын туыстас образдар. Қосшыбай да кіді, жайдақ су тәрізді ашылып-шашылып сөйлей бермейді. Сөзге сараң, бірақ ойы терең, сыншыл. Ол да бүгінгі тірліктің жайларына көңілі толмай сызданады. Жалпы, жазушы шығармаларында сыншыл көзқарас, өткен мен бүгінді байланыстыра, салыстыра қарау басым. Үш ұл қалада. Әрқайсысы өзімен-өзі. Ешқайсысы шалдың жайын ойлар емес. Үлкейді-ау, жылқы бағу да оңай емес, қасында біреуі болуы керек-ау – ешқайсысының қаперінде жоқ. Кенже ұлы әскерден келгенде үміттенген.

«Кіші ұлы Әнуар әскерден оралып, ыстық-суығы әбден басылды-ау дегенде қасқа атты алдына көлденең тосты.

– Балам, мынау елге аман-есен оралғаныңа атағаным, ат қып мінем дейсің бе, жоқ, құс боп ұшқың келе ме, әйтеуір, не қылсаң да өзің біл.

Көп ашылып-жарылмайтын әкесінің бұл бейіліне разы боп кеткен ұлының кара торы, жұқа өңі алабұрта жөнелді. Табалдырыққа жайымен жайғасып алып, қасқа тайға ішіп-жеп қараған әкесіне бір, қалғып-мүлгіп монтаны тұрған жануарға бір қарап, жұтына түсті. Шыбындаған тайдың тынымсыз

шыпылдаған құйрығы егін осып, шымылдатқанын елемеген Әнуар жұнттай жұмыр бітіміне сүйсініп, қасынан үйіріліп шықпай:

– Көке, шынымен күзеген жоқсыз ба? – деді.

Баласының сұрағына іші жылып сала берген шал «Бәсе, көрген-баққаны мал емес пе еді» деп ойлады.

– Жаралғаннан солай. Тұяқтарына қарамайсың ба, тура қолмен құйғандай. Далиған омырауына қарашы, атты кісі еркін өтіп кететіндей кең. Тағы өзі барып тұрған бұзық. Қашса, тура бар ма, атқа жеткізбейді. – Құдды немересінің қылығын әңгіме қылып, ет жүрегі елжіреп кеткендей шалдың дөп-дөңгелек шырайы әлденеше құбылды. Әңгіме өзі туралы екенін сезгендей басын кегжең еткізе жұлып алған қасқатай Әнуарға бұрылып, тұмсығымен бір түртіп қалды да, бастапқы қалпына көшті. Тайдың мінезі әбден өзіне сыралғы болғандықтан ба, шал жымыып қана қойды.

– Көке, мен мұны ауылға әр келген сайын мініп, тауға шығып тұрамын, – деді бір өңкей тікірейген жалды құлатып жатып. Шошына селт ете түскен шал Әнуарға одырая қарап, қатты да қалды. Түк сезбеген күйі ол тайды төңіректеп әлі жүр. «Құдайдың ұрғаны-ы, бұл да далабезер болмақ па? Жетпістегі әкесі желкілдеп тұр дей ме екен?»

Шағын көріністен көп сыр аңғарылады. Өзімшіл ұл әке көңілін сезініп тұрған жоқ. Сезінейін де демейді. Эпизодта жылқы малының шал көзімен берілетін сипаты, келісімі табиғи өрілген. Қыс қатты, әрі жаз қуаңшылық болып, төңіректе тебіндеп жейтін шөп қалмай, ұзап кеткен үйірдің соңынан із шала шыққан шалдың түйсінуімен жер ыңғайы, құбылған ауа райының



барысы, былайғы жұрт біле бермейтін Қамбар ата тұқымының қасиеті мен ерекшелігі хикаятта шынайы суреттеледі. Әлбетте, жануар болмысының суреттелуінде авторлық дүниетанымының бірінші кезекте орын алатыны белгілі. Бұл ретте жазушы дүниетанымы кең, білгені мол. Кәнігі жылқышының кейпіне енеді.

«Буырылға үйренген жылқылардың Қайыптан бір-ақ шыққанын естігенде: «Біреу-міреу айдады-ау, әйтпесе бір жақтағы Қайыпта несі бар?» деп шалдың ойы сан-саққа жүгірді. Күш қайта бастаған соң кежегесі кейін тартты ма, әне-міне көздеп қайтам деп жүріп, күзді де өткізіп алды. Төске түні бойы жаңбыр жауып, арты қарлы боранға айналғанда: «Төменгі жаққа біржола қар түскен шығар?» деп ұйғарған. Сөйтсе, онда да тура осындағыдай болыпты. «Басқалары күнін көрер-ау, әлгі күрең байталдың ұсқыны нашар еді, қайтер екен бишара» деп уәйімдей бастады».

Бір қарағанда, қысты аяғымен өткізетін жылқыны бағу қиын емес тәрізді көрінер. Бірақ шындығы сол ма? «Мал баққанға бітеді» дегендей, автор ата кәсіптің жеңіл еместігін алдына тосады. Түзде, ат үстінде ой серігі басым Қосшыбай образы дара қалпында сомдалады.

«...Сондай күндердің бірінде ертеңгісін келсе – кешегі орнында жылқы үшті-күйлі жоқ. Тепсең жер көртышқанның індеріндей үйме-жүйме де, шыққан із біреу-ақ. «Бұл не сұмдығың?» деп қатты састы. Күнбатыстан соққан жел өңменнен өтердей суық. Түйетайлы сай мен ой-шұңқырдың бәрін аузы-мұрнын толтыра асыптөгілген оппа қардың жиек-жиекте не қабыршықтанған мың сан түрлі бедерлі өрнегіне қанша алданбай-

ын десе де, көзі амалсыз түсе берді. Беткей-беткейдегі бетеге мен жусан жазмышқа құлдық ұрғандай қалт-құлт етіп бір уыс, бір уыс болып бүріседі. Бір тұяқтың шеңбер шаршысына дөп келетін ізбен сонда көп жүріп еді. «Апыр-ай, бір кәдік болды-ау» дегенді іштей әлсін-әлі қайталай берген. Бір белді асып, ойпаңға түскенде тарам-тарам жосыған көп із алдынан жамырап шыға келді. Таң қалмасқа шарасы қайсы. Айналасын жал-қырат қаумалаған кең қолтықты жазықта пырдай болып жатқан жылқы ұшыраса кеткенде сыздап қобалжыған көңілі бірден жай тапты. Жылқылар елеңдесіп бастарын жұлып-жұлып алды. «Күзғындатып тағы жетті ме» деген сыңайда одырайыса қарасып, қаудиған үрпіңкі денелерін бір-бір сілкіп, жер тебуге қайтадан қызу кірісіп кетті. Жайылған тұстары құмырсқаның илеуіндей үйме-жүйме, қардан аршылған жерлері сау тамтығы жоқ таздың басындай шұрық тесік. Дәл сонда қандай күй кешкенін кім білсін, қазір шалдың төбе құйқасы өз-өзінен шымырлап, тұла бойын қалтыратқан діріл жүгіріп өтті. Осы жасқа дейін көңілінде түйткіл секілді нәрсенің көбі болды ғой. Жалғанда жақсы көретін дүниесінен бірақ бұлайша ажырап, алыста қалғандай сезінбепті өзін. «Әлгі айғырдың қоқаң-соқаңы көп болғанымен, шындап келгенде он биені шығаруға шамасы келе қояр ма екен? Әй, қайдан...» Жөні жоқ жерде сестеніп, шеніне жан баласын жуытқысы келмейтін құр көкіректігін жақтырмайтыны рас. Он қаралы жылқыны сөйтсе де, бірінші құдайға, екінші соған тапсырғанда: не бопты, атасы айғыр ғой, шағын жылқының шашауын шығара қоймас» деп ұйғарған. «Ойпырай-а, Қайыпқа қалай барды екен, бір бәлеге кез болып қалмаса жарар еді де».





Жылқышы шалдың көңілі осылай толқиды. Табиғи, шынайы өрбіген эпизодты жазу үшін, шындығында, бастан өткерген өмір тәжірибесі керек. Қалай дегенде, білмеген жартылыстың сырын ойша, шығармашылық қиялмен өрбітемін деу алысқа апармайды. Жазушы Ж. Шаштайұлының артықшылығы да осында. Шығарма ситуациясын жанамалай болсын басынан өткерген. Өрістегі мал жайын, тебіндегі жылқы сырын жақсы біледі. Сондықтан да мезгіл-мекен шындығы, қарлы борандағы үйір әрекеті шынайы көрініс табады. Бұл ыңғайда жазушы қаламы жігі, қырағы, бейнелі. Әрбір детальге дейін қалт жібермей, кәдеге жаратады.

Әйгілі әдебиеттанушы Рымғали Нұрғалидың сөзі қайтадан еске түседі. Автордың боз бала, жігіт шағында мал баққаны, ішкі сырын алдырта бермейтін тұңғық сырлы, табиғатынан күйші әке жанында болуы – шығармашылығына мол олжа әкелген. Шындығында, Қосшыбайдың образынан әке тұлғасы аңғарылады. Өңгімедегі Қанақожа мен хикаяттағы Қосшыбайдың туыстас шығып жататыны сондықтан. Бірақ автор образды түрлі ситуацияда әр қилы дамытады.

Жазушы Қосшыбай образы арқылы әулеттің бастан кешкен қиын тағдырын сипаттайды. 30-жылдардың ашарлығын, бір әулеттің күйреп түсуін бейнелейді. Сонда да бұл әулеттен домбыра сазы үзілмеп еді-ау. Ұрадағы соңғы қап бидайды әлдекім ұрлап әкетіп, ағасының әйелі – жеңгесі шаптығып, сол жылы күйеуінен, үш бірдей баласынан айырылған анасын тілдегенде, күйініп кеткен Бөлеген ағасы домбыраны қолға алған. Ішкі ашуы мен дәрменсіз күйін, тағдырына налуын домбыра сазымен сыртқы шығарған.

«– Барсын, атасына нәлет, содан-ақ көрдім, – деді де бұрыштағы домбырасына қол созды. Бұрауына келіп тұрған болса керек, ащы-ащы дыбыстарды үстемелетіп жіберді. Ыңыранған баяу саз тамылжыған тәтті әуезге ұласқанда шешесі де, Қосшыбай да елтіп кеткендей тым-тырыс. Домбырасын оңтайына алып, құнжың қаққан Бөлеген өзін бүтіндей оқшаулап, дүниеден қара жанына жарқын сарыннан ғана демеу табатындай тым бейілді. Күйлі-мұңлы әуен жаңадан соғылған дуал тамның ылғалына сіңіп, одан сайын жұмсарып шығып, құлаққа жағымды естіледі. Осы кезде Қосшыбай анасы жаққа назарын еріксіз бұрды. Әр адымын санап, кербез басатын бір кездегі тәкаппар, сәнсалтанаты келісті бәйбішеге шешесі мүлде ұқсамайды. Опалаң-топалаңы шыққан мына үйдің кір-қоқысынан бойын аулақ салып, өлсем – отырған орным киелі дейтін көзжұмбайлыққа көшкенінен ғана бұрыннан бойында қалған кесектік байқалатын тәрізді. Көкәйыл келіннен беті қайтып, қайраны таусылып, біржола қарекетсіз қалған ұлынан түңіліп біткен шешесінің қой көзінен тіршілікке деген жылт еткен ынтызар нұр білінбейді. Тырсия керіліп тұратын кимешегінің жақтары сәлпілдеп бос қалыпты. Түсі оңып кеткен өрнек кестелеріне дейін айырып болмайтындай – баттасқан кір. Арып-ашып, азып-тоза бастаған анасының ұсқыны Қосшыбайдың жүрегін сызда-та ауыртып өтті.

– Апа, аға, мен Ілеге мал айдасып барып қайтып келейін, оған дейін күндеріңізді көре тұрыңыздар.

Шешесі үн қатпады. Тартып отырған домбырасын кілт доғарған Бөлеген інісіне таңырқағандай бағжия қарап, қабағына кірбің үйіре құнжиып, домбырасын қырғызшалап ашумен ұр-





ғылай бастады. Жылауық үннен шекесі шыңылдап кеткен Қосшыбай одан әрі тұра беруге дәті жетпей сыртқа атып шықты».

Сол жолы Қосшыбай қайтып оралғанда, ағасы да, шешесі де аштықтан әлсіреп қалған. Ағасы көз алдында жан тәсілім етеді. Өлімші халге жеткен анасын арқалап, кеудеде жан тұрғанда, жан ұшырып қырғыз аспақшы болады. Автор осы аралықта өмір үшін арпалысқан кейіпкер әрекетін бейнелейді. Денесінен әл кеткен шешені арқалап жүру оңай емес. Сонда да ол жанкештілікке салып, соңғы күшіне дейін алға жылжып келеді. Қосшыбайдың аласапыран жан дүниесі мен алға ұмтылысы, шешесінің ара-арасында есі кіргенде, айта-тын үздік-создық сандырағы ситуация шындығын нақтыландыра түскен. Ақыры атамекен – тасқораға жеткенде шешесі үзілді.

Ат үстіндегі жылқышы шал өмірі осылай қиыр-шиыр. Жеке бастың тағдыры арқылы халық басына түскен нәубет шындығы өткір бейнеленеді. Бала мен ана арасындағы психологиялық ауыр күй кім-кімді де күрсінтпей қоймайды. Бүгінгі өмір пейіш қой. Шал балаларының қазіргі тірлігіне көңілі тоймайды. Міне, қыстың қақаған суығында кенже баласы үйленем деп әлек. Барлығының көз тіккені шалдың үйір жылқысы. Ашуға булыққан шал жылқыларды қайырып әкелмек болып түзге шыққан. Ысқырық аязда із шалып жылқыларына барған. Ала жаздай жаңбыр жаумай, күйіп кеткен даладан нәр таппаған жылқылар шығандап кетіпті. Қанша жерден шаршап-шалдығып барғанмен, қайыру бермеді. Келесі күні үйіне әзер жеткен. Үрпіскен кемпірі, балалары күтіп отыр екен. Қайыру бермеген

жылқыларға енді машинамен барып атып әкелмекші...

Хикаятта өткен өмір мен бүгінгі уақыт салыстырыла беріледі. Шал көңілінде олқысыну бар. Дырдай ұлдары бейнет шеккісі келмейді. Оңайға жүгіреді. Бәрі оңай орындалса дейді. Шалға олардың тірлігі түсініксіз. «Бейнет түбі – зейнет» деген халық даналығы қайда?! Жеңіл жолмен келген табыс түбі опа бере ме?

Шығармада көңіл аударарлық тағы бірнеше ерекшелік байқалады. Соның бірі – туынды реализмін жер-су атауларының бекітуі. «Қоңыр» әңгімесінде Суықтөбе, Майтөбе, Бесқоныс секілді таныс жер-су атаулары кезіксе, «Шал мен жылқы» хикаятында Бурыл, Қайып, Байқоңыр, Самсы, Күшікбай сайы, Шолаққарғалы өзені, Ұзынағаш өзені, Орыс бұлағы, Дәржі сайы, Аюке, Белғақ, Москопа, Жетпісалты деген атаулар жалғасын табады. Екіншіден, жазушы сюжеттің табиғи өрбуіне, образдың әрекеті мен психологиясына, тіпті сөз қолданысына дейін автор айрықша көңіл бөліп, мысқалдай жасандылықтың енбеуіне күш салады. Нәтижесінде әр сәттегі шалдың психологиялық сипаттамасы мен диалогі, әрекеті образды салмақтандырып, соны қырынан аша түскен. Жинақтала келе әр алуан көңіл-күй мен ұйтқыған жан құбылысы күрделі, һәм қайшылықты, тіпті кейде өзіне де түсініксіз, дес бермейтін бірбет, өр жан иесін тұлғалайды. Автордың жазу мәнері де осында – соқталы қаһарманның қайталанбайтын ішкі рухын аша білуінде дейміз. Қажетті тұста оңтайымен қолданылған алапат күй сарыны кейіпкердің ішкі әлемін шырайландыра түскен.

**Құдияр БІЛӘЛ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
ҚР мәдениет қайраткері



# ЯССАУИ

и а ф б и л б и м б и

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың "Уа, Жаратқан" атты хикметіне назар аударып көрелік. Ұлы ғұлама сөз басын:

"Уа, жаратқан!  
Хақ есігін аш алыстан,  
Мен бір жемтік, жеді нәпсім –  
аш арыстан.  
Күнәм шексіз, бақытсыздық  
батпағынан

Шығара гөр мен бейбақты  
қасарысқан", – деп бастайды.

Бұл – Хаққа бет бұрған әр пенденің аузынан шығар сөз. Алайда дінге бет бұрып, намазға жығылғандардың қай-қайсысы да Жаратушы Иесіне қарата бұлайша сөз арнамайды. Қайта Аллаға

бет бұрғандар өздерінің намазға жығылғандарын міндетсі бастайды. Өздерін ә дегеннен-ақ құтылушылар санатына қосатындықтан өзге "дінсіздерге" жоғарыдан назар салады. Себебі, олар өздері үшін Хақ есігінің ашылғандығына бек сенімді болады. Ол сенімділігін: "Сен Аллаға қарай бір қадам бассаң, Алла саған қарай он қадам жасайды" дегенге саятын хадиспен бекемдеп те қояды. Ал Яссауи бабамыз болса: "Хақ есігін аш алыстан", - дейді. Демек, ашылу-ашылмауы күмәнді ол есік жақын маңда емес. Әуелі оған жету керек. Жеткен күннің өзінде ол есік ашыла қойса, ғибадат одан кейін жасалады. Сондықтан біз малданып жүрген бер жақтағы намаздан қайыр жоқ.



Неге қайыр жоқ. Себебі біз Хаққа бет бұрған жоқпыз. Хаққа бет бұру – иманмен өлшенеді. Осы жерде: "Олар мұсылман болды. Бірақ иман келтірген жоқ" дегенге саятын аятты қаперге алған жөн. Ал ол аят мәнін Яссауи бабамыз: "Мен бір жемтік" деу арқылы пайымдатады.

Байыбына барсақ, жемтік – өзге біреудің азығы. Демек, азық етуші оның иесі. Ол сол ие құзырынан шықпайынша Хаққа бет бұра алмайды.

Жарайды бұрсын. Бірақ оның құлшылық етіп жатқаны – Алла емес. Ол – өз иесінің бейнесі. Ширк сол. Бұл тұрғыда Хазреті Руми: "Нәпсі бір пұт. Қалған пұттар содан туылды", – дейді.

Жалпы ширк сыртта болмайды. Сырттағының бәрі – Алланыңкі. Ал іштегі – сеніңкі. Қай ширкті де сен өзің түзесің. Сен емес, нақтыласақ, иең түзеді.

Сонда ол ие кім? Яссауи бабамыз ол иені аш арыстанға балайды. Соған орай: "Жеді нәпсім – аш арыстан", – дейді.

Нәпсіні біз де білеміз. Жалпы оны дінге бет бұрған адамның бәрі біледі. Соған орай кім де болсын сол нәпсісін жеңгендіктен Аллаға бет бұрады.

Біз солай ойлаймыз. Ал Яссауи бабамыз ойы бізге кереағар. Соған орай нәпсі шылауында жүрген кезді "Күнәм шексіз" дейді. Демек сіз бен біз малданып жүрген бүкіл ғибадатымыз күнә. Ғибадат қана емес, өзіміз, айналамыз, біз тіршілік етіп жатқан орта, бір сөзбен айтқанда, біздің табанымыз тиіп тұрған жер - "бақытсыздық батпағы". Ал ол өз ішіміздегі, өз нәпсіміз батпағы. Сыртта кінәрат жоқ. Жалпы біз сыртты өз ішімізбен көреміз. Сондықтан да адам баласы сыртты әрқалай көріп, әрқалай бағалайды.

Ұғынықтылық үшін нәпсінің кім екендігінің басын ашып алайық. Басы

ашық жәйт. Ол – біздің өзіміз. Біз, яғни жан, рух, дүние есігін ашқан (туған) сәттен бастап нәпсіге айналады. Және де сол сәттен (туғаннан) бастап оның өн бойында (қанында) шайтан да тіршілік етеді. Соған орай нәпсі мен шайтан тұтасып кетеді. Сіз бен біз солмыз. Соған орай Яссауи бабамыз: "Нәпсі, шайтан – жүргізеді жарлық маған", – дейді.

Жалпы нәпсінің мынандай жеті дәрежесі бар. Адам баласы өз қалауына орай осы нәпсі санатының бірінде жүреді. Сонымен:

1) Нафсул 'аммара – бұйырушы нафсі немесе пенделік жан, бұл тәнді қанағаттандыруға, әрдайым төменгі дәрежедегі шахуаттарға итермелейтін, рухты ақиқаттан алыс, қалың перделермен тұмшалған, оның ішкі басиретін өшіретін күштің көзі.

2) Нафс-ул лаууама – бұл нафсі жасаған жамандықтарын сезінетін, ғафлетте екендігіне өкінетін, әрдайым өзін-өзі сынайтын, қалбтың нұрынан хабар ала бастаған рух. Жамандықты жаман екендігін біле тұрса да, әрі қарай жалғастыруда. Бұған іштей өкініш білдіреді.

3) Нафс-ул мулхима – бұл нафсі жақсы мен жаманды ажырату қабілетіне ие, шабытқа бөленген жан. Аллаһтың көмегі арқасында одан басқа нәрселерден алыстап, құдайлық шабыттарды ала бастайды.

4) Нафс-ул мутма'инна – қалбтың нұрымен сомдалып, жаман мінез, әдеттерден арылып, көркем ахлақ иесіне айналған рух, тыныштанған жан. Толық иман дәрежесіне ие.

5) Нафс-ур радиййа – бұл халдегі рух өз қалауымен емес, тек қана Алланың қалауын басты нысан ретінде таниды. Риза мақамына ұласқан, нәпсіден толық арылған, кемелдіктің фана (Тәңірге еру, Онда «жоқ» болу) ма-



қамына қарай беттеген рух, қанағаттанған жан. Хақ ал йақин мәртебесіне жеткен адам.

6) Нафс-ул мардийя – өз-өзіне разы болған рух, түсініскен жан. Терең ойлы, рақымды, жомарт, адамды тек Аллаһ үшін сүйетін, өзін-өзі меңгерген, Аллаһтың құтына қауышқан, рухани шабыты арқылы Оның сипаттарын танып, көре алатын адам.

7) Нафс-ул камила (софия) – кемелдікке жеткен, басқаларды да кемелдікке жеткізе алатын адамның рухы.

Имам Раббани: "Нәпсі мұтмайннәға дейінгі жасалған құлшылықтар шынайы емес, еліктеушілік. Нәпсі мұтмайннә нәпсісінде бұлар еліктеушіліктен шынайылыққа айналады", – дейді.

Соны білген Яссауи бабамыз: "Уа, Жаратқан! Хақ есігін аш алыстан", – деп зар илейді. Соған орай Хазреті Руми айтпақшы: "Сен адам кейпінде тұрғанда өз үстіндегі күлкілерді көтере біл. Сабырлықпен ел ішінде жүріп нәпсіңмен күресе бер. Пәк Аруақ болғанда бұл жерден тез кет!"

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Уа, Жаратқан" атты хикметінде бұй дейді:

"Дүние – нәпсі, соны іздеген  
соры қалың,  
Иттей болдым, сүйек  
тастар жолыма кім?  
Қара басты! – Хақ жолынан  
мен адастым,  
Қайда барам, ей, достарым,  
не қыламын?"

Жалпы адамның өзі қандай болса, дүние сондай. Ал дүние болса – базар. Алланың базары. Не қалайсың, бәрі сонда. Бұл өзі бір жағы ақида. Мату-

риди ақидасы. "Алла жаратады, пенде кәсіп қылады" дегенге саяды. Ал Яссауи танымында – нәпсі.

Неге нәпсі? Себебі, өзіміз солмыз. Сол болған соң бір жағы – шайтанбыз. Енді осы танымнан кейін дүниеге қайта назар салайық. Не көрдік, не білдік, не таныдық? Кімге сендік, кімнің соңынан ердік, неге қол жеткіздік?

Бұл сауалдар жауабы да әрқилы. Себебі, өзіміз әрқилымыз. Сол әрқилылардың ішінде біз дүниенің нәпсі екенін қабыл алғандар санатындамыз. Соны қалай қабыл алдық, Яссауи бабамыз айтқан иттігіміз көрініс берді. Сол-ақ екен, біздің әлдеқандай көріп жүрген жетістігіміздің бәрі итке тасталған сүйек екендігі мәлім болды. Сол мәлім болған сәттің анықтамасы Яссауи тілінде: "Қара басты" делінеді. Қара басқан соң, әрине: "Хақ жолынан мен адастым" дейсің.

Адасқан адам жол іздейді. Жоқ, әуелі өзінің адасқанын әйгілеп, жар салады. Яссауи бабамыз хикметінде айтылатын ол жар: "Қайда барам, ей, достарым, не қыламын?"

Бұл – маңдайы тасқа тигенін білген барша мұсылмандар аузымен айтылған сауал. Сол сауал бүгінгі күні тағы қайталанып отыр. Қайталану себебі, Шәкәрім ағамыз айтпақшы:

"Бас көзімен қарасаң,  
нәпсі – жалған,  
Бір сұлу қыз сықылды  
жұрт таңданған.  
Анық ақыл көзімен қарағанда,  
Өзін берер қалыңға ол  
қызды алған".

Біз тілге тиек етіп отырған хикметтің келесі шумағын оқылық:

"Нәпсі, шайтан жүргізеді  
жарлық маған,

Бір пенде жоқ соған  
құл боп шалдықпаған.



Пендең сорлы – танымаған

\*\*\*

оң мен солды,  
Уа, дариға, қасіреттен  
қаңғып барам".

Егер байыбына барсақ, осы бір шумақ өлеңнен Алланың хикметі көрініс береді. Ол көрініс – дүниенің құбылып тұратындығы. Құбылғанда, жер бетінде қанша адам бар, ол соншалықты түрге бөленеді. Түрге бөленеді деген дәл анықтама емес. Нақтыласақ, жер бетінде қанша адам болса, әлем де соншама. Сондықтан да әр адам ол әлемнен өз іздегенін табады. Бәрінен бұрын ол іздеу – әмір арқылы жүзеге асады. Әмір беруші – шайтан. Соған орай Яссауи бабамыз: "Бір пенде жоқ соған құл боп шалдықпаған", – дейді. Біз "Ол әлемнен кім нені издесе, соны табады" дедік. Әр адам көкейіндегі арман – сол іздеу.

Бұл жәйт хадисте: "Өзіңді танысаң, Алланы танысың" делінеді. Ал біз өзімізді таныған емеспіз. Сондықтан біз ден қойған әлемде Алла жоқ. Соған орай Яссауи бабамыз: "Уа, дариға, қасіреттен қаңғып барам", – дейді.

Бұл – бүгінгі біздің сөз. Нақтыласақ, өзін таныған адамның сөзі. Қалай таныдық, шынайы әлем көрініс берді. Алла да сол әлемде екен.

Иә, ол әлем қақпасы діни тілде Ихсан деп аталады. Ал қақпа иесі – Яссауи. Бұл тұрғыда Әбу Осман әл-Мағриби хазреті: "Мүрит нәпсіқұмарлықты тастап, Аллаһқа ғибадатқа және мойынсұнуға бет бұруы қажет. «Сәфәр дәр уатан» сөзінің мақсаты – бір елден екінші бір елге бару емес, адамның ішкі жан дүниесіндегі Аллаһқа (жәллә жәлләһү) қауышуы. Мүрит Пір (кәміл мүршид) тапқан кезде сырттай сапарды тастап, іштей сапарды бастайды", – дейді. Шынайы әлем сол.

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың "Уа, Жаратқан" атты хикметіндегі жекелеген ой ұшқындарына назар аударайық. Мәселен Хазрет Сұлтан: "Пендең сорлы – танымаған оң мен солды", – дейді.

Сонда ол оң мен солда қандай мән бар? Рас, оң мен солымызды екі періште бақылауда. Оны білеміз. Жоқ, білмейді екенбіз. Білмеген соң да сорлымыз. Болмаса ол екі періште – Алланың көзі. Ол "көз" діни тілде Ихсан делінеді. Демек оң мен солды танымау – Ихсанды тәркі етуден бастау алады. Ихсанға тереңдеп бойлаған сайын оң мен сол мәні ашыла түседі. Осылай індетте келе, ең соңында оның Яссауи бабамыздың өзі екендігіне көз жеткіземіз.

Бұл тұрғыда Сұлтанмахмұт Торайғыров та:

"Пірді сағынам үйреткен

құдай жолын,

Надандарға танытқан

оң мен солын..." – деген.

Оң мен сол туралы шамалы түсінік қалыптасқаннан кейін оңның – сауапқа, солдың – күнәға жетелейтінін пайымдай бастадық. Егер байыбына барсақ, мына дүние есігін ашқан адамда оң деген түсінік жоқ. Себебі жер – күнә әлемі. Онда оңшылдарға орын жоқ. Соған орай біздің оңымыз да солға айналып кеткен. Сондықтан оң жаққа тән діни ғибадаттарымыздың өзі бізге күнә ретінде жазылады. Яссауи бабамыз соған орай: "Пендең сорлы – танымаған оң мен солды", – дейді.

Адам баласы миының сол жағы ғана жұмыс жасайтынын бұл күнде ғалымдар дәлелдеп отыр. Ол – заңдылық. Себебі біздер материялистерміз. Ал Құран, "Бақара" сүресінің алғашқы аятында айтылатынындай,



тақуалар үшін түскен. Тақуалар – ғайыпқа иман келтіретіндер. Ал ғайып – рухани әлем. Оңшылдар да солар. Жерден табаны ажырамаған пенде оқыған құранның күнә болатыны сондықтан. Бұл ұғым хадис тілінде: "Азаптың ең ауыры молдалар тартады" делінеді.

Имам Ғазали хазреттері:

"Адам алейһиссалам жаратылып, белі сипалған кезде түйіршіктер күйінде нәсілі шықты. Бір бөлігі оң жағына, бір бөлігі сол жағына қойылды. Аллаһу тағала: "Міне, осы оң жақтағылар, жәннаттықтардың амалын жасайтындықтан, жәннаттық болғандар. Олардың амалдарынан маған ешқандай пайда мензиян жоқ. Мына сол жақтағылар, тозақтықтардың амалын жасайтындықтан, тозақтық болғандар. Олардан да маған ешқандай пайда мензиян жоқ" деді", – деп, оң жақтағылар мен солдың жақтағылардың әу баста ажыратылып қойғандығына назар аударады. Соған орай кім де болсын өзінің қай жақтағылар іс-әрекетін жасап жүргендігіне мән беруі тиіс. Алла Тағала Құран Кәрімде: "Оң жақтағылар, олардың кімдер екенін білесіңдер ме? (Олар – амал дәптерін оң жағынан алатындар, бұл қандай бақыт!) Сол жақтағылар, олардың кімдер екенін білесіңдер ме? (Олар – амал дәптерін сол жағынан алатындар, бұл неткен бейбақтық!)", – дейді. "Уақиға" сүресі, 8-9-аяттар).

Сондай-ақ Айша анамыз (р.а.): «Расулалла (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәрет алғанда, шаш тарағанда, аяқ киім кигенде, жалпы барлық (жақсы) істерінде оң жақтан бастағанды ұнататын еді», – деген (Бұхари, либәс 38; Муслим, таһарат 66).

Басы ашық жәйт. Сол жақтағылар Алланы көрмейді. Біз оларды материялистер дедік. Атеистер де солар. Соған орай олар Алланың жер бетінде жоқ

екендігін дәлелдеп те қойған. Солай бола тұра біз де сол жақта табандап тұрып алдық. Мешіттер салдық. Не керек, оң жақты бар деп білмедік. Ол білмеу Хазреті Әли дүниеден озғаннан кейін-ақ бастау алды. Сол кезден оң жақтағылар қуғынға түсті. Сол жақтағылар болса, оларды бар деп те білген жоқ.

Жалпы пайғамбарлар солды оң ету үшін келеді. Ол міндет дін ғұламаларына да тән. Яссауи бабамыздың: "Пенден сорлы – танымаған оң мен солды", – деуі сондықтан.

Байыбына барсақ, Қожа Ахмет бабамыздың хикметтері оң мен солын таныған әр мұсылманның зары. Соған орай "Уа, дариға, қасіреттен қаңғып барам", – деп біз айтып отырмыз. Яссауи бабамыз өзін бізден бөліп қарамайды. Ол – біз боп тіл қатады. Опынады, зар илейді.

Құран Кәрімде Алла тағаланың жындар мен адам баласын Өзіне құлшылық ету үшін жаратқандығы туралы аят бар. Егер байыбына барсақ, біз жасадық деп жүрген діни ғибадаттар аталмыш аят мәнімен үйлеспейді. Неге үйлеспейді? Себебі, ол аят оңшылдарға арналған. Оңшылдардың барлық іс-әрекеті, тіпті алған деміне дейін ғибадат орнына жүреді. Олай болатыны, олар сол жағын да оңға алмастыра алғандар, яғни, олардың солы да оң.

Ал біз сол жағымызды оң жаққа қалай ауыстырамыз? Оп-оңай. Ол үшін кәлима шаһадатты, яғни, "Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед оның құлы, әрі елшісі" деп жүрекпен айта алсақ болды. Сол кезде адам өзгеріске түседі. Ең бастысы – өтірік айтпайды. Себебі өтірік – сол жақтағыларға тән. Олардың ауыз-екі айтқан сөзі өтірік емес, бар сөзі өтірік. Олай болатыны, олар тіршілік етіп жатқан әлемнің өзі өтірік. Шын әлем – өз ішінде. Оң жақ сол.



\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған "Уа, Жаратқан" атты хикметінде: "Жүзім – қара, басып өткен ізім қара", – дейді.

Ал біз не дейміз? Дінге бет бұра бастағандар не дейді? Намазқандар ше? Сирия асып кеткендер қай түсінікте? Жалпы бұл күнде өз басын осыншалықты жерге ұратын мұсылман бар ма?

Рас, "Күнәһар пендеміз" дегенді діндәрлардың дені айтады. Өзгелерге діни тағлым беретін де солар. Алайда бұл тұрғыда Абдулқадир Жейлани хазреті: "Алдымен өз нәпсіңе ие бол. Өз нәпсіңе пайдалы бол және өз нәпсіңді тура жолға сал. Сосын басқалардың нәпсісімен шұғылдан", – десе, Абдуррахман Ауф хазреті: "Біз, хайырдың ең хайырлысын, нәпсінің ұнатпаған қиын әмірлерінде таптық", – дейді.

Байыбына барсақ, "Күнәһар пендемін" деу өзінді айыптау емес. Ол – адам баласының жаратылысы. Соған орай "Адамбыз ғой", не болмаса, "Күнәһар пендеміз ғой" деудің арасында еш айырмашылық жоқ. Сондықтан сіз бен біз қанша жерден діндәр болып көрінсек те Яссауи бабамыз сынды: "Жүзім қара, басып өткен ізім қара", – деп айта алмаймыз. Олай деп тек, Абдулқадир Жейлани хазреті айтпақшы, "өз нәпсің тура жолға салғандар" ғана айта алады. Ал ол Абдуррахман Ауф хазреті айтқандай: "Нәпсінің ұнатпаған қиын әмірлері".

Бүгінгі күн. Ихсанды тілге тиек етіп, Яссауи тағлымына назар аудара бастадық. Сол-ақ екен Ұлы ұстаз бізге қарата: "Жүзім қара, басып өткен ізім қара", – деп тіл қатты.

Байыбына барсақ, бұл – тарихтың қайталануы. Ұғынықтылық үшін айтсақ, Яссауи – айна. Біз сол айнадан өз

жүзімізді, басып өткен ізімізді көрдік. Дұрысы, айнаға назар салғандар көрді. Қалай көрді, Қожа Ахмет бабамыздың: "Қай түріммен көрінемін, мен – қарабет", – деген хикметі тілдеріне оралды.

Шынтуайтына келгенде, мұсылман – сол қара бет. Нақтыласақ, біз назар салып тұрған адам мұсылман. Қара бет – біз. Біз одан өзімізді көріп тұрмыз. Осы жерде: "Мүмин – мүминнің айнасы" деген хадисті қаперге алған жөн.

Яссауи бабамызға келейік. Арқасында – халқы. Бәрі мұсылман. Тура бүгінгі біз сияқты. Хазреті Сұлтан соларға өз биігінен назар салып тұр. Қалай назар салды: "Жүзім қара, басып өткен ізім қара", – деп зар иледі. Себебі, Ұлы ұстаз өзін халықтан бөлген жоқ. Сол жылаған қалпы:

"Күнәм – ауыр, не бетім бар  
Досқа қарар?"

Сансыз тәубе жеңілдетпес  
масқара бар.

Құл Қожа Ахмет жылап келді,  
ал панаңа,

Назарың сал, жерім бар ма басқа барар?!" – деп Алла құзырына кірді. Айнада көрініс берген қара беттер де бірге енді.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың біз мәніне үңілген "Жылап дұға қылам саған" деп аталатын хикметінің алғашқы шумағында Ұлы ұстаз бүй дейді:

"Рахымыңнан мен ғаріпті  
шет қалдырма,

Тынбай мезгіл жылап  
дұға қылам саған.

Ояу болам боялғанша ақ таң нұрға,  
Жұмбай көзді жылап

дұға қылам саған".

Рас, дінге бет бұрған, дінге бет бұрған демей-ақ қоялықшы, жалпы адам



баласына жылау таңсық емес. Алайда жылаудың да жылауы бар. Біз көбіне кеудеміз шерге толғанда жылаймыз. Шер – негізінен қайғы. Нақтыласақ, ол – осы өмір қайғысы. Біз ахирет қайғысын шерге жатқызбаймыз. Сондықтан тозақтың өзі біздің жанарымызға жас үйіре алмайды.

Суфиян Сәури хазреті діни ғибадат үстінде жылайтындардың өзіне қарата: "Жылаудың он түрі бар. Бұлардың тоғызы рия (көзбояушылық). Біреуі ғана Алла үшін. Міне, осы Алла үшін жылау – жылына бір рет болса да құлдың жәннаннан құтылуына, иншаллаһ, себеп болады", – депті.

Біз кейде қуаныштан да жылаймыз. Сағынсақ та жанарымыз шықтанады. Соған орай атам қазақ:

"Біреу білмегенді, біреу білер,

Біреу жылайтынға, біреу күлер", – деген.

Бұл тұрғыда хакім Абай да:

"Көзіме жас бер, жылайын,

Шыдам бер, сабыр қылайын.

Жаралы болған жүрекке

Дауа бер, жамап сынайын", – дейді.

Абай атамыз өлеңінің дінге қатысы жоқ. Хакім жүрегін баураған – сағыныш. Бірақ жылай алмайды. Біз жылар едік. Жалпы біз қайғыға да, қуанышқа да жылай береміз. Бұл тұрғыда Стивен Кинг: "Күннің немесе түннің қай мезгілінде болса да, міндетті түрде төгілуге тиісті жастар болады. Сондықтан өз-өзіңді іштей жей бермеңіз, жылап алыңыз. Жеңілдеп қаласыз", – депті. Біз оны Стивен Кинг айтпаса білеміз. Білмейтініміз, Яссауи бабамыздың не себепті жылап дұға қылатындығы. Себебі, Ұлы ұстаз жылауы біз білетін жылау түріне ұқсамайды. Ол – сырттан келетін жас. Ол – хакім Абай сұраған жас. Иесі – Алла. Абай атамыздың: "Көзіме жас бер", – деуі сондықтан.

Жалпы қалай десек те хазреті Руми айтпақшы: "Ішіндегі кірді тазалайтын су емес, көз жасың".

Соған орай Яссауи бабамыз: "Тынбай мезгіл жылап дұға қылам саған", – дейді. Ол дұға "боялғанша ақ таң нұрға" ұласады. Жылап дұға жасаудағы мақсат – Алла Тағала рахымынан шет қалмау. Сол үшін: "Жұмбай көзді жылап дұға қылам саған", – дейді.

Яссауи бабамызға тән жылау түрі – көзді жұмбау. Бұл – біз жоғарыда тілге тиек еткен жылау түрлерінің бір де біреуіне ұқсамайды. Қалған жылаудың бәрінде көз жұмылады. Ал көзді жұмбау жылауда, жас сорғалап ағады да тұрады. Кеудеңе өксік тығылады. Иығың селкілдейді. Ол – Аллалық жас. Жанарыңнан сол жас төгілген кезде өзің де Алланың алдында тұрасың. Сондықтан хазреті Руми айтпақшы: "Жүсіп (ас) секілді әдемі бола алмасаң, онда Жақып (ас) секілді жылауды үйрен".

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған "Жылап дұға қылам саған" атты хикметінде:

"Дәргейіңе келдім, міне,

белім байлап,

Жүрек, бауырым өртке толып,

жаным қайнап.

Орны толмас өкініш салып

қанымда ойнақ,

Ықыласпен жылап дұға

қылам саған", – дейді.

Бұл Ұлы ұстаздың Алла алдына барғаннан кейінгі жылауы. Өзі қасірет қайғысын жамылған. Соған орай белін байлаған.

Қайғы жұтқан адамдар белін байлау қазақ дәстүрінде бар. Алайда ол белбеу санаулы күндерден кейін қай





қайғы иесінің де белінен алынады. Себебі уақыт өткен сайын қайғы да сөйледі.

Рас, сейілмейтін де қайғы бар. Яссауи бабамыздыкі сол қайғы. Сол қайғыдан жаны қайнап, жүрек, бауыры өртке толып, орны толмас өкініш қанында ойнақ салады. Солай бола тұра Алла Тағалаға ықыласпен жылап, дұға қылады.

Байыбына барсақ, Жаратушы Иемізге деген шексіз махаббат иесі ғана ықыласпен жылай алады. Шын жылау сол. Қазақ атамыз соған орай: "Шын жыласа соқыр көзден де жас шығады", – десе, Шах Машрап хазреті:

"Кімде-кім жылауда болса,  
хақ қабыл қылған пенде дүр.  
Кімде-кім жылаусыз болса,  
қабыл қылмаған пенде дүр.  
Кімде-кім жылауда болса, тірі дүр.  
Кімде-кім жылаусыз болса, өлі дүр.  
Жылауменен тапты Машрап  
мағрифаттың көшесін,  
Қол жайып, сен жыла,  
ей, дұға егесі!" – дейді.

Жалпы адам баласы Алла құзырында тұрған кезде ғана ықыласпен жылай алады. Себебі, жоғарыда да айтқанымыздай, ол жылауда махаббат бар. Біз сол жылау арқылы Алла ризашылығына шомып, мархабатына бөленеміз. Ең бастысы, өз қалауымызға қол жеткіземіз. Ол қалау – Алланың назары.

Ұғылықтылық үшін айтайық. Біз үшін ананың өз перзентіне деген махаббатына ешнәрсе шендесе алмайды. Солай бола тұра:

"Жыламаған балаға,  
Емшек бермейді", – деп қоямыз.  
Емшек – нәрестеге тән қалау. Нәресте сол қалауына қол жеткізу үшін жылайды. Ол жылау біз білетін жылаудың ешқайсысына ұқсамайды. Ықыласпен жылау дегеніміз сол.

Ол жылаудың қайтарымы да махаббатқа тұнып тұр. Соған орай хадис шарифте: "Баласы жылау себебімен түнде ұйықтай алмаған әйелге жиырма құл азат еткен сауап беріледі", – делінеді.

Алайда нәрестеге қарағанда Яссауи бабамыздың жылауы басым. Көп болса қараусыз қалған сәбидің жылай-жылай өкпесі өшер, ал Ұлы ұстаздың жүрек, бауыры өртке толып, жаны қайнап, орны толмас өкініш қанында ойнақ салуда. Себебі, ол себеп хикметтің келесі шумағында былайша көрініс береді:

"Жастық-бақта күте алмаппын  
көңіл гүлін,  
Қарттық шақта сөндіріппін  
өмір нұрын.  
Дін жолында жеңілдер ме  
менің жүгім? –  
Иә, Құдірет, жылап дұға  
қылам саған".

Байыбына барсақ, жастығы да, қарттығы да босқа өткен адам бұлай жылай алмайды. Жылайтын – махаббат иесі. Ол Алла Тағала үшін нәресте сынды. Алайда аталарымыз айтпақшы:

"Баласы жыламаса,  
Анасы жұбатпайды".

Яссауи бабамыз сол үшін жылауда. Нақтыласақ, біз үшін жылауда. Өмірді босқа өткізген күнәһар бізбіз. Солай бола тұра біз де дінге бет бұрғансынып, тіпті тақуасынып жылап та қоямыз. Алайда бұл тұрғыда хакім Абай: "Егер менің ішімді жарып көрсең, жылауыңды тоқтатып, шошыр едің", – дейді.

Жалпы Яссауи бабамызша тек пайғамбарлар ғана жылаған. Өз Пайғамбарымыз (сғс) да өмірден "Үмбетім, үмбетім" деп өткен. Тіпті сол жолда перзентін де құрбан еткен. Ол махаббат алауын біз сезіне алмаймыз. Сөзінсек, біздің де жүрек, бауырымыз өртке толып, жанымыз қайнап, орны толмас өкініш қанымызда ойнақ са-



лар еді. Алайда біз үшін құрбандыққа барған жан бар. Ол – Яссауи бабамыз.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз біз тілге тиек етіп отырған өзінің "Жылап дұға қылам саған" атты хикметін былайша түйіндейді:

"Құл Қожа Ахмет нәпсі –  
шыңнан асты жәйлап,  
Фәна филлаһ мақамына  
басты байлап,  
Жүрек, бауырым аласұрып  
тасты қайнап,  
Осы күймен жылап  
дұға қылам саған".

Иә, хазреті Руми айтпақшы: "Әр жылаудың соңы күлу, ағын су қайда барса, сол жер көгереді, көзде жас болса рахмет келеді".

Жылаудың, жылағанда да жүрек, бауыр өртке толып, жаны қайнап, орны толмас өкініш қанында ойнақ салудың соңы – Ол асудың аты – Фәна Филлаһ.

Бұл тұрғыда хазреті Руми: "Хақ Тағала осы дүниеде сенен бірнеше тамшы көз жасын алады, есесіне саған қаншама жәннат кәусарларын сыйлайды. Ол сенен ынтықтық пен ауыртпашылыққа толы өкініштер мен жалбарынышты алады, әрбір өкініш пен жалбарыныштың есесіне жүздеген жоғары мәртебе мен қол жетпейтін дәрежелер береді", – дейді.

Әуелі хазреті Руми тілге тиек еткен "бірнеше тамшы" көз жасына назар аударайық. Ал ол Алла үшін өте бағалы тамшылар. Демек, ол тамшылар қайнар көзі бұл әлемдік емес. Бұл әлемдік ол – материалды жылау. Ол жылау мәнін Қадыр ағамыздың мына өлеңінен де аңғаруға болады. Оқып көрелік:

"Адам күліп тумайды,  
туа сала күлмейді.  
Үйренеді күлуді,  
бірақ күліп өлмейді.  
Адам жылап туады,  
жатады жұрт жұбатып,  
Және жылап өледі,  
өзгені де жылатып.  
Жылайтыны туарда –  
жамандар бар қинайтын,  
Жылайтыны өлерде –  
жаксылар бар қимайтын".

Ал Қожа Ахмет бабамызға тән көз жасының әр тамшысы бір-бір дәреже. Егер бейнелеп айтсақ, арғы әлемдегі "сауда базарында" қолдануға балатын гауһар. Солай бола тұра, ол гауһар құндылығының өзі бірінен бірі өтеді. Ең жоғарғысы – осы көз жасы арқылы нәсіп болатын гауһар. Өзгелері, әрқилы сауапты істер. Алайда рухани көз жасының өзі әр түрлі болып келеді. Әрқалай болатыны, әр діндәр өз биігі деңгейінде жылайды.

Ұғынықтылық үшін айтайық. Фана фил шайх – тариқат; фана фил расул - мағрифат; фана филлаһ – ақиқат.

Тариқатқа өткен (фана фил шайх) Пір мүриттері ұстаздарына махаббат қойса, кездескен сәтте көздеріне жас алып жатады. Оның өзі әрқалай көріністе әсер етеді. Оны әр мүрит өз халіне орай сезінеді. Әрқалай жиындарда біреуінің жылап, екіншісінің күліп отыратыны сондықтан.

Келесі мақам – фана фил расул. Соған орай кей пірәдәрлар Мәуліт оқылған кезде жылайды. Рас, олар өз Пірлерін көрген кезде де жылайды. Алайда олар ондай жылау кезінде Пірлері бейнесінен Пайғамбарды (с.ғ.с) көреді.

Фана филлаһ мақамында – Алла көрініс береді. Яссауи бабамыз тілге тиек етіп отырған мақам осы. Құран оқылғанда, намаз үстінде жылайтындар да осы мақамға қол жеткізгендер.





Жалпы кім қай деңгейде тұрса, Пирді сол деңгейде көреді. Материалистердің көруі тіпті бөлек. Соған орай жылау да көп адамға нәсіп бола бермейді. Болмаса хазреті Руми айтпақшы: "Алла үшін төгілген көз жасы, жүрекке дәрет алдырады". Ендеше ұдайы дәретпен жүрейік!

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Үмбет туралы" хикметінде бүй дейді: "Әл кәззабу лә уммәт!" – деді Расул жұпар леп,

Жалғаншылар қауымын  
үмбет демес Мұхаммед".

Бұл тұрғыда біз кезінде:  
"Пайғамбар махаббаты үмбетінде,  
Ондай мейірім жоқ  
мүлде жер бетінде.

Бізді сүйсе, біз де  
Оны шексіз сүйдік,  
О, Хазірет (с.ғ.с), бізді әркез  
үмбетім де", – деген едік.

Жалпы кәлима шаһадат айтып, Алла мен Пайғамбарға (с.ғ.с) иман келтірген мұсылманның бәрі Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбеті. Солай бола тұра Яссауи бабамыз: "Жалғаншылар қауымын үмбет демес Мұхаммед", – дейді. Сонда жалғаншы еместер кімдер? Бұл сауал жауабын аталмыш хикметтің екінші шумағынан табамыз. Оқып көрелік:

"Тура жүрген құлдарын  
Хақтың іздеп дидарын,  
Шын жолдағы ұлдарын  
үмбетім дер Мұхаммед".

Сонымен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) кімдерді үмбетім дейтіні мәлім болды. Алайда 73 тармаққа бөлінген мұсылман қауымының барлығы да өздерін тура жолдамыз деп біледі. Солай бола тұра біз үшін шынайы жол – әһлі сүннет уәл жамағат. Яссауи бабамыздың да,

бүгінгі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының да ұстанып отырған жолы осы. Сіз бен біз де сол жолдамыз. Алайда әһлі сүннет уәл жамағатының мына 10 белгісі өз бойымыздан табылар ма екен, байқап көрелік:

1. Намазды жамағатпен оқуға тырысу.
2. Сахабалардың ешбірін жамандамау, себепсіз күнәхар деп айтпау.
3. Өзінің мұсылман патшасына қару алып қарсы шықпау.
4. Өз иманына күмән келтірмеу.
5. Жақсылық та, жамандық та Алладан деп білу.
6. Құдайдың жолында жүргеннен соң Құдайдың разылығы мен құлшылығына артық сөз айтпау.
7. Құдайға сенгендерді күнә жасауымен діннен шықпайды деп білу.
8. Ауылдасының жаназасына бару.
9. Сапарда да, үйде де мәсіге масих тартуды дұрыс санау.
10. Күнәлі болсын, тақуа болсын барлық адамға ұйып намаз оқуды дұрыс санау. ("Мифтахуль маса иль" және "Масабихуль дәлә иль" кітаптарынан?).

Ұстаңыз, ұстанбаңыз, егер осы 10 белгіні дұрыс деп тапсаңыз, онда тура жолдасыз. Демек, сіз бен біз Пайғамбар (с.ғ.с) үмбетіміз.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Үмбет туралы" хикметін одан әрі былай жалғастырады:

"Әркім жүріп үмбетше,  
Расул ісін үлгі етсе,  
Шапағат күн шын жетсе,  
мақұрым қоймас Мұхаммед".

Байыбына барсақ, мұсылман болудың мәні – Пайғамбарымызға (с.ғ.с) үмбет болу екен. "Тура жүрген құлдар" да, "Шын жолдағы ұлдар" да солар



екен. Бәрі тақуа. Мақсаттары – Алланың дидары. Біз оларды әһлі сүннет уәл жамағат дедік. Оларға тән 10 белгіні де атап өттік. Бұл тұрғыда Имам әш-Шатыби хазреті: "Сопылар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне арқа сүйейді. Және олар әһлі сүннет уәл жамағат ішіндегі ерекше адамдар", – дейді.

Соған орай Яссауи бабамыз өз хикметінде үмбет мәнін одан әрі аша түсіпті. Бақсақ, үмбетше жүру – Расул ісін үлгі ету екен. Ал ол үлгі, діни тілде "Сүннет" деп аталады.

Сондықтан да Ұлы ұстаз:

"Тәңір-Тағала міндетін,

Расул Алла сүннетін

Иланбаған үмбетін

Үмбет демес Мұхаммет", – дейді.

Қазақшалап айтсақ, сүннет дегеніміз – Пайғамбарымызға (с.ғ.с) ұқсау. Дін – сол. Соған орай хадисте: "Кімге ұқсасаң, ахиретте сол қауыммен бірге тірілесің", – делінеді. Сондықтан біздің киім киісімізден де, жүріс-тұрысымыздан да мұсылмандық көрініс беріп тұру керек. Ал оның жарқын үлгісі – Пайғамбарымыз (с.ғ.с).

Бұл тұрғыда Абдулқадир Жейлани хазреті: "Ей, ұлым! Құранмен амал ету сені Құранның мәртебесіне көтереді. Сол биікке отырғызады. Ал, Сүннетпен амал ету, сені Аллаһтың Расулына (с.ғ.с.) жақындатады. Сөйтіп Расулұллаһтың (с.ғ.с.) рухани жәрдемімен Аллаһ достарының жүректерінің маңынан бір сәтте айырылмайсың. Аллаһ достарының жүректерін нұрландыратын да сол", – дейді.

Егер мән берсек, арабтардың ұлттық киімі және Пайғамбарымызға (с.ғ.с) тән сүннет киімдері бар. Екеуі бір емес. Алайда оны діндерлардың өзі ажырата бермейді. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ислам дінін алып келгенге дейін қалай киінсе, кейін де солай киінді.

Демек, мұсылмандарға тән киім үлгісі жоқ.

Жасыратыны жоқ. Көп діндер осы түсінікте. Оның үстіне олар "Алла Тағала сендердің киімдеріне емес, жүректеріңе қарайды" дегенге саятын аятты басшылыққа алады.

Міне, осы түсінік жалпы сүннет амалдарының өркен жаюына көлеңке түсірді. Соған орай дін өз жолынан жаңылды. Сол кезде Яссауи бабамыз өз биігінен: "Расул Алла сүннетін, ұстанбаған үмбетін, Үмбет демес Мұхаммет", – деп тіл қатты.

Сол сөзді біз бүгінгі күні қайта жаңғыртып тұрмыз. Байыбына барсақ, Пайғамбарымызға (с.ғ.с) тән сүннеттік киім үлгісінде Алланың назары тұрады. Біз соған ниет етеміз. Сыртқы форма – адам ниетінің көрінісі. Соған орай ұзын ақ көйлек киіп алса да орамал таққан араб пен сәлде киген адам бір емес. Біз олардың бірін – араб, екіншісін – мұсылман деп танимыз. Егер әлгі мұсылман шапан киіп алса, құрметіміз одан сайын арта түседі. Себебі, ол да сүннет. Мәсі де солай. Жалпы мұсылмандарға тән киім үлгісі осылай түзілді. Біз оны қалай шештік, діннен де алшақтай бастадық. Өзге сүннет амалдарына да мән бермейтін болдық. Тіпті сапар кездерінде сүннет намаздарын тәркі ете бастадық. Соған орай Имам Ғазали хазреті: "Сапар уақытында сүннет намаздарынды тастамаңдар, себебі сапарыңның пайдасынан сүннет намазын тастағаныңның зияны көбірек болады", дейді.

Жасыратыны жоқ, бұл күнде сәлдешапанды, сондай-ақ мәсі киіп, аса таяқ ұстауды тек сопылардың еншісіне қалдырдық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) сүннетіне деген құрметтің төмендегені сонша, әлгі сопыларға жұрттың дені шошына қарайды. Олардың сауатсыз-





дығын шетелден білім алған дін ғұламалары күлкіге айналдырады. Алайда күні кешеге дейін бүкіл қазақтың тап солардай болғанын ешкім де қаперіне алмайды. Егер қаперге алса, ол сопылар да, біздің ата-бабаларымыз да Зұлпыхар хазреті сынды:

"Өлім періштесі келіп миымызды тексеріп қарағанда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) ілімімен толып тұрғанын көрсін. Қалбымызды тексеріп көргенде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) махаббатымен толып-тасып тұрғанын көрсін. Дене-ағзамызды назар салғанда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетімен әшекейленгенін көрсін. Әзірейіл (ғ.с) Алла тағаланың дәрғаһына барғанда осы үш нәрсені айтуды нәсіп етсін. Я Алла, Пайғамбарымызға (с.ғ.с) ұқсаған сурет алып келдім. О, Алла, біз сурет алып келдік, өзің Хақиқатқа айналдыр", – дер еді.

Ал "Алла Тағала сендердің киімдеріне емес, жүректеріңе қарайды" дегенге саятын аятқа келсек, киім – материя, жүрек – руханият. Соған орай Жаратушы Иеміз сыртқы формаға емес, әруақ әлеміне назар салады. Сүннет – сол әлемнің киімі. Жалпы ол мұсылмандар үшін тұтас ұғым. Сондықтан біз де Қашаған Күржұманұлы айқандай:

"Аллалаған Пір өткен,  
Туына жұртын түнеткен.  
Жария зікір, таспих,  
Мешіттің ішін гүл еткен.  
Хақ Расулдың сүннетін,  
Қожа Ахметтің міндетін,  
Өшіре көрмен жүректен", – деп қоямыз.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Үмбет туралы" хикметінің келесі шумағында бұй дейді:

"Үмбетпін деп сөйлесең,  
бұйрыққа бас имесең,  
Үмітсізсің онда сен –  
хал сұрамас Мұхаммет".

Жалпы қай мұсылман да өзін Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбеті санатына қосады. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) кімді "Үмбетім" десе, сол адам құтылды? Сонда үмбет кім? Осыған дейін айтқанымыздай, Яссауи бабамыз Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбеті санатына Хақтың дидарын іздеп тура жүрген, шын жолдағы ұлдарын жатқызады. Біз шын жолдың қай жол екенін де біршама сөз еттік. Зерделей келе ол жолдың Пайғамбарымыз (с.ғ.с) сүннетімен көмкерілгендігіне көз жеткіздік. Ендеше сол жолмен жүр!

Бұл – бұйрық. Діни тілде "Парыз" делінеді. Соған орай Ұлы ұстаз: "Бұйрыққа бас имесең, үмітсізсің онда" дейді. Байыбына барсақ, Яссауи бабамыз қаперге алып отырған "бұйрық" – сүннет амалдары. Солай бола сүннеттің өзі парызбен шендесіп тұр. Шендесетіні, Хазреті Сұлтан парыз бен сүннет амалады аражігін ажыратпай бір ұғым ретінде қарастырып тұр.

Дін сол. Егер оны бөлшектесең, сүннет, мұстахап амалдары өз мәнін жоғалтады. Қалай өз мәнін жоғалтады, олар діни ғибадат ретінде айналыстан шыға бастайды. Яссауи бабамыз тілімен ғана үмбетпін дейтін сондайларға қарата "Үмітсізсің онда сен – хал сұрамас Мұхаммет" дейді.

Ұғынықтылық үшін өзімізге, өзімізді қойшы, мешітке кіріп-шығып жүргендерге, оларға да емес, әлеуметтік желі беттерінде діни уағыз айтып жүргендерге назар салайықшы. Солар өн бойынан Пайғамбарымыз (с.ғ.с) киім үлгісі көрініс береді ме?! Әрине, бермейді. Сол сияқты біз көшедегі адамдарды да сыртқы формасына қарай қай дін өкілі екенін ажырата алмаймыз.





Адамның хикмет кеудесі", – дейді.  
Жүрек көзінің ашылуын біз де руханиятқа теліміз. Алайда біздің танымымыздағы руханият та материалдық болмыс. Өкінішке қарай біз барлық қажеттілігімізді сол жерден аламыз. Адам баласы иелік еткен білім де, дін де, мәдениет ошақтары да сол жерде. Соған қол жеткізгендер – біздің мақтаныштарымыз. Алайда Ұлы ұстаз сол жерден тағлым алған мұсылмандарға қарата: "Рәсуа болар мақшарда, демесе үммет – Мұхаммет", – дейді.

Ұғынықтылық үшін айтайық. Сіз бен бізді Президент танымайды. Сол сияқты Президентті біз де танымаймыз. Танымаған соң жоғарғы билікке қарата аузымызға не келсе, соны айтамыз. Алайда біздің сөз ол жаққа жетпейді. Жетпейтінін білгендіктен де біз өршелене түсеміз. Қорку деген атымен жоқ.

Енді Президентті танитын, оған жақын жүрген адамдарға келейік. Солар біздің аузымыздан шыққан сөзді Президентке қарата айта ала ма? Жауап айқын. Айта алмайды. Президенттен қатты қорқатындар да солар. Бетпе бет келгенде бәрі де пышақтың жүзінде отырғандай болады.

Тап сол сияқты Алладан Оған ең жақын адамдар қатты қорқады. Күндіз-түні ғибадат жасайтындар да солар. Себебі, олар Алланы, Алла оларды таниды.

Ал біз... Біз Президентке қарата шаптығып жүргендер тәріздіміз. Егер Президент "Махшар майданын" түзер болса, тегіс сотталамыз.

Алланың кеңшілігі де тап осы сияқты. Сондықтан да Яссауи бабамыз:

"Үмбет дейді Мұхаммет,  
ақырыңды ойлас, Құл Ахмет,  
Болғанда ертең қиямет мақұрым  
қоймас Мұхаммет", – дейді.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кімдер үшін келді Расул?" атты хикметін:

"Қан ағызды көзінен ол  
кімдер үшін?

Барды – талақ, өзін кәуап  
қылды ел үшін,

Үмбет болсаң, үлгеріп же  
бұл жемісін,

Кімдер үшін келді Расул –  
білдіңіз бе?" – деп бастайды.

Байыбына барсақ, Ұлы ұстаз "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деген сауалды тегін қойып отырған жоқ. Егер осы сауал жауабын таба алсақ, онда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) кімдер үшін көзінен қан ағызғандығы да белгілі болады. Біз ол сауалдарға жауап тапқанымызбен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) не себепті көзінен қан ағызғандығы мәніне бойлай алмаймыз.

Рас, алғашқы сауалдар жауабы келесі жолдарда тұр. Соған орай Яссауи бабамыз: "Барды – талақ, өзін кәуап қылды ел үшін", – дейді.

Алайда ел – жалпы ұғым. Ал үмбет – мұсылман қауымы. Солай бола тұра Ұлы ұстаз: "Үмбет болсаң, үлгеріп же бұл жемісін", – дейді. Демек, үмбет болудың өзі барша мұсылмандарға нәсіп бола бермейді екен.

Солай бола тұра біз барлық мұсылманды Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбеті деп қабылдаймыз. Осы қабылдау Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) шынайы бейнесін бүркеп тұр. Яссауи бабамыздың: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деуі сондықтан.

Рас, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өмір тарихын барша мұсылман біледі. Алайда ол – материалды таным. Соған орай біз Яссауи бабамыз сауалына материалды түсінік деңгейінде жауап береміз. Ал



ол жауап Расулдың (с.ғ.с) не себепті көзінен қан ағызып, кімдер үшін барды – талақ, өзін кәуап қылғандығына жауап бере алмайды. Берілген жауап – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) рухани әлемін ашпайды. Себебі, ол әлем кілті тариқатсыз ашылмайды.

Бұл тұрғыда Хазреті Руми: "Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен Пирлерді әлемге рахмет етіп жіберген. Сол үшін халыққа жалықтастан насихат етеді. Бұл насихаттарға құлақ аспай, қабылдамағандар үшін «Уа, Раббым! Сен оларды ая, рахмет есігін оларға жаппа!» – деп жалбарынады", – дейді.

Бәрімізге белгілі. Тариқат – сопылық таным. Соған орай Имам Ғазали: "Тариқат – Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айнасынан шыққан Нұр", – дейді. Тарқатып айтар болсақ, шарифат – материалды әлемге, тариқат – рухани әлемге, мағрифат – Пайғамбарымызға, ал ақиқат – Аллаға тән әлем.

Сонда олар қандай әлем? Бұл тұрғыда Шәді Төре бұй дейді:

"Әлемнен он сегіз мың әуел бұрын,  
Жаратты Пайғамбардың

Алла нұрын.

"Әууәлу мә халақаллаһу

нури", – деген,

Хақында дәлел болды хадис мұның!

Аспан – Жер, Аршы – Күрсі,

Лаухы – Қалам,

Сидра мен Жәннат – Тозақ

бәрі тәмам:

Сол Нұрдың себебімен

пайда болды!

Жаралған он сегіз мың

барша ғалам!"

Бұл орайда Жабир бин Абдуллаһ сахаба бір күні: «Уа, Расулалла! Алла Тағала ең әуелі нені жаратты?» деп сұрағанда: Пайғамбарымыз: "Бәрінен бұрын сенің пайғамбарыңның, яғни менің нұрымды өз нұрынан жаратты.

Ол кезде лаух, калем, жұмақ, тозақ, періште, көк пен жер, күн, ай, адамдар мен жындар жоқ болатын» деп жауап береді.

Сондай-ақ Адам атамыз жаратылғаннан кейін оның екі қасының арасына Расулдың (с.ғ.с) нұры қойылады. Адам атамыз рухы соған орай денесіне жайғасқаннан кейін маңдайында Шолпан жұлдыз сияқты жарқырап тұрған бір нұр бар екенін сезеді. Періштелердің де өзін сол нұр үшін құрмет тұтатынын білгендіктен Алла Тағаладан: "Сол нұрды мен де көрсем бола ма?", – деп сұрайды. Сол кезде Алла Тағала Пайғамбарымыз (с.ғ.с) нұрын Адам атамыздың екі бас бармағына қондырады. Сол-ақ екен Адам атамыз екі бас бармағын сүйіп, көзіне тәу етеді. Соған орай Пайғамбарымыз (с.ғ.с) үмбеттері де Азан шақырылған кезде Расул (с.ғ.с) есімі аталған сайын, сондай-ақ Құран аяттарында Пайғамбарымыз (с.ғ.с) есімі кездескен кезде екі бас бармақтарын сүйіп, көздеріне тәу етеді.

Сондай-ақ Адам атамыз жаратылғаннан кейін Хақ Тағаланың өзіне "Абу Мұхаммед, яғни Мұхаммедтің әкесі" дегенін сезінген соң: "О, Раббым! Маған неге Әбу Мұхаммед" дедің?» – деп сұрағанда Алла Тағала: «Ей, Адам! Басыңды көтер» дейді. Адам атамыз басын көтеріп қараған кезде Аршы үстінен нұрмен жазылған «Ахмет» деген есімді көріп: «Уа, Раббым! Бұл кім?» « деп сұрайды. Алла Тағала: "Бұл сенің тегіңнен шығатын пайғамбар. Оның есімі көктерде Ахмет, ал жерде Мұхаммед. Егер ол болмағанда сені де, жер мен көкті де жаратпас едім» дейді.

Міне, соған орай Яссауи бабамыз: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деп сауал тастайды.





\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кімдер үшін келді Расул?" атты хикметінің келесі шумағында:

"Көрмедің бе, жылай-жылай  
көзі іскенін,

Жұлынды үзген зіл  
салмаққа төзіскенін,

Сонда жөн боп көріне ме өз істерің,  
Кімдер үшін келді Расул –  
білдіңіз бе?" – дейді.

Біз Пайғамбарымызға (с.ғ.с) тән жылау мәнін қабылдай да, түсіне де алмаймыз. Сондай-ақ жұлынды үзген зіл салмақтың қандай салмақ екенін де білмейміз. Білсек өз ісімізді жөн көрмес едік. Байыбына барсақ, Яссауи бабамыз қаперге алып отырған "өз ісіміз" – мұсылмандардың өмір сүру салты. Ол салт кеше де солай болған, бүгін де солай. Біз мұсылмандарға тән деп білетін сол өмір салты Пайғамбарымызды (с.ғ.с) ауыр азапқа салады. Расулға (с.ғ.с) жұлынды үзген зіл салмақты біз түсіріп тұрмыз. Біз бар деп те білмейтін, бірақ басымызға төніп тұрған қара түнек уайымы жылаудан көз ашпаған Пайғамбарымыз (с.ғ.с) көзінен қанын ағызып, ісіреді. Өзін отқа салып, кәуап қылады. Барды – талақ еткізеді. Ол бар – біз қызығына тоймай жүрген мына әлем.

Алайда біз Расулды (с.ғ.с) қалай танымасак, Яссауи бабамызды да тап солай танымай тұрмыз. Болмаса, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) басындағы жәйт, Ұлы ұстаз басында да сол қалпы қайталанып тұр. Жылай-жылай көзден қан ағызу, барды – талақ, өзін кәуап қылу – Яссауи бабамыздың да басып өткен жолы. Тіпті мына әлемді тәркі ету соңы – қылеуетке ұласты.

Бірақ біз селт еткен жоқпыз. Біздің селт етпегенімізге қайран қалған Ұлы ұстаз:

"Сонда жөн боп көріне ме өз істерің,  
Кімдер үшін келді Расул –

білдіңіз бе?" – дейді.

Ұғынықтылық үшін өзімізді бір ауық Яссауи бабамыз заманында өмір сүріп жатырмыз деп ойлайық. Ал ол – дін-мұсылманның аман кезі. Байыбына барсақ, аман кезі емес, өз істерінің жөн боп көрініп тұрған кезі. Соған орай жаны күйген Ұлы ұстаз: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – дейді.

Бүгінге келейік. Бізге де өз ісіміз жөн көрінеді. Жөн көрінетіні, "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – деген Ұлы ұстаз хикметі мәніне бойлаған емеспіз. Себебі ол мән – тариқатсыз ашылмайды. Біз тариқатты тәркі еткендіктен Расул (с.ғ.с) руханиятына бойлаған емеспіз. Бойламағандықтан да Пайғамбарымызды (с.ғ.с) тек материялды тұрғыда ғана танймыз.

Соған орай: "Аллаһтың елшісі туылған күні Кисра сарайының он төрт ұстыны құлады. Мәжусилердің (отқа табынушылар) өмірі өшпеген оттары сөніп, Сауа көлі суалды. Бүкіл әлем ұзақтан бері сағына күткен Мұхаммед (саллаллаһу ғалайһи уа сәлләм) дүниеге келеді", – деп қоямыз.

Алайда мұндай оқиғалардың не себепті болып жатқанына жете мән бермейміз. Рас, біз осы және осы тақылеттес оқиғалардың бәрі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмірге келу құрметіне орай болды деп қабылдаймыз. Бірақ, Пайғамбарымызға (с.ғ.с) пайғамбарлықтың 40 жастан кейін келгендігін де ұмытпағанымыз жөн. Алайда: "Мұхаммед (с.ғ.с) туғаннан пайғамбар, тек ол кісі пайғамбарлық қызметіне 40 жастан кейін кірісті" деп те қоямыз.

Байыбына барсақ, Мұхаммед (с.ғ.с) туған кезден емес, әлем жаратылған кезден бастап пайғамбар. Соған орай Алла Тағала: "Сен болмасаң мына әлемді жаратпас едім", – деген. Алайда



Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) әлем жаратылғаннан бергі қызметі "Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед оның құлы, әрі елшісі" деген кәлима шаһадаттағы құлдық қызметке жатады. Расул Нұры да сол. Сол Нұрға иелік еткендіктен де пайғамбарлар пайғамбары болды. Жер бетіне келген 124 мың пайғамбардың бәрі де өз үмбетіне: "Соңғы кезеңде сол Нұр иесінің өзі келеді", – деп кетті. Соған орай пайғамбарлардың өзі: "Пайғамбар болғанша, сол ақырзаман пайғамбарының үмбеті болсам ғой", – деп армандап өтті.

Сондай-ақ Алла Тағала Адам атаны Меккедегі Джидда тауына, Хауа ананы Үндістан жеріне түсіреді. Адам атамыз қаншама жыл жылап-сықтап дұға жасаса да дұғасы қабыл болмай, Хауа анамызды кездестіре алмайды.

Ең соңында: "Менің өз ұрпағым Мұхаммедтің құрметіне дұғамды қабыл ет" дегеде, тілегі қабыл болып, (кейбір деректерде 40 жылдан соң) Арапат маңында кездеседі.

Тап сол сияқты барлық пайғамбарлар өздері мұғжизаларында Нұр мүмкіндігін пайдаланып отырған. Ол мүмкіндік – құл қызметі. Соған орай бүкіл жаратылыс Пайғамбарымызға (с.ғ.с) таспих айтып тұрады. Соның бір көрінісі – Расул (с.ғ.с) дүниеге келген кезде болған оқиғалар.

Міне, осы жәйттың бәрін жан-дүниесінен өткізген Яссауи бабамыз: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – дейді.

\*\*\*

Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өзінің "Кімдер үшін келді Расул" атты хикметінің келесі шумағында:

"Ей, достарым, үмбет қайда  
білер мұны,

Табар шексіз нығмет,  
пайда жігерліні,  
Соны ұққанның қияметте  
күлер күні,  
Кімдер үшін келді Расул –  
білдіңіз бе?" – дейді.

Біз тілге тиек етіп отырған хикмет тақырыбының өзінен-ақ аңғарылып тұрғанындай, Расулдың (с.ғ.с) кімдер үшін келгенін екіншісі бірі пайымдай алмайды. Екіншісі бірі емес, ол танымға барша үмбет түгелдей қол жеткізе бермейді. Соған орай Ұлы ұстаз: "Ей, достарым, үмбет қайда білер мұны", – дейді де, ол білетіндерді "Жігерлілер" санатына қосады. Қиямет күні жұлдызы оңынан туып, күні күлімдеп шығатындар да сол "Жігерлілер" екен.

Байыбына барсақ, Расулды (с.ғ.с) танып-білу – барлық ғибадаттан жоғары тұр. Себебі, ол таным – тариқатқа тән. Ал тариқатта өзін ғибадатқа айналып кетесің. Себебі, Хазреті Ғазали айтпақшы: "Тариқат – Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айнасынан шыққан Нұр". Соған орай Хазреті Руми: "Мен Таңдаулы болған Пайғамбар (с.ғ.с) жолының тозаңымын", – дейді.

Сол "тозаңды" Яссауи бабамыз "Жігерлілер" деп атайды. Ал ол "Жігерлілердің" қияметте жолы ашық. Олар төбесіндегі күннің өзі күлім қағады. Себебі, жалғыз-ақ себеп бар, ол – әлгі "Жігерлілердің" Расулдың (с.ғ.с) не себепті келгендігін білуінде.

Ал ол "жігерлілер" Расулдың (с.ғ.с) не себепті келгенін қалай білді? Жауап айқын. Оп-оңай. Олар тариқатты қабыл алды да, Имам Ғазали айтқан "Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айнасынан шыққан Нұрға" қосылды. Ол әлем діни тілде – мағрифат деп аталады. Сол әлем табалдырығын қалай аттадың, Расулдың (с.ғ.с) құлдық қызметі көрініс береді.



Шынында да ол әлемге тек "Жігерлілер" ғана қол жеткізеді. Көп сопылар тариқаттың "әшекей-үшекейлерін" көңілдеріне медеу тұтып, сол жерде қалып қояды. Ал "Жігерлілер" – Пайғамбарымызбен (с.ғ.с) бірге тыныстайды.

Бүкіл жаратылыстың Аллаға тасбих айтып, ғибадат жасап тұрғанын көреді. Сондай-ақ адамның жаратылысын таниды. Әр адамнан Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) Нұрын, ол Нұрдан Алланы көреді. Қалай көреді, бүкіл жаратылыс өз әсемдігімен, өз табиғи-болмысымен, әмірге құлдық ұрған қызметімен айшықталады. Сол кезде кәпірге де азар беруге болмайтыны мәлім болады. Бұл таным қазақы түсінікте "Әруағын сыйлау" деп аталады.

Міне, Расул (с.ғ.с) адам баласына осы танымды ұғындыру үшін келді. Соған орай Ол ислам дінін қабылдау үшін өз алдына келген адамның рухын өзінің негізіне қосып берумен болды. Олар (сахабалар) өз негізіне қалай қосылды, табиғат тылсымымен үндесіп, бүкіл ғайып әлем құпиясын өз көздерімен көрді. Пайғамбарымызды (с.ғ.с) өлтіремін деп келген Хазреті Омар Расулдың (с.ғ.с) бір назарынан кейін-ақ тілін кәлимаға келтірді. Бір назармен адамзаттың абзалына айналды.

Қаперге алатын жәйт. Сахабалар дінді тариқат арқылы қабылдады. Олар өз биігіне ғибадаттары арқылы емес, Расул (с.ғ.с) әруағына (мағрифатқа) үндесу арқылы қол жеткізді. Өзге мұсылмандар ол биікке шарифат арқылы қадам жасайды. Сондықтан да олар қай ұстаздың, қай ғұламаның етегінен ұстаса да сахабалар деңгейіне жете алмайды. Себебі сахабалар Расулмен (с.ғ.с) бірге тұр. Бұл тұрғыда Имам Раббани хазреті бүй дейді:

"Пайғамбарларға тәсілім болу, со-

лардың көрсеткен жолымен жүру адамдарды ең жоғарғы деңгейге көтереді. Жүректерін тазартқан адамдардың көрсеткен жолымен жүру адамдарды ең ұлық деңгейлерге көтереді. Хазреті Әбу Бакр Сыддық, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) артынан еруменен, Алланың досына бағынышты болуменен Алланың әмірлеріне тәсілім болуыменен, Аллаға құл болу бақытына ұмтылды. Соныменен Ол, Аллаға сенгендердің, иман келтіргендердің ішіндегі ең абзалы болды. Ал қарғысқа ұшыраған Әбу Жаһил, Аллаға бой ұсыну әмірлеріне, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) әмірлеріне бой ұсыну, тәсілім болу мүмкіншілігін, өзінің нәпсісінің қалауларына айырбастағаны үшін, Алланың қарғысына ұшырағандардың ішіндегі ең наданы болды".

Яссауи бабамыз: "Кімдер үшін келді Расул – білдіңіз бе?" – дегенде, шексіз нығмет, пайда табатын "Жігерліні" қаперге алады. Соны ұққан, сол "Жігерлілер" қатарына қосылғандардың тура сахабалар тәрізді жолдары оңғарылатынын паш етіп, "Қияметте күлер күні" дейді.

Ал біз сол "Жігерлілер" қатарына қалай қосыламыз? Ол үшін Расулдың (с.ғ.с) кімдер үшін келгенін білуіміз керек. Білсек, "Жігерлілерді" танимыз. Таныған соң солар соңына ілессең жетіп жатыр. Бұл тұрғыда Сағди Ширази хазреті бүй дейді:

"Асхабы кәһфтің иті ізгілермен бірге болғандықтан үлкен абыройға қол жеткізді. Аты Құран Кәрімде және тарихта қалды. Лут Пайғамбардың әйелі болса, пасықтармен бірге болғандығы үшін күпірлікке тап болды".

Біздің де айтпағымыз осы.

*Жалғасы бар...*

**Қаусылхан ҚАСЫМХАНҰЛЫ,**

1973 жылы ҚХР ШҰАР Санжы қаласы Алтынкөл елдімекенінде туған. ҚХР Бейжің Орталық Халық Радиосында тілші, аудармашы, «Шынжаң қоғамдық ғылымдар мінбері» журналына редактор, Шынжаң кинофильм аударма орталығында аудармашы қызметін атқарған. Қазақстан жазушыларын насихаттауға күш салып, Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер», «Қасқыр ұлыған түн», «Жылымық» сынды әңгімелерін қытай тіліне аударып, ішкі қытайдағы «Хунан әдебиеті», «Хэйхуа әдебиеті», «Әдебиет-көркемөнер журналы» сынды ықпалды басылымдарда жариялаған.



ҚР Жазушылар одағының, ҚР Журналистер одағының мүшесі.

## ҚОС ҚАРЛЫҒАМ

(Әңгіме)

Алматының сыбызғыдай тар көшелерінің бірінен салаң етіп шыға келген жігіт, Момышұлы даңғылына бұрыла беріп, жол шетінде қалтырып тұрған қара шалды қағып кете жаздады. Түнімен таксишілік істеп, жүйкені жұқартар азапты кептеліс басталардан бұрын үйіне жете құлауға асыққан беті.

– Албасты, – деп кіжінді ол терезеден басын шығарып, – ақсақал, қайда барасыз?

– Абай даңғылы №хх-ке жеткізсең.

– Кешіріңіз. Үйге қайтуға асығып бара жатыр едім.

– Он мың теңге берейін. Жігіт жымың ете түсті:

– Отырыңыз.

Әңгімешіл қарт әдетінше жігітті сөзге тартты.

– Балам, қай ұлтсың?

– Казак.

– Не кәсіп?

– Таксишілік.

– Қазақша білесің бе?

– Түсінемін. Жақсы сөйлей алмаймын.

Және бірнеше сұрағы жауапсыз қалған соң, ақсақал да үнсіз қалды. Ұйқылы-ояу жігіттің көлік жүргізуіне кедергі болмайын деп те ойлаған.

Адамды орынсыз әңгімеге сүйреп, қай-қайдағыны сұрай беретін қатқан мейіздей бұл шалды жігіт ептеп жақтырмай қалған. Мекен-жайға жеткенде салқын ғана:

– Рақмет, – деп бұрыла берді.

Артына бір буда түтін қалтырып, күшене ыңыранып ырғи жөнелген көнетоз көліктің артынан сәл қарап тұрған ақсақал күбір етті:



– Өңі таныс сияқты ма, қалай өзі?

Бір ғажабы, ақсақалдың есінен ашаң жүзді, өңі сыныңқы бұл жігіт көтерілмей-ақ қойды. Ауық-ауық есіне түсе береді. Әйтеу, бір жерден көрген секілденді де тұрды... Жаны жақын тартама қалай?

Қайтар жолында жігіт ерте ашып, жай жабатын өзбектің дүкеніне кірді.

– Қош келдіңіз ака,– деп орнынан қырқардай атып тұрып, жайрандай қарсы алып, сайрап қоя берді,– бүгін ақшаны жық тапқан секілдісіз ғой, ака,– деді күлміндеп, – шырайыңыз өте нұрланып тұр! Нағыз психологтар деп осыларды айт. Ойындағыны көріп тұрғандай-ақ біле қояды. Тілдері майда, бәлелердің. Бір қасиеті, қашан көрсең күліп кеп тұрғаны. Аларманға одырая қараған біреуін көрмейсің. Тәтті лебізіне разы болып, бір нан алғалы кірсең екі нан, бес жұмыртқа алғалы кірсең онды алғаныңды өзің де сезбей қаласың. «Адам тіліне аспандағы бұлт айланады» деген осы. Жігіт күліп жіберді:

– Бәлесің ә Шапғат. Екі нан, бір қалта сүт берші.

– Хоп, ака. 1100 тг болды ака. Үйде шай-тұз барма, ака?

– Қазақтың үйінен шай үзілген бе.

– Тағы не берейін, ака?

– Болды. Шаршап тұрмын. Жігіт қабағын шытты.

– Рақмет. Әй, зат өте қымбаттап кетті ә. Ақша да құнсыз. Тырнаштап тапқаныңды уыстап, дорбалап тапқаныңды дағарлап шашасың.

Қазақстанда жан бағу өте қиын,– деп Шапғат басын шайқап, дорбаға екі тал жұмыртқа салды, – подаркаға бердім, ака, мұсылманбыз-ғой,– анаңыз жесін. Жақсы демалыңыз, ака. Анаңызға салам еитің.

Жігіт ішіп-жем алып, үйіне тая-

ғанда, тағы бірдемені ұмытқанын сезіп, дүкенінің алдын сыпырып жүрген қатынға бұрылды.

– Қайырлы таң, Арайжан.

– Қайырлы таң.

– Маған бір құмыра айран берші.

– Дүкенді әлі ашқамын жоқ,– деп май бөксесін қаратып, күйбеңдей берді.

Жігіт үйге келгенде аурушаң анасы әдетінше ерте тұрып, мұны күтіп отырыпты.

– Келдің бе құлыным?

– Иә.

– Машинаң бұзылмаған шығар?

– Бүгінше сау, әйтеу. Кіріс жаман емес, мама. Жаңа бір ақымақ шал он мың берді.

– Аузыңды арандай ашып, ындыныңды кетіріп артық алма, балам. Арамдықпен тапқан ақшаның бізге жақпайтынын білесің.....

– Сұратпай өзі берді, мама. Шай ішіп алып ұйықтайын. Қатты шаршадым.

– Ұйқтай ғой, қозым. Жейтін бірдеме дайындай қояйын.

Жұмыстың қай оңайы бар дейсің. Жанды жеп көлік жүргізу де оңай шаруа емес. Әбден діңкелеген жігіт басы жыстыққа тие шұр ете түсті. Түс көрді.

Тұтас атырапты қарасұры тұман тұмшалап алған. Адамдардың буалдыр сұлбасы байқалады. Бірін-бірі іздеген қалың адам. Ана баласын, бала әкесін, біреу жарын іздеп дегендей ұлар шу болып жүрген жұртшылық. Тұманның ол жер, бұл жерінен анда-санда бірен-саран саңылау көріне қалғанда, адамдар солай қарай тасқын судай лап қояды. Жан шіркін тәтті ғой. Жақындарын қаға-соға өлермендене жүгіргендер де аз емес. Үміт сәулесі жарқ етеді, қайта жоқ болады. Адамдарды өзіне баурап, табындырып, талпынды-



рып тұрған тек осы сағым ғана екені белгілі. Тұман дегені жұқа шарбы магнитпен қоршалған бітеу қорған екен. Жарық сәулесі бір жлт ете қалғанда, ап-анық көрді. Ой, тәубе! Өзі әбден таныйтын, көріп жүрген көп адамның көкірегінде жұдырықтай қара темір тұр. Тұманнан, анығын айтқанда шарбы магниттың тартылысынан шыға алмай жүрген себептері де осы секілді. Алақанын кеудесіне басты. Жөпелдемеде сап ете түскен бір ой: темірді жұлып, лақтырып кеп жіберіп, мынау қара түнектен құтылу. Кеуде тұсы сәбидің әңбегіндей әлсіз бүлк-бүлк етті. Қатты қуанды. «Жүрегім қазірше бар екен».

Ендіге зіркілдеген дауыс жаққа қараған.

– Бер деймін, қайтсем де аламын.

– Жоқ, бере алмаймын. Бұл аналық мейірге толы жүрек.

– Онда мынау үлкен баламдыкін аламын.

– Бес баланды қараусыз тастап кеткенің жетпегендей, ұрпағыңа жасаған соңғы жақсылығың, оның қолқа жүрегін суырып алу болғаны ма? Мүмкін емес! Балаларымның бір тал шашына тигізбеймін. Қай бетіңмен балам деп тұрсың. «Жылқы мінездес халықпыз» дейсіңдер. Жылқыдан садаға кет. Өз құлынын сыртқа теуіп, үйірін тастап кеткен айғыр болмаған.

Еркек әйелдің кеңірегіндегінен қысып, кеудесіне жағаласты. Болып жатқан әділетсіздікке, озбырлыққа, талан-тара жыға «өзім жемеген қарын боғымен піссін» деп ел қатары қызықтап тұруға бұл шыдамады. Атылып барып әлгі еркекті құлақ түптен сак еткізді.

– Хайуан!

Еркек құйрығын бұтына қысып безіп берді.

Анасын қолынан жетелеп, жанұшы-

ра алақтап, бағыт-бағдарсыз жүгіріп жүрген. Бірде, бірін-бірі соға-моға жарық саңылауына лап қойған адамдар мұны тымақша ұшырып жіберді. Біреу қолынан тартып, тұрғызғандай болды. Анасы екен.

– Қорықпа, ұлым. Біз біргеміз, – деді ол кісі, – маған ілес! Біз адамдар жүгірген бағыттың қарсы жағына қарай жүгірейік, әйтпесе, табан астында тапталып қаламыз.

Кенет, анасынан көз жазып қалды.

– Ана! Тамағына тас тығылып қалғандай, дауысы шықпай-ақ қойды. Осы кезде тұманның сыртынан бір адам көріне кетті. Дәл бағанағы қатқан қара шал. Бұған қолын бұлғады. Қолында бір бума доллар. Ақшаға қызықпайтын пенде болған ба? Анасы есінен шығып, ақшаға қарай жан дәрмен тұра жүгіріп бара жатып, кілт тоқтай қалды:

– Мұным болмас, алдымен анамды тауып алайын! Артына бұрыла бергені сол еді, анасының дауысы алдыңғы жақтан шықты:

– Ұлым, артыңа қарама! Менің ізіммен жүгіре бер, – қазақ ырымында «ажырасып, қайтып келмесін» деп, ұзатқан қызды да артына қаратпайды. Ұқтың ба?

– Ұқтым, мама.

Анасының табаны тиген жерден әлсіз сәуле көрінді. Ол осы сәулелі ізді қуалап, жүгіріп келе жатты. Кенет, алдынан бір есік ашыла кетті. Жарқын әлем, жайнаған дүние, бақуатты өмір. Анасы әлгі шалдың қасында тұр. Өңі бал-бұл жанады.

– Түнектен аман-есен құтылдың ұлым, – деді шал бұған құшағын жайып, – ендігі өмір жолын қалай басуың өзіңе байланысты. Ата-бабаларың салған ізгілік жолынан шықпа, адамдығыңнан адасушы болма! – Шал мұны мейірлене иіскеді, – ал, мынау кілтті



саған берейін. Бұл – болашақ дүниенің кілті. Саған аманат! Мықты сақта! Ал мына аз байлықты да саған тастап кетемін. Шашасың ба, жоқ кейінгі ұрпақтардың игілігіне жаратасың ба ол сенің санаң мен тектілігіңе байланысты. Алдың ашық болсын, ұлым! Әумин!

Шалдың құшағынан ғажайып бір иісті сезді... Ес білгелі мұрнына осы бір иіс келетін де тұратын... Жусан ба, изен бе, қына ма, тас па, топырақ па, қарақат па, бастау суы ма, тіпті әуелі ауа ма белгісіз... Әйтеу, жанына жақын иіс...

Жігіт екі тал ақ ұлпа қауырсын байлаған кілтті оң жақ омырау (кеуде) қалтасына салғаны сол еді, екі қолының орнына дереу екі дәу қанат пайда бола кетті.

– Бара ғой, ұлым. Сен енді нағыз азат заманның, бақуатты өмірдің ұрпағысың, – деді анасы бетінен сүйіп, – Алла жар болып, жортқанда жолың болсын!

Қос қолын қозғап қалып еді, жо... жоқ, екі қанатын қағып қалып еді, көкке баяу көтеріле берді...

Шал мен анасы арқан бойы төменде қол бұлғап тұр...

– Арқама шығып алыңыздар, бірге самғайық.

– Жоқ, балам. Біз енді екі дүниенің адамымыз. Бізге қарайлама! Құлағына екеуінің айғайы жетті...

Ұшып барады... Биіктеп барады... Күліп барады... Жылап барады...

Құлағына құйылған көз жасынан ояна келіп, қолына қарады. Бәрі орнында. Қазақтар: «Кидир (Қыдыр) жолығады деуші еді, маған бүгін осы адам жолыққан болып жүрмесін», – деп ойдады есіней, керіліп отырып. Бірақ, қатпа қара шалды Қыдырға мүлде жақындата алмай дал болды.

Тұтас адамзатты өзіне мүдделі етіп, жіпсіз бұйдалап алған болжаусыз күндер мұны да бір сыдырғы аяңымен дедектетіп келе жатты. Тұрмыс күйбеңі жігітке түсін де ұмыттырып жіберген. Иә, қысқа жіп күрмеуге келмеген мына қу тірлік түс емес өз түрінді де ұмыттырып жіберер. Бүгін, ай аттатпай ол жер, бұл жерін шұқылатпаса «ренжіп», «желкесінен тартып» «қырыстана» қалатын шарқыш машинасын ремонтханаға әкелген. Көрші дүкен алдында тұрған әлгі қатпа қара шалға көзі түсті.

– Тездет. Асығыспыз, – деп тапсырып жаттымай ауыстырушыға.

– Ассалаумағаликум, – деп жігіт оның жанына барды. Неге үкідей ұшып жетіп барғанына өзі де таң.

– Уағалайкумассалам. Шал бұған тігіле қарап, тани қойды, – сен әлгі алдыңғы жолғы...

– Иә, мен сол жігітпін.

– Мұнда не қып жүрсің?

– Көлігімнен кінәрат шығып.

– Ә, алда байқағамын. Менімен жасты-ау деймін өзі. «Науқасы» салмақты секілді ме?

– Мотордан әңгіме шықты. Тастап кет дейді.

– Басқа шаруаң жоқ болса бізбен жүр. Үйіңе жеткізіп қояйық.

– Бұ... бұл...

– Несіне тартынасың. Кезекті дүние. Алдыңғы жолы мен саған отырғамын.

Қара шал ремонт дүкенінің иесін шақырып қысқа тілдесті де, оның қолына ақша ұстатып, бұған бұрылды:

– Жә, жігітім кеттік. Сенің ремонт ақынды артығымен төлеп тастадым.

Ұсақ-түйек кінәраттары болса толық-тай жөндетіп ал. Оған шегелеп тапсырдым.

«Мерседеске» міне берген жігіт әлгі тылсым түсін осы кезде есіне алды.



«Жаратушы бұл шалды неге маған қайта-қайта жолықтыра берді екен?»

Рөлге отырған зіңгіттей жігітті «дәу де болса ұлы шығар» деп топшылады бұл.

- Балам, мекенжайың қалай?
- Гүлдала ауылы №5.
- Есімің кім, балам?
- Жаңарсын.

Шалдың мысы басты ма, күдіреті жеңді ме, бұл жолы жігіт шала-пұшық қазақшасын шамаша іске қосқан.

Шал артына жалт бұрылып, мұның бетіне тесіле қарады. Көзінен ғажап бір сәуле, үміт жылтырағандай... Шалдың жанарын магнит шарбының ары жағынан көрген түсіндегі жарық сәулесіне ұқсатты.

– Анаң барма? Есімі кім еді? Жеке ақпаратымды сұрағаны несі деп ойлап қалма. Көне әдетіміз-ғой. Туыс-қиыс шығама деп құтқуырлап сұрап кеп отырамыз. Тегі жаман емес.

– Бар. Анамның аты Самал.

Шал ауыр күрсінді. Ұзақ уақыт үнсіз қалды.

– Нағашы атаңның аты Байболсын ба?

- Иә, таныйсыз ба?
- Жоқ, естуім бар.
- Үйге жүріңіздер, – деді Жаңарсын.

– Рақмет, балам. Қол тигенде арнайы келейік, асығыспыз, – деген шал жүре берген Жаңарсынға соңғы сұрағын тастады:

- Әкең не жұмыста, балам?
- Қайтыс болған. Аты Теңдік.

– Жұмысты қойдық. Үйге жеткізі! – деді шал тізгіншіге бұйырып. Әдетте ашық-жарқын, мейірбан бастығының неге бұлай аяқ астынан өзгергеніне жүргізуші аң-таң. Көз қырын салып еді, шалдың өңі күлдей боп-боз. Үйге жеткенше: «Бұлай болуы мүмкін емес», – деп есі ауысқан адамша

күбірледі де отырды.

– Кешкі асқа не дайындайын, – деп бәйек болған күтушісіне қолын сілтеді де бөлмесіне кіріп, төсегіне кескен теректей сұлай кетті. Оны ақыры тапқанына қуанды. Аллаға мың мәрте алғыс жаудырды. Көз алдына сол бір қуанышы мен жұбанышы, шаттығы мен қасіреті тайталасқан өмірі келе кетті.

\*\*\*

1993 жыл. Егемендік алып, елдің есі шығып, завод-фабрикалар енді ешкімге керегі жоқтай ту-талақайға түсіп, тістегеннің тісінде, ұстағанның қолында кетіп, орайын тапқандар опырып, әркім топалаңнан тоқаш ұрлауға дәнiккен кез. Бұл қылшылдаған жас. Университетте екінші курста. Өмірді өз қиялымен өлшейтін, басының дымы кеппеген шиборбай шағы.

Журналистика факультетінде Самал атты бойжеткен болды. Жан баласының сұлуы. Құлын мүсін, ажарына ақылы сай, тәрбиесі күшті жанұядан шыққан, текті бала. Басқа жігіттерге ұқсас бұл да Самалға көз сала жүрді. Сөз салуға жүрек құрғыр желкесінен сүйреген танадай тартыншақ. «Алматының айдай аруы қай теңім» деп ойлайтын. Бірақ, салым, тәлей дегенді алла берем десе оп-оңай бере салады екен. Төрт-бесеуі кинодан қайтып келе жатқан. Қараңғы көшеге кіргенде, екі бұзақы шыға келіп, Самалды сүйрелей жөнелді. Көше содырларының сырын әбден білетін екі курстас жігіті оттан кашқан тарақандай безіп жоғалды.

Берісі курстасын, арысы бір қазақ қызын құтқаруды ғана ойлаған бұл екі бұзақымен бел шеше айқасуға қам жасады. «Жігітті намыс өлтіреді». Ауылдағы қара жұмысқа әбден піскен, өзі де тәуір қарулы еді. Бауыржан



Момышұлы атамыздың: «Ерлік таймас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады» дегені рас екен. Екеуімен тең жағаласа жүріп, оңаты келгенде біреуін шықшыттан періп қалып, қалпақша ұшырды. Ерлене екіншісіне атылғанда, бір жақ беті мен иығының дыз еткенін сезді. Айғайшудан есіктерінен шыға-шыға келген тұрғындарды көріп, екіншісі таяқ жеген әлгі сүмелекті сүйрей тайып тұрды. Қаршығадан қорыққан торғайдай болып, зәре-құты қашып, дір-дір еткен Самал мұның құшағына тығылғанда, жараланғанына қарамай, бұл оны қыса түскен. Иығынан пышақ жеп, қан көп кеткен ол емханада он күндей жатты. Сол реткі айқастың куәсі болып айдай беті мен иығында тыртық қалды. Самал құтқарушысына бәйек болып әр күні келіп тұрды. Әділет үшін күрескен батырға тәнті болмаған жан бар ма!? Міне, осы оқиғадан кейін екеуінің махаббат сапары басталған.

– Сүйіспеншілік көзге, жүрекке, рухқа түседі. Көзге түссе жақсы көру, жүрекке түссе сүю, ал, рухқа түссе пәк махаббат болады. Екеуіміздікі шынайы әрі пәк махаббат, – дейтін еді Самал мұны құшып тұрып.

– Үйленген соң, баламыз ұл болса атын Жаңарсын, қыз болса Гүлден қоямыз. Отанымыз күннен күнге гүлденіп, жаңара берсін, – деп тәтті қиялдарға беріліп, болашақтық жоспар жасайтын.

Бірақ.....

Қоғам сенің түртіп ойнайтын құрда-сың немесе шапкесін ала қашатын жездең емес екен. Қайта ол сені қапқақыл қып ойнайды. Тағдыр қырына алаып, асау жамбасқа басамын деген адамын тәлкек етпей тегін қоя берген емес. Бақ пен қайғы қашан да егіз. Өмір ащы-тұщысымен мәнді.

Университет бітірудің соңғы жылы, бұлардың бал махаббатының тыныш айдынына әлдебір көрсе қызар тас лақтырды. Жауыздар жағынан тәтті армандарының сіңірі қиылып, жөргегінде тұншықтырылды.

Университет оқыған қыздарды жағалап кеп жүретін біреу болды. Ел құлағы елу. Азан шақырып қойған аты Сәбетқан дейді. Бірақ, ол атын ешкім айтпайды. Байқамай «Сәбе» деп қалған қасындағылардың мұрынын бет қылған. Әкесі кезінде кеңес үкіметінде жұмыс істеген, тіс-тырнағына дейін қыпқызыл болған кісі. «Заманың түлкі болса қырғи боп шалып қал» дегенді берік ұстанған қырағы әкесі Қазақстан егемендік алғанда, жалт беріп демократияны жан сала жақтап, шапанының астарын аударып киіп, жоғары лауазымды басшы болып шыға келген. Дегенмен ол кез кадр тапшы, «қолда барды амалсыз қошқар сайлаған» алмағайып заман. Сауысқандай сақ әкесі «есе-теңдік алдық» деп ұлының атын Теңдікке өзгерткен. Әкесінің мансабына, ебін тауып басып жатқан байлығына буланған жуан жұдырық. Әкесінің ықпалымен тоқтамай жүріп жатқан бизнесі де бар. «Skynet» деген бандиттер тобының белді атаманы дейді.

– Тыңда сүмелек, Самал бұдан кейін менікі болады, – деген мұны оңашаға шақырған Теңдік.

– Жоқ, – деді бұл үзіл-кесіл, – ол екеуіміз үйленуге уағдаласқан ғашықтармыз. Сізге басқа қыз табылады ғой.

– Жоқ, – деді бандит көзі қанталап, – қызыққан әрқандай затымнан айырылып қалу менің қанымда жоқ әдет!

Аяқ-қолын керіп қойып, өлімші етіп сабап, «Самалдың қасынан көрсем, жаныңды жаһаннамға жіберемін!» деген ескерту жасап алшаң басып кете барды. Бұл бар жағдайды мұғалім-



деріне, сақшыға мәлімдеп, басына қауіп төнгенін ескертіп те көрді. Бәрі тілдерін жұтып қойғандай үнсіз. Самалды ол ақыры тартып алды. Университет мұны оқудан шеттетті. Себеб Самалдың «сөз байласқан жігітім мені зорламақшы болды» деп берген арызы. Тыңдайтын құлақ, обал-сауапқа қарайтын адам жоқ. «Күштінің арты тиірмен тартады» деген сөзді білесің. Басына бәле таппау жағын ойла. Түрменің түбінде шірітуге шамалары жетеді», – деген еді бір ағайы жаны ашып. Диплом алуына екі ай қалғанда білім ордасына қоштасқан. Самалға жолығуға еш орай таппады. Жанын жегідей жеген азаппен намыс. Әлсіз болсаң құр намыс не керек, бәрі бір сол намыстың құрбаны боласың да кетесің. «Әлсіз құдайын қарғайды» деген осы екен.

Самалдың маңында анталап жүрген аңдушы көп. Біреулері жан үшін, біреулері ақша үшін. Теңдіктің себебінен басқа жігіттердің бірде-біреуі Самалға қарап сөйлеуден де қалған.

Бұл ендігіде Самалдың үйін торуылдап, апта соңында үйіне қайтуын аңдыды. Орай ақыры келді. Сенбі таңертең Самалдың әке-шешесі бір киерлерін киіп әлде бір жаққа аттанғанда, бұл аула ішіне секіріп түсті. Сағынысқан екі құшақ айқаса кетті.

– Енді мен сендік емеспін, жаным, – деп ботадай боздады Самал, – ол мені некеге алуға әке-шешемді көндіріп қойды. Үстіңнен берген арызды әке-шешемді бопсалаған соң, амалсыз жазғанымды сен сезді деп ойлаймын. Менің рухым өзіңмен мәңгі бірге. Самалың баяғыда өлген. Құр сүлде. Саған арнаған пәк денемді де рұхсатсыз ластап болған.

– Маған сенің таза жүрегің, пәк рухың ғана керек. Қашайық.

– Жоқ. Әке-шешеме қастық жаса-

удан тайынбайды ол қанішер. Түрікпеннің түбіне қашсақ та тауып алатынына көзім әбден жетеді. Маған сенің тірі жүргенің керек. Жүр, менің бөлмеме барайық. Самалыңның қасіретке толы жүрегін сүй де, ең шынайы сезімін ал... Армансыз аймала... Сен кеткен соң, жаны ғана бар, сезімі жоқ бұл тәнімді оның ойыншығы ғана деп білгін...

Самалды іздеп келген Теңдік қақпаны теуіп ашып, бұлардың үстінен түскенде құтырған иттей болып, көзі қанға толған бандит, мұны машинамен бір иен үйге апарып, құмарларынан шыққанша текпілеп сабап, хайуандықпен қорлап, денесіне мәңгілік таңба салды. Қанға батып жатқан жерінен біреулер тауып алып, үш ай емделіп, ажал ауызынан қайтты. Алматыда бір мезгіл сенделіп жүріп, Самалдың жақын құрбысына жолығып, көз жасын көлдете отырып, бір ауыз өлең жазып, аманаттап, Алматыдан қарасын батырған.

Шуақ берген Самалым,  
Барма басқа амалым.  
Өлмесем, егер бір күні,  
Өзіңді қайта табармын....

Сау бол. Басыңа бәле болмасын,  
мұны жыртып таста.

Тек сенің Қыдырың.

13.06.1996

\*\*\*

Түнімен дөңбекшіп, көрер таңды көзбен атырған Қыдыр ақсақал бүгін Самалды іздеп баруға дайындалды. Жуынып-шайынып, сақал-мұртын алып, Самал ұнататын ақшыл түсте костюм киіп, жасыл галстугын тақты. Самал алып берген маркадағы әтірді ғана тұтынатын. Лайықтап шашты. Базарға барып, сәлем-сауқыт, гүл алып, так-



сиге мініп, Самалдың мекен-жайына аттанды. Әрине, Самал өте ұнататын шоколад пен айранды да ұмытпады.

Бұл барғанда Жаңарсын есік алдында машинасын сүртіп жатыр екен. Шалды көріп қуанып қалды.

– Ассалаумағаликум.

– Уағалаикумассалам, тұлпарың қалай, балам?

– Жақсы жасап берді, ата. Сізге көп рақмет. Қазір лыпып тұр. Әдейлеп барып рақмет айтуым керек еді, үйіңізді білмеймін.

– Е, оқасы жоқ. Әлі талай барасың. Анаң үйде ме?

Дауысты естіп есік алдына шыққан Самал шашы аппақ қудай Қызырды тани қойып, қорыққан балаша дір-дір етіп, қалтиып сәл тұрды да, құшағы толатын гүлге де қарамай, еңіреп келіп бас салды. Жауыз күштің зорлығымен айырылған құшақтар қайта қауышты. Екеуі де жылап тұр. Қыдыр оны құшырлана иіскеді. Тосын жағдайға аңтаң болған Жаңарсын қаққан қазықтай қатты да қалды. Ағаш бұтағында тоқтаусыз сайрап отырған екі торғай мен аулада жем теріп жүрген қос көғаршын да тірліктерін тоқтатып, мойындарын сәл қисайта, бұл көрініске қадала қарап қалған... Сағынышқа, аңсауға толы қос жүректі сап-сапқа шақырып, екі қарт ғашық құшақтарын дәтке қуат әрең жазды. Қос көғаршын қанаттарын екі-үш рет сабалап жіберіп, ұша жөнелді. Қуанышқа ортақ болып, шапалақ соққандары сыңайлы...

– Құдай-ау, рас сенбісің? Жуырдан бері оң қабағым кырбындап тартып қоймап еді. Шыққыр көзім қате көріп тұрмаған шығар? – деп Самал шалға қайта-қайта қарайды. Оның бетіндегі үш елідей тыртықты сипап та жіберді. Адамның жанары солғындағанымен, тұңғыық сырға, шексіз мейірге то-лы

көз өзгермейді екен. Көзіңнен, бетіңдегі тыртықтан таныдым.

– Солай Самалым, мен Қыдырыңмын, қасыңа оралдым, – деп қалжыңға басты, – жоғалып кетпесін деп әлгі Сәбетқанның салған таңбасы бүгін мықтап ес қатты-ау деймін өзіңе.

– Ауызға алмашы сол сұмырайды. Не қып тұрмыз, үйге кірейік. Бүгінгі күнді атап өтейік. «Өшкенің жанып, өлгенің тірілді» деген дәл осыдан аспас.

Самалдың орамалының шетінен шығып тұрған самай шашын сортаң тағдыры мен ащы тұрмыстың уы әбден өндіре күйдіріп, қанық бояған. Белі бүгіліп, еңсесі түскен. Тек сол мейірлі жанары ғана «танысаң, Самалың мен Самалың» деп әндетіп тұр.

